



«Мәдени мұра»

Мемлекеттік бағдарламасының кітап сериялары  
Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті  
Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша  
шығарылып отыр

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ӘДӘБІ  
ЖАДІСТЕР

20 томдық

  
Ақмата  
БаспаҰйы

Алматы 2012

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.О. ӘУЕЗОВ АТЫНДАҒЫ ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ИНСТИТУТЫ

Амай

ДУҒА  
ҒАЗАЛДАР

17-том

  
Айнас  
Баспа Үні

Алматы 2012

*Қазақстан Республикасының  
Мәдениет және ақпарат министрлігі  
Ақпарат және мұрағат комитеті  
“Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару”  
бағдарламасы бойынша шығарылды*

Томды басуға М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының  
Ғылыми кеңесі ұсынған

РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚА:

Қасқабасов С., *төраға*  
Қорабай С., *төрағаның орынбасары*  
Жолдасбеков М.  
Жүсіпов Қ.  
Қалижанов У.  
Қирабаев С.  
Мағауин М.  
Сәбитова Г.

ТОМНЫҢ РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Әлібекұлы А.  
Елеуқенов Ш.  
Қорабай С., *жауапты редактор*  
Хамраев А.

Томды баспаға дайындаған: Т. Қыдыр

Сарапшы: Сүтжанов С., *филология ғылымдарының докторы*

ISBN 978–601–264–096–0 (17-т.)  
ISBN 9965–806–41–1

© Әдебиет және өнер институты, 2012  
© «Таймас» ЖШС, көркемдеу, 2012  
Барлық құқықтары қорғалған  
Басылымның мүлкітік құқықтары  
«Таймас» баспа үйіне тиесілі

## РЕДАКЦИЯЛЫҚ БАС АЛҚАДАН

М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде жарық көретін «Әдеби жәдігерлер» атты жиырма томдық басылымды дайындап, жариялау жұмысын жалғастыруда.

Аталған басылымның басты мақсаты – халықтың ежелгі заманнан бергі жазба мұралары мен әдеби жәдігерлерін сол күйінде өзіне қайтару, түркі халықтарына ортақ ежелгі және орта ғасыр әдеби ескерткіштері мен XV–XIX ғасырлардағы ақындар шығармаларын неғұрлым толық жариялау.

Оқырманға ұсынылып отырған «Әдеби жәдігерлер» сериясының 17-ші томына орта ғасырларда өмір сүрген көрнекті түркі ақыны Шайықзаде Атайидің «Диуан» атты ғазалдар кітабы еніп отыр.

Артында өшпес мұра қалдырған XIX ғасырдағы түркі ақыны, сопылық поэзияның ірі өкілі Атайи ата-бабалары өмір сүрген қазақ жерінде туған, шығармаларын қыпшақ сөздері аралас түркі тілінде жазған. Соған қарамастан оның шығармашылығы қазақ әдебиеттану ғылымында әлі күнге дейін арнайы зерттелген жоқ. Ал Атайи шығармаларын алғаш тауып, ғылыми айналымға енгізген, бірінші болып ақын мұрасы туралы ғылыми мақала жазған атақты түркітанушы-ғалым, академик А.Н. Самойлович болатын. Ол іздеп тапқан Атайи кітабының жалғыз нұсқасы қазір Ресейдің Санкт-Петербургтегі Шығыстану институтының Шығыс қолжазбалары бөлімінде 22 В-2456 нөмірімен сақтаулы тұр.

Атайи мұрасына қызығушылық орта ғасырлардан басталған. Түркі халықтарының ұлы ақыны, ойшылы Әлішер Науаи өзінің «Мәжәлисун-нәфәис» («Жақсылардың мәжілістері») атты шығармасында Атайи өмірінен деректер келтіріп, оның Исмайыл ата перзенттерінің бірі болғандығын айтады. Ал Исмайыл ата түркі ғұламасы Қожа Ахмет Иасауидің Ибраһим деген інісінің ұлы екендігін парсының ұлы ақыны Әбдірахман Жәми өзінің «Нәсәимул-мухәббәт мин шәмәил-футууәт» атты шығармасында атап өтеді. Қ.А. Иасауи ілімін жалғастырушылардың бірі болған Исмайыл ата қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысының Тұрбат деген жерінде туған. Исмайыл атаның ұлы Атайи де осы жерде дүниеге келгенімен, өмірінің маңызды бөлігін сол замандағы өнер-білім мен ғылымның орталығы болған Балх және Герат қалаларында өткізген. Ақын туралы бұдан басқа деректер жоқ.

Түркі тілдес елдерде Атайи диуаны ғылыми айналымға баяғыда еніп, бірқатар зерттеулер нысанына айналды. Бұл ретте А.Бомбачи, Ф.Көпірілзаде, Фитрат, Э.Рустамов, Н.Маллаев және т.б. Атайи шығармашылығы туралы ғылыми пікірлерін білдірсе, өзбек ғалымы С.Сайфулла Атайи поэзиясы туралы кандидаттық диссертация қорғап, 1995 жылы Ташкентте ғылыми монографиясын жарыққа шығарды, 2008 жылы сонда ақын ғазалдарын жеке кітап етіп бастырды.

Атайи өз ғазалдарын аруз ұйқасымен жазған. Санкт-Петербургте сақталған Атайи жинағының қолжазба нұсқасында ақынның 260 ғазалы берілген.

Томды түпнұсқа негізінде алғаш рет қазақ тіліне аударып, баспаға дайындаған белгілі түркітанушы жас ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр.

Кітапты дайындау барысында сол Алтын Орда дәуірінің әдеби тынысы мен стильдік ерекшеліктерін толық сақтау мақсатында барынша түпнұсқаға жақындатылып аударылды. Сондықтан да кітапта кейбір стильдік ерекшеліктер мен сөйлем құрылымдары сол қалпында берілді.

Томның ғылыми қосымшасында Шайықзаде Атайи кітабы нұсқасының факсимилесі, шығарма туралы түсініктеме мақала, түсіндірме сөздік, пайдаланылған әдебиет тізімі, орыс және ағылшын тілдеріндегі түйіндемелер берілген.

Томның көлемі – 480 б.

Ей, игілер айнасында өзін білдірген,  
Және өзі ол айнаға қарап, мені зар еткен.

Наргис<sup>1</sup> сынақтарында күпір, иман көрсетіп,  
Қүдіреті бір бүршіктен әрі тікен, әрі гүл еткен.

Желпінген қара кекілін мейірім хош иісінен,  
Шын<sup>2</sup> мускус<sup>3</sup>ының әсерленуімен татар еткен.

Ұзын бойлардың бұрым, халын(ан) дән мен ау жасап,  
Ғашық бейшараның көңілін кіріптар еткен.

Сұлулық бағында шамшид<sup>4</sup>тар иісінің құмарлығында,  
Жүрек иелерінің пікірін қайғы мен қамқор еткен.

Қылығы қылымсығандардың кірпігін найза етіп,  
Ауру жаралылардың жүрегін жаралы еткен.

Ай жүзді, Зухра көзді, бұрымы елде көңілінің,  
Мейірімін кем, жәбірін көп-көп еткен.

Бірубар<sup>5</sup>, пұттар аузын сөз сөйлетіп,  
Шеберлігінен әр мезетте жоқтан бар еткен.

Ләйләтул миғраж<sup>6</sup> қасында екі жай әкелдіріп,  
«Қаба қаусайн» одағынан хабардар еткен.

Дін иманымнан айырма соңғы демде мені,  
Ей, пұттар бұрымын беліме зуннар<sup>7</sup> еткен.

Қыл Атайидың жүзін әдемі аба<sup>8</sup> сұлулығынан қыл,  
Ей, Мұхаммедті екі әлемді бостан еткен.



---

<sup>1</sup> гүл аты

<sup>2</sup> Қытай

<sup>3</sup> хош иіс

<sup>4</sup> шөп аты

<sup>5</sup> яғни, Алла

<sup>6</sup> Миғраж түні

<sup>7</sup> мұсылмандардың қарамағында болған христиандардың беліне тағатын белбеуі

<sup>8</sup> ер адамдардың сыртқы ұзын киімі

Сұраймын Хақ Тағаладан, болсам деп сүйкімді бірлә<sup>9</sup>,  
Басымда қылсам алдында бірдей босаға бірлә.

Сұрасаң жан қауышу үшін алайын жаныма жүз Бейнет,  
Кісі Жүсіпті алмас па тегін тауар бірлә?

Сіздің, біздің арамызда ежелден жақын жаны-дүр,  
Жазмыш бізді айыра қоймас, бүгін-ертең мекен бірлә.

Не болды, ей, көзі отты, маған бір күймеді жүрегін,  
Қаншалық жақұттай қолыңнан жүрегім толды қан бірлә.

Шекер аузыңның тілегі болмысты байлай ма деп,  
Жоқ болу жолына қадам басты Атайи жоқ күмән бірлә.



---

<sup>9</sup> жалғаулық: мен, пен, менен, пенен



Өлтірер еді мені айырылу ойың болмаса,  
Не сүйіктімен қауышу бақытының үміті болмаса.

Ай, күн, зәрре<sup>10</sup> қарсы болар еді жүзіңе,  
Елітуші дидар-жамал, бұрым, қалың болмаса.

Сүймейтін еді адам әлемде сенен өзгені,  
Егер опа қылмақта ғашыққа қауышуың болмаса.

Ей, жамалдың сұлтаны, сұлулық аспан кеңістігінде,  
Тәңірден күні-түн сұраймын опат болуың болмаса.

Бихабар болса періште, көрген соң сені адам сана,  
Не ғажап, махшарда да сұрақ-жауабың болмаса.

Адамшылықтан емес болар, ол періден айырылып,  
Бұл тіршіліктен көңіл, егер ұялуың болмаса.

Айқай-шуыңнан Атайи, мағрифат етпе үміт,  
Ол ауыз, беліңнің ойы менен халің болмаса.



---

<sup>10</sup> атомдай, түйіршік, түйір

**Е**й, Құдай, мейірім жаса ол жан әлемім көңіліне,  
Бір әсер қылар менің зар еңіреуімнің көңіліне.

Қайғы дерт тауында азап тартқаным Фарһадтай,  
Болмады мәлім сол дәмді аузым көңіліне.

Опасыздықтан ашытқы болар едім, әттең,  
Сияр едім бір жолы ол мейірімсізімнің көңіліне.

Гүл секілді жан көйлегін жүз жамау қылды айрылу тікені,  
Таң елі түсіндір соңғы гүлістанымның көңіліне.

Көздерімнің жылғасын көз жасымның селі қылды пәк,  
Ықыласы болар ма ол ағар өзенімнің көңіліне.

Барша ит, құс рахымы келді дерт хәліме, бірақ,  
Келмеді рахымы жаман ойлы жолдасымның көңіліне.

Жардан сұрасам Атайи дертін, айтар дауа,  
Жеткілікті емес пе бұл менің құпия дертімнің көңіліне.



**Ж**амалың бейнесін қылдым чәмәндә<sup>11</sup>,  
Қызарды күл ұяттан мәжілісте.

Тілек тілегелі жақұтыңды көңілім,  
Кісі білмес оны, қалды қайда?

Себебі жанымнан артық сүйіктім сенсің,  
Керек емес жан маған сенсіз (бұл) тәнде.

Маған о дүниеде жәннәт не керек,  
Есігіңнің топырағы жеткілікті кебінде.

Алып барма мені, ей, Жүсіптей сұлу,  
Бүгін Жақыптай бәйтул-хәзәнда<sup>12</sup>.

Ұзын шашыңнан үзбеймін көңілді,  
Аяғың қайда болса, басым сонда.

Тілер ел жоғары мансап, бірақ,  
Атайи тұла бойыңа пенде.



---

<sup>11</sup> жасыл алқапта, жайлауда

<sup>12</sup> қайғы үйінде, қайғыдан қан жұтып деген мағынада.

Сүйінші берді танертең бұрымың самал желіңнен саба<sup>13</sup>,  
Жан хош иісті болды, көңілім тапты жүз түрлі сафа<sup>14</sup>.

Жүзіме сұрттім аяғын, жол топырағын көзіме,  
Дедім: Ей, жан жолдасы, әһлән уә сәһлән мәрхәба!<sup>15</sup>

Бүршік аттым қайғыдан, қолым етегіне жетпестен,  
Гүл секілді жан көйлегі қасіретпен болды қаба<sup>16</sup>.

«Жим»<sup>17</sup> бұрымың, «нун»<sup>18</sup> қасың жанға қастық етіп еді,  
Мәңгі болсын, мейірім етіп «әлиф»<sup>19</sup> бойың ара<sup>20</sup>.

Лала ұқсатса өзін кейпіңе кешірім ет,  
Жайлауда өз басына сүйген-дүр ол көңілі қара.

Қай аспанның мейірі бар-дүр, не сенің көңілінде рахым,  
Не аспан сүйікті ажары, не сенің дертің мәңа<sup>21</sup>.

Етегінде көргелі жолдан өтерде сабан жапырағы,  
Шырайын қылды Атайи қызғаныш елінде кәһраба<sup>22</sup>.



---

<sup>13</sup> таңғы самал, самал

<sup>14</sup> мөлдір, таза

<sup>15</sup> кош келдіңіз, мархабат!

<sup>16</sup> шекпен, шапан

<sup>17</sup> арабтың әрпі – «ж»

<sup>18</sup> арабтың әрпі – «м»

<sup>19</sup> Арабтың әрпі – «а».

<sup>20</sup> арасына

<sup>21</sup> маған

<sup>22</sup> асыл тас: янтарь

Қан болды көңіл ажырасуы бірлә<sup>23</sup>,  
Күйді жаным ынтызарлығы бірлә.

Бұрымың серігі жамал мүлкін,  
Алды көзің келісімі бірлә.

Бүршік сүйсініп тонына сыймас,  
Ұқсатсам оқың басы бірлә.

Мәжілісте арақтан ел мас болса,  
Мен сақи<sup>24</sup> жамалының жамы<sup>25</sup> бірлә.

Тос сұрауға шамамыз жоқ,  
Сақтан бір жолы айнала аяғы бірлә.

Ғашықтығыңда қара басым ағарды,  
Бір қарамады көз қарасы бірлә.

Көз ойнатып өтті көңілді,  
Екі қасының жұп-тағы бірлә.

Ғашыққа опа жасаң(ыз), бірақ,  
Қайғы-қасіреті жоқ, жарағы бірлә.

Игілерден Атайи мейірім қалар,  
Хандарға не іс жасағы бірлә.



---

<sup>23</sup> жалғаулық: мен, пен, менен, пенен

<sup>24</sup> шарап құюшы

<sup>25</sup> бокал, тостаған

Ақыр, ей, талиғ<sup>26</sup>, кенет бір назар қылсаң мәңа<sup>27</sup>,  
Және бұл болар зұлымдық шегі, шексіз жәбір-жапа.

Мен күнә қылмадым, Тәңірі білер қылсам дағы<sup>28</sup>,  
Міне келдім тәубеме, сенен кешірім, менен қате.

Ей, аспан, басың ба иілді, мақсатың не айт,  
Мұратсыздың мұратын қылмадың бір күн рәуа<sup>29</sup>.

Себебі сүйікті айрылуында еттің жүрегімді су,  
Ей, жаман бақытым не болды, жақсылық қыл, сал суға.

Жар төреші, мейлі білсін, не өзі білмесін,  
Ей, Атайи, шын ықыласыңмен сен қыл дұға.



---

<sup>26</sup> 1. бақыт жұлдызы; 2. жаңа туған ай.

<sup>27</sup> маған

<sup>28</sup> қайғы, қасірет

<sup>29</sup> жарамды, тиімді

**К**өзіндей бүлікші жоқ дәуір қамәр<sup>30</sup>дә,  
Ернiңдей тәтті жоқ қант-шекерде.

Жүзiнде таптым бар тiлегенiмдi,  
Тiлектер орындалар, сөз жоқ, сәхәрдә<sup>31</sup>.

Белгiң пiкiрiнде көңiлiмдi жұлдызшы,  
Көрер әр сәтте жүз түрлi қатерде.

Табылмас адам нәсiлiнен сендей,  
Жүзi ай, күн шығардан күн батарда.

Белiң ой-пiкiрiн байлауда,  
Көзге елестете алмас ел, бiрақ, қамәр<sup>32</sup>дә.

Көзiң, көңiлiмдi алуға талап қылса,  
Тұрыпты мiне әзiр, жан да назарда.

Атайиды сол ауру көздер,  
Ұстапты дауасыз ауру-сырқатта.



---

<sup>30</sup> ай жүзiнде, яғни өткiншi дүниеде

<sup>31</sup> таңсәрi

<sup>32</sup> белбеу, белдiк

**Е**й, көңілімді алған сүйікті, жаным пида болсын саған,  
Мәңгі тірі Қызыр менен өмірі мәңгі болсын саған.

Қылсам насихатты «күнә қан төкпе» деп, сөктің мені,  
Әрбір сөккеніңнің орнына жүз мың дұға болсын саған.

Қаншама жәбір-жапа қылдың маған бұл дүниеде,  
Махшарда мейірім кеңшілік Хақтан болсын саған.

Даулаушы жолдас қашан да хауариждық<sup>33</sup> қылса да,  
Жолдас жора, шынайы қолдас болсын саған.

Сұрасаң Атайи байқұсты, кей-кейде жақсы ат үшін,  
Ей, жан жолдасым, мәңгілік шаһтар қайыршы болсын саған.



---

<sup>33</sup> жаман діни ағым



**Т**амақтан өтер мұң-зарым түндерде,  
Білмес нетейін ол ай жамалым түндерде.

Бүршік атар айырылу дертінде көңілден,  
Демі шығар оқ секілді жарым(ның) түндерде.

Ауызы дәмі-дүр ақшам, таңсәрі тамақ-сусыным,  
Жақұт қайғысы-дүр құмарым қорғаушысы түндерде.

Айырылу серігі міне, ұрар жанға шәбихун<sup>34</sup>,  
Дүниені ұстар шаң-тозаңым түндерде.

Еске алсам ол әдемі қарақшы қара көзді,  
Қалмас нетейін, сабыр төзімім түндерде.

Қайғы бұрымында өлсем Атайи сақта, елге,  
Болады жар, мазарым түндерде.



---

<sup>34</sup> түнгі шабуыл, кенеттен шабуыл.

**Қ**ауышу үміті аяққа тұсау бізге,  
Лайық болмаса қаншалық бізге.

Сол бейне, ауыз ауру кезде,  
Ілтипат көрсетер гүлқант<sup>35</sup> бізге.

Ұмыттырды Қызыр мәңгілік суын,  
Сол жақұт шекер-қант бізге.

Не қатты қолым бар, алып жан,  
Көңілді қылмас ол байлаулы бізге.

Айырылу дерті қолында көрінбес,  
Шын Ельбрус<sup>36</sup> және Алуан<sup>37</sup> бізге.

Қылар «Нұр» аятын зұлмат ішінде,  
Белгілі қашанда ол Жәмбәнд бізге.

Атайидай шашы диуанасы біз,  
Насихатшы зая қылма үгіт бізге.



---

<sup>35</sup> глюкоза

<sup>36</sup> тау аты

<sup>37</sup> жер аты

**Е**й, бегім, Оллаһи<sup>38</sup>, керек емес тәнде жан сізсіз маған,  
Және Қызыр өмірі мен мәңгілік өмір сізсіз маған.

Ел тірі дейді мені, көңілімде ойға алсам, бірақ,  
Бұл тіршілікте болар жүз мың күмән сізсіз маған.

Сіз пұттар ханысыз, пендеңіз бір бейшара құл,  
Болмасын осы ұлыста хандар сізсіз маған.

Зорлығыңыз мейір, нәзік, дертіңіз емнің өзі,  
Мысалы егер өлтірсеңіз, мейірбан сізсіз маған.

Қосылуыңыз өмірім гүлі, ынтызарлықта мен бұлбұл,  
Жаз маусымында болар күз уақыты сізсіз маған.

Мен бұл жүз айырылғанмын, бақ-бостан кім болар,  
Болмасын нәсрин<sup>39</sup>, лала, арғуан<sup>40</sup> сізсіз маған.

Мен Атайимын Хусейни, көрік ішінде сен Хасан<sup>41</sup>,  
Кербала<sup>42</sup>-дүр жәннат бағының бостаны сізсіз маған.



---

<sup>38</sup> Алланың атымен ант ішу

<sup>39</sup> нәркес гүлдің ұксас түрі

<sup>40</sup> тал түрі

<sup>41</sup> Пайғамбардың немересі

<sup>42</sup> Ирактағы қаланың аты

**Е**й, өнер иесі, жеңілтектікпен наз фәніде<sup>43</sup>,  
Қылығың себебінен қалмады жаным денесінде.

Жетпейді, мен қамқорға жүз айырылу азабың,  
Қаншама гүл ашылса қауышу жайлауында.

Кенет көзім жанары иек шұңқырына түсті,  
Байланды көңіл Жүсіптей бұрымың талында.

Қойыңдар, мен Фирдаус қалаушы емеспін,  
Хош болар адамға болса орын өз отанында.

Дүр (ақ) тісіңмен мейірім таласқан күнәсінен,  
Салды суға сүңгуір оны Адн<sup>44</sup> теңізінде.

Игілер жиылып әсем, сүйкімді шарабын ішсе,  
Мәжіліс бегі сен боларсың, олардың жиынында.

Күмәнсіз періште қылады қабырында сәжде,  
Ізіңнің топырағы болса Атайи кебінінде.



---

<sup>43</sup> өнер

<sup>44</sup> пейіш аты

Өмірім соңы бітті қасірет, қайғыменен,  
Қарсы алдында отырмадым ол көздері сиқырменен.

Мен қалай ұқсатайын ол жүзді ай, күнге,  
Теңдесі жоқ, нұрлы жүзінің айнаменен.

Тұлғаң әдемі, бірақ екі көзімде жақсырақ,  
Сәру<sup>45</sup> себебі жақсы көрінер болса ағар суменен.

Көздері көңілімді алар, қалы басар жаныма дақ,  
Ей, мұсылмандар, нетейін ол сиқыршы кәпірменен.

Неше қан жылап Атайи сөйлесе дерт ділін,  
Өткізер ол тасбауырлы алдамшы күлкіменен.



---

<sup>45</sup> қарағай тұқымдас ағаш.

**Е**й, қайғы дертің қашанда рахат дәрумен маған,  
Аяғың топырағы мәңгілік суының жолы маған.

Үлкен мейрам мұбарак мәңгілік өмірменен,  
Егер қасың талы үшін болғын десең құрбан маған.

Ынтызарлық теңізінде суға баттым, рахым ет,  
Ей, Шын бұты, сөзі жалған, соңы жоқ уәде маған.

Болар еді Жүсібім айырылу азабында шафиғ<sup>46</sup>,  
Хал зарымды көріп Кенан<sup>47</sup> пайғамбары маған.

Тәрбиеледім көңілді біз өзіме жар деп,  
Опасыз игілерді сүйді, болды жанға қас маған.

Бұрымыңыз шынжырының диуанасымын мәңгілік,  
Бермесін көп бас ауруын бұл ақылы азған маған.

Мен Атайимын ерінің сипатында, аң-таң қалар,  
Шырын рухымен Хұсрау, тіпті Үндістан маған.



---

<sup>46</sup> шапағат етуші

<sup>47</sup> көне шаһардың аты

**К**өзім сүйді жүзінді шын сенімменен,  
Көрер бұл Хотан мускусын<sup>48</sup> шашың қара түсіменен.

Бойыңды сәру оқымақ елге әдет болды, біоак,  
Эрам<sup>49</sup> көшеті не теңеу, бұл қарапайым дужеменен<sup>50</sup>.

Жамал патшалығын алдың шынайы мейіріміңменен,  
Патшалық мәңгі болар, шаһ әділ сотыменен.

Мұратым ол көзі аяр, бар назары,  
Жасырын мұратсыз міскін ғашығыменен.

Жазықсыз өлді кірпік жебесінің жапасынан,  
Ішің(із), Атайи серігінің пиаласының жадыменен.



---

<sup>48</sup> кейбір жануарлардың ұрық безінен шығатын хош иісті зат

<sup>49</sup> көне қала

<sup>50</sup> өсімдік аты

Сиқыр көзің бар оның бүлікші қасында,  
Біріккен наз бен айла болар пікір басында.

Кірпіктерің түйіссе талайды көңіл елін,  
Тонау, ия, екі әскердің соғысында.

Ей, жүрегі тас, көңілім елін етпе ойран,  
Суретің салынады оның іш-сыртында.

Есікте иттерің маған міндет қылады, аһ,  
Ешкім болмасын адамның тон асында.

Өмір сүру құралы қылғалы ол жүз көрерменін,  
Аң-таңда халайық Атайи өмір сүруінде.





**Н**е лайық болар бұл, михраб<sup>51</sup> ішінде отырып,  
Өлтіреді мен дұғашыны көзің қарап тұрып.

Бір тоя көремін деп, толысқаныңды толған ай,  
Түндігіңде отырап, таң атқанша мендей телміріп.

Тістеріңдей Оман дәнінің ішінде таппады,  
Қаншама рет қалады міскін маржан аузы құрып.

Неше шынжыр байласам көңілім үйінің есігін,  
Нетейін, қайдан келер бұрымың пікірі бас ұрып.

Гауһар рухы тегін білмеді сөз иесі,  
Пенде бір сөзбенен кенет білді аузыңнан сұрап.

Кірпігің жебелерінен сақтанар көңілім, бірақ,  
Бір атып, жазбас нышанын екі аярың солай ұрып.

Шексіз білместігінен талапкер кәпір болар,  
Егер сәжде етеді Атайи сізге Хақ нұрын көріп.



---

<sup>51</sup> мешіттегі имам тұратын жер

**Н**е жансың, ей, пері ренді мэхбуб<sup>52</sup>,  
Барша бастан-аяқ талғамға сай, мэрғуб<sup>53</sup>.

Саған берсін Тәңір Нұх өмірін,  
Маған да алыстығыңда сабырын Аюб(тың).

Мұратым орындалмасын әсте лайық,  
Көңілде сенен өзге болса мэтлуб<sup>54</sup>.

Бұл қайғы бізде, бұл әдемілік сізде,  
Сені Жүсіп десін, бізді Жақып.

Сүйеді жәбір мен мейірімін Атайи,  
Себебі игілерден кім келсе, болар хуб<sup>55</sup>.



---

<sup>52</sup> сүйікті

<sup>53</sup> сапалы, сапасы жоғары

<sup>54</sup> сұралған

<sup>55</sup> жақсы, игі

Әр уақыт шықпа маңғаз жүзіне бұрымың салып,  
Түспесін Ислам ішінде зуннар<sup>56</sup> салтын салып.

Бұл жан сыйлар ерін мен сүйкімді сұлу сенде,  
Не сені Жүсіп десін, не Мәсих<sup>57</sup>, не Хәбиб<sup>58</sup>.

Ұлық жәннатта көңілім таппайды сенсіз тыным,  
Нетсін гүл, болмаса шынында жайлауда бұлбұл.

Егер барар болсаң, мені өлтір, сосын бара бер,  
Бір жола алдыңда өлейін, өлгенше сенен айырылып.

Кес басымды, жерге сал, жатсын қара бұрымың жауып,  
Егер қарар болсам жүзіңнен өзге жүзге қайырылып.

Ғашықтық дертің егер осы, түсті жаныма менің,  
Менің тірілгім жоқ, босқа жан тартар ракиб<sup>59</sup>.

«Атайи берме жарыңа жан», – десе де ел қаншалықты,  
Мен нетейін басыма артық жанды жанымнан алып.



---

<sup>56</sup> мұсылмандардың қол астында жүрген христиандар тағып жүретін белбеу

<sup>57</sup> яғни, Иса пайғамбар

<sup>58</sup> яғни, Мұхаммед пайғамбар

<sup>59</sup> бәсекелес

**К**өзіңнің алдында жоқ пәледен өзге жолдас,  
Қауышпақ арманында және дұғадан өзге жолдас.

Таң самалы келтіргелі бұрымың самалынан иіс,  
Көңіл қаламады ешқашан таң самалынан өзге жолдас.

Қаншама қалады дерт қайғың жолдас, жары,  
Бірақ табылмады бұл ынтызарлықтан өзге жолдас.

Көзің неткен көз тартатын қарақшы, қашанда,  
Қасында жоқ оның оқ, жайдан өзге жолдас.

Көңілді пәле тікенімен быт-шыт қылайын,  
Егер үміт етсе сүйіктіден өзге жолдас.

Итіңе әр түні таңға дейін есікте жатқанда,  
Қане, бәрі етер байқұстан өзге жолдас.

Атайи көздеріне жар аяқ топырағың болар,  
Көзге лайық емес, сүрмеден өзге жолдас.



Сенсіз бұл әлем қызығы, қайғы маған, ей, дос,  
Шаттығы мен Бейнеті қайғы маған, ей, дос.

Жомарттық, мейірімінді сен егер менен аясаң,  
Қорлық-зомбылығың жомарттық, мейірім (болар) маған,  
ей, дос.

Дидармен көнбіс емес едім, бірақ айырылуың,  
Өте көп азап берді, аз болды маған, ей, дос.

Көңілім жүзін зорлықпен солай сенен айырамын,  
Ақыры қанша бұл қорлық-зомбылық маған, ей, дос.

Адамға сені ұқсата білмеймін, перісің,  
Анардай бегің Эрам бағы болар маған, ей, дос.

Құй Жәмшид қиссасының тостағанынан,  
Егер болса тостағанның аз мүлкі маған, ей, дос.

Аузыңа пида жан, жымыып тұрып айтар:  
«Қашанда, Атайи, қай жәннат маған, ей, дос».



**Е**й, ай жүзің пенделері бақыт, сағадат<sup>60</sup>,  
Сұлулығың секілді мейірім саған әр мезет зиядат<sup>61</sup>.

Егер болса саған жәбір-жапа солай міндет,  
Болды маған және мейірім, опа кәсіп, әдет.

Мен жақұт ернің талабын тәркі ете білмеймін,  
Қаныма егер талапкерлер берсе шаһадат<sup>62</sup>.

Бұрымыңды сүйіп, жүзіңе сәжде етермін,  
Қылса не ғажап, Шын елінен пұтқа ғибадат.

Шарапханада зәкір салып отырды Атайи,  
Бергенінше пұттар еліне дәсте ирадат<sup>63</sup>.



---

<sup>60</sup> бақыт

<sup>61</sup> артық, көп

<sup>62</sup> күәлік, растау

<sup>63</sup> қол тапсыру, бар ықыласын беру

**Е**й, мусхафты<sup>64</sup> сұлулығыңа меңіңнің нүктесі аят,  
Ислам еліне болды жүзің нұрлы һидаят<sup>65</sup>.

Сен хорсың ба, не періште, ей, дәуірдің сүйкімдісі,  
Не, сұлулығыңа бар соңы, не мейіріміңе ғаят<sup>66</sup>.

Егер сұлулық бұл болса, саған бар, кес бұл тілімді,  
Жүсіп сөзінен қылсам егер азғантай хикаят.

Бұрымың ұзыны қылады жанға көзің қасд<sup>67</sup>,  
Шын<sup>68</sup> әскері кәпірге болар, сөз жоқ, химаят<sup>69</sup>.

Егер жан әлемі әруаққа шықса,  
Қылар ернің адамға тіршілікті кифаят<sup>70</sup>.

Біз барша ақсүйектерін бұл мезет аузыңда көрерміз,  
Уағыздаушы не айтса да, Иса туралы қылды риуаят.

Мейлі жәбір жаса, не мейірім, қылар шүкір Атайи,  
Себебі жоқ алдында оған шексіз шикаят<sup>71</sup>.



---

<sup>64</sup> яғни, Құран

<sup>65</sup> тура жол

<sup>66</sup> соңы, шегі

<sup>67</sup> талап, ынта

<sup>68</sup> яғни, Қытай

<sup>69</sup> қолдау, қорғау

<sup>70</sup> жеткілікті

<sup>71</sup> шағым

**Е**й, сұлу наз, сүйкімді шарабынан қашанда мас,  
Жақұтыңның ойыменен көңіл болды мәйпәрәст<sup>72</sup>.

Нұрлы толық ай келбетің алдында бүтіндей,  
Биік тұлы бойыңның алдында пәс-пәс<sup>73</sup>.

Аузың, көзің хикасын бастасам, болар,  
Мәжіліс ішінде пісте мен бадамға шекәст<sup>74</sup>.

Шын<sup>75</sup> мускусы<sup>76</sup> базарында байлаулы болар,  
Осылайша, болар сенің қара бұрымыңа гер-у бәст<sup>77</sup>.

Балық –дүр, Атайи көзінің кірпіктері,  
Жас теңіз ішінде болғалы бұрымың жіп шәст<sup>78</sup>.



---

<sup>72</sup> шарапқұмар

<sup>73</sup> қысқа, төмен

<sup>74</sup> жеңілу, ұтылу; сәтсіздік

<sup>75</sup> Қытай

<sup>76</sup> кейбір жануарлардың ұрық безінен алынатын хош иісті зат.

<sup>77</sup> байлаулы, тұтқын

<sup>78</sup> қармақ, яғни мұнда бұрымың қармақ жібі болды деген мағынада.



Қаншалықта болса жарда тәкаппарлық, қайғы, мәртәбәт<sup>79</sup>,  
Пенденің алдында қашанда пақыр, мұқтаж, мәскәнәт<sup>80</sup>.

Ғаріп болсаң өзіңе біл, пақыр фәна<sup>81</sup> мақамында,  
Жүрек иесі табалдырығын тәж, тақ және салтанат.

Егер сен өзіңді танысаң «мән әрәфә»<sup>82</sup> сүлікінде<sup>83</sup>,  
Патша, байлық саған болар ағайын, бауыр, мемлекет.

Ашуынан секем алып, етпе көңілді үмітсіз,  
Мейірімі артық (болар) оның жетсе уақыт мәрхәмәт<sup>84</sup>.

Пірмұған аяғының шаңын көзге сүрме қыл,  
Көз бұл жүруден ашылар, біл мұны, тура мәсләхәт<sup>85</sup>.

Шын көңілмен сүйіктісін сүйсе мухиб<sup>86</sup>, білер анық,  
Барша тауқыметі – рахат, барша зияндығы – мәнфә әт<sup>87</sup>.

Екі жаһан құлшылығы ма Атайи дүниеде,  
Аймақ патшасы алдында мадақ, сәна<sup>88</sup>, мәнқәбәт<sup>89</sup>.



---

<sup>79</sup> мансап, дәреже

<sup>80</sup> кедей, мұқтаж

<sup>81</sup> жоқ болу, яғни сопылықтағы ең ұлық мақам.

<sup>82</sup> Аят: «кім өзін таныса...»

<sup>83</sup> жолында, яғни тариқатында

<sup>84</sup> мейірім, жомарттық яғни оның мейірім уақыты келген уақытта деген мағынада.

<sup>85</sup> ақыл, кеңес, яғни достық ақыл-кеңес деген мағынада.

<sup>86</sup> сүйген жан, сүйікті жар

<sup>87</sup> пайда

<sup>88</sup> мадақ, яғни тек Алланың ұлылығына ғана айтылатын мадақ.

<sup>89</sup> мақтанарлық іс

**Ж**үзінді, ей, сұлулық патшасы, бір аш,  
Тойып көрсін сені бұл лайықты аш.

Нетейін мен қымсынуыңнан, әр қашан,  
Тиеді жаныма көз көңілімді алғач<sup>90</sup>.

Гүлістанша шығар көйлегінді,  
Таң самалындай гүлменен ойна суймач<sup>91</sup>.

Бәнәфшә<sup>92</sup> қылса бұрымыңмен дау,  
Иілді бойы желден, көп жеді каж<sup>93</sup>.

Қалайсың, әлем долданса деп,  
Замана сүмбіліңді гүлменен шаш.

Қара шашың көңілге келсе деймін,  
Қарарыма, батыл бол басың(ды) ал қаш!

Атайи сүйгелі киік көзінді,  
Оған ау салмады әсте көзі қыймас.



---

<sup>90</sup> алған соң, яғни көңілімді жаулап алған соң деген мағынада.

<sup>91</sup> аймаласып

<sup>92</sup> фиалка

<sup>93</sup> шапалақ, опық жеу.

**Е**й, өрілген бұрымынан жанымда жүз мың пич-пич<sup>94</sup>,  
Сұрамасаң бір сәт бұл құлды, барып сұра кеш-кеш.

Дауласар еді жұлдызшы ноль<sup>95</sup> аузыңның нүктесін,  
Әңгіме түйінін сұрап едім, айтар еш-еш<sup>96</sup>.

Жаралы көңілім жаққа келсе қайғың тәзім етіп,  
Деймін: «Ей, ежелгі досым, қош келдің кеш-кеш».

Егер қаласаң сұлулық патшалығын алсаң екі дүниеде,  
Ғашықтың құпиясын еліктеулерден шеш-шеш<sup>97</sup>.

Бұл Атайи ертеңгі (күні) шынайы берілген кәрі құл саған,  
Неткен жігіттік, ол туралы еске аларсың кеш-кеш.



---

<sup>94</sup> ирек, бұрама

<sup>95</sup> яғни, мұнда жардың аузын дөңгеленген нольге теңеп тұр

<sup>96</sup> яғни, еш нәрсе

<sup>97</sup> яғни, таңда, айыра біл.

Ей, нұрлы келбетіңнен шам ұялар әр сабах<sup>98</sup>,  
Сұлулық, сүйкімділіктің шығуына жүзің (болар) ифтитах<sup>99</sup>.

Ол құрметті көздерің мен ернің дәуренінде,  
Болды қан төгу халал, шарап ішпек мубах<sup>100</sup>.

Болмаса ғашық үшін шараптан егер жан рахаты,  
Демейтін еді араб нәзіктері атын рах(ат)<sup>101</sup>.

Пенде, ықылас, шыншылдық, куәгер алдында сәжде,  
Діндар, екіжүзділік, рия, діндарлық, тақуалық, сәлах<sup>102</sup>.

Көргелі тұла бойыңды жол жүргенде наздана,  
Тәркі етті мешітті, болды азаншы бифәлах<sup>103</sup>.

Болғалы бұрымың серігі барша, ей, игілер бегі,  
Жүз түмен мың шын ғашық көңілі жүрек пен жәнах<sup>104</sup>.

Егер оқыса мәжілісте өлеңші Атайи өлеңін,  
Гүл, шеңгел құшар, қылар күн мен ай зәуқ-у чәрах<sup>105</sup>.



---

<sup>98</sup> таң, таң сәрі

<sup>99</sup> ашушы

<sup>100</sup> шарифатта рұқсат берілген

<sup>101</sup> яғни, мұндағы «рах» деген сөз рахат сөзінің түбірі, соны айтып отыр.

<sup>102</sup> жақсару

<sup>103</sup> жеңіссіз, құтқарушысыз

<sup>104</sup> қанат, қол

<sup>105</sup> сауық-сайран

Әруақ үрейде болған сол күні,  
Сарайы «кунту кәнзән»<sup>106</sup> тапты мифтәх<sup>107</sup>.

Жағылды ортада Адам мушкаты<sup>108</sup>,  
Болмысың болды ол мушкатта мисбәх<sup>109</sup>.

Пайғамбарлық бабының құлып пен кілті,  
Саған тапсырды соңғы демде Фәттаһ<sup>110</sup>.

Тоғыз әлемнен бір түнде өттің,  
Сәйр сүлік<sup>111</sup> ішінде, ей, рухул-әруах<sup>112</sup>.

Ия, сен «Рәхмәтән лил-’әләминсін»<sup>113</sup>,  
Жасадың заһир<sup>114</sup> мен батынды<sup>115</sup> ислах<sup>116</sup>.

«’Әллийун бабуһасын»<sup>117</sup> «шәһр-е хикмәт»<sup>118</sup>,  
Есігіңнің қайыршысымын, қыл илһах<sup>119</sup>.

Жетеді ол есіктің Кәусәрінен,  
Атайыға бір сәт толғанда ақдах<sup>120</sup>.



---

<sup>106</sup> Аят: «Қазына едім...»

<sup>107</sup> кілт

<sup>108</sup> шырақ тұру үшін арналған арнайы қуыс жер

<sup>109</sup> шам, шырақ

<sup>110</sup> яғни, Жаратушы

<sup>111</sup> сәйр сүлік, яғни тарикатта жүру.

<sup>112</sup> рухтар рухы, мұнда Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр.

<sup>113</sup> Аят: «Әлемдер үшін мейірім...»

<sup>114</sup> сырты, яғни сыртқы әлем

<sup>115</sup> ішкі, яғни ішкі әлем

<sup>116</sup> түзу, түзету, яғни түзеттің

<sup>117</sup> «Баптардың үлкені»

<sup>118</sup> «хикмет қаласы»

<sup>119</sup> өтіну, яғни өтініп сұра

<sup>120</sup> тостағандар, бокалдар

**Е**й, сұлулық кілемінің ішінде барша игілерден зийад<sup>121</sup>,  
Жоқ па айырылу сергелдеңінде бізге қауышудан гешад<sup>122</sup>.

Бұл әлем бес күн айырғай пендені сізден, бірақ,  
Мәңгілік таба алмайды өзге ежелгі и'тиқад<sup>123</sup>.

Себебі тапты ғашықтық дерттің ләззатын қайғылы көңіл,  
Пікірімді содан кейін қылармын қайғыменен шад.

Беттегі жазу ма ол, әлде сұлулық жамалының жазушысы,  
Гүл жапырағының үстіне жазды мейірім шаһбәйтін<sup>124</sup> сауат.

Діндарлар, сарай хор (қыздар)ы мен Кәусар, Туба<sup>125</sup> саған,  
Бізге сүйікті дидары болар дүние-ақиреттен мұрат.

Барша ел жәннат сұраса, Тәңіріден махшар күні,  
Мен игі жақсылардың арманында фарийад-у дад<sup>126</sup>.

Ол тұлға мен жамалға Атайи сенімдісің дүниеде,  
Расында, жоқ сендей шын берілген и'тиқад<sup>127</sup>.



---

<sup>121</sup> көп, артық

<sup>122</sup> бостандық

<sup>123</sup> сену, илану

<sup>124</sup> өлең жол, негізі өлеңжолдарының ішіндегі ең сәтті шыққан жолын атайды.

<sup>125</sup> жұмақтағы ағаш

<sup>126</sup> айқай-шу, яғни мұнда зар еңіреп жылауды айтып отыр.

<sup>127</sup> сену, илану, яғни мұнда сенімде болған деген мағынада.

**К**ел, ей, пұтым, болды және ерте көктем мен айт<sup>128</sup>,  
Хош болар адамға сүйіктімен қауышу айт<sup>129</sup>.

Бір мезет ол бетперде жүзіңнен күн ұялар,  
Жыйна мәжілісте гүл, лала мен айт.

Бер, бұл шөліркегенге жақұтыңның мөлдір суынан,  
Мейрам болса, жиналса дәмді шарап пен айт.

Жан ойнайын көзіңнің екі кә'бәтіне<sup>130</sup>,  
Дәстүр еді қадымда қашанда құмар мен айт.

Жаның үшін Атайыға көп берме ынтызар,  
Рухтың азабы болар ынтызар мен айт.



---

<sup>128</sup> мұнда мейрам деген мағынада.

<sup>129</sup> яғни, сүйіктімен қауышу мейрамы

<sup>130</sup> нардың екі тасы

Ей, шашыңның құрметіне түсті аят «хәблүл уәрид»<sup>131</sup>,  
Сұлулық билігің үшін жан дерті «һәл мин мәзид»<sup>132</sup>.

Еркелік жебең сауыт қылды көңілдер толқынын,  
Жан қасың жасына құрбан, ей, жамалың моһ-е ́ийд<sup>133</sup>.

Дүниеде, жетер, баспанасыз кездік, таппадық,  
Қауышу бақытына махаббат есігінен өзге кілт.

Егер шешімсіз көздерің ақ үй ішінде ойнаса,  
Мен келіп солдан көз қарашығыңа деймін «дид-дид»<sup>134</sup>.

Пір болдым қасіретіңде қайғыдан ынсапқа кел,  
Тәңірілік жоқ па, жігіт сен қылма мұндай наумид<sup>135</sup>.

Ей, оқытушы, мен қарадан ақты айыра алман,  
Ләухашалла<sup>136</sup> қарғалар бағы, мадағы бағ-е Сефид<sup>137</sup>.

Сүйгені өткір көзінменен ерніңді жанменен,  
Шарапхана пірі Атайи алдында болды мүрит.



---

<sup>131</sup> Аят: «Күре тамыр...».

<sup>132</sup> Аят: «Тағы басқа бар ма?».

<sup>133</sup> ай мейрамы

<sup>134</sup> кара, назар сал

<sup>135</sup> үмітсіз

<sup>136</sup> Алла сақтасын!

<sup>137</sup> ақ, яғни ақ бақшасы деген мағынада.



Сүйікті, жақұтың шарабы болар Кәусар суынан мақсат,  
Тұла бойыңның қайғысы ерте піскен жеміс қуанышынан  
мақсат.

Бір қарағанда ойран етер жүз көңілді зұлымдықпенен,  
Көздерің болар, ей, пұтым, Хайбар<sup>138</sup> кәпірлерінен мақсат.

Аһ, бір күн бұл қара басыма не жеткізеді,  
Бұл көңілім қалайды ол муэнбәр<sup>139</sup> бұрымынан мақсат.

Кенет қанжар тартпасын нәзік белің, қымсынуың жетер,  
Егер мені өлтірмек болса осы қанжардан мақсат.

Оманға бос жала болар, маржан сонда болар,  
Тістерің маржаны болар, дымқыл інжуден мақсат.

Мен қалау кезінде өлемін зұлымдықпенен,  
Себебі табыс өлмес сен залымнан мақсат.

Мен өте міскінмін, ал сіз сұлулықпен шіріген бай,  
Айып емес, көз салса міскіндер дәулеттілерден мақсат.

Игілер мейірім кеңшілігі болар, ешкім көрмеді,  
Алхимиктер деген қызыл сіріңкесінен мақсат.

Мақсатсыз бол Атайи, сүйіктіңнің жолында,  
Сүйікті оқ болар, шынайы ғашыққа сүйіктіден мақсат.



---

<sup>138</sup> жердің аты

<sup>139</sup> Кит тұқымдас ірі теңіз жануарларынан алынатын хош иіс

Адамды жоқтықтан Құдай жасады мәужуд<sup>140</sup>,  
Жамалыңды білдіру еді негізі ғойат-е мақсуд<sup>141</sup>.

Аузыңды сөз иесі жоғалған дейді,  
Дейді беліңнің атын жоғалған не мәужуд<sup>142</sup>.

Мен ауруды бір қолдау үшін сұрағаныңыздан,  
Сізге не зиян болар, егер маған болса суд<sup>143</sup>.

Өртенген еді жамалыңның ыстық отында көңілім,  
Жан дертіне иек алмақ болмаса бейбуд<sup>144</sup>.

Фердауси Туси қандай шағым жасар еді,  
Егер Аяз хаты болмаса «Шахнама-е» Махмуд.

Сақи алып кел, ол қызғылт отты, ол жақсы,  
Хош иісті демі таңсәрі мен зәмзәмәи ʿуд<sup>145</sup>.

Шәһидпен бір болса Атайыға не кінә?  
Бірігу жолында екті гул-е шаһид-у мәшһуд<sup>146</sup>.



---

<sup>140</sup> бар болу, мұнда бар жасады деген мағынады.

<sup>141</sup> Мұраттың негізі

<sup>142</sup> бар болу

<sup>143</sup> пайда

<sup>144</sup> жақсару

<sup>145</sup> Шекті аспап, яғни шекиі аспаптың әуені

<sup>146</sup> Шаһид яғни көрген мен көрінген гүлін екті деген мағынада.

Сол Жаратушы, жаратуынан жамалының көрінісі етер,  
Жүзіңнің сұлулық мақсатынан жүз кемел мәлім етер.

Қара бұрымыңның қаралығынан кәпірлік белгісін нышан етіп,  
Иегінді Мұстафа нұры, меңінді де Біләл етер.

Халилұлы секілді құрбан етуге ғашықтық батылын,  
Жамалыңнан етіп мейрам, қасың оғын һилал<sup>147</sup> етер.

Ақиқатта сыртқы киімге көңіл бөлінсе,  
Неге Құрметті Еріктінің<sup>148</sup> киімін ескі шәлі етер.

Махаббат шербеті егер ішуменен лайық болса,  
Кербала Хусеиніне не үшін қанын мөлдір етер.

Жам, Жамшид, Фағфур, Кейкаустың бажынан<sup>149</sup>,  
Байлық қаһраманынан көзінді ойран етер.

Атайи сен Хақ бірлігін, шамаңды біл, әттеген-ай,  
Оның мадақ пен шүкірі ақылды құлды соқыр, мылқау етер.



---

<sup>147</sup> жаңа туған ай

<sup>148</sup> мұнда Мұхаммед пайғамбарды айтып отыр.

<sup>149</sup> Зороастризм дінінде салынатын зікір.

**О**л айтады барша әлемде жеңімпаз сұлулық болар,  
Қауышу мақсатының соңы мен талабы (да) сұлулық болар.

«Әхсәни тәқуим» мен<sup>150</sup> «куллун жәмилун» сырын,  
Түсінген ғаріпке дайындық пен ғайып (та) сұлулық болар.

«Кунту кәнзән» пердесінде ғаріп пен ізгіліктің,  
Құпиясын жария етпекке талаптану (да) сұлулық болар.

Кеңістік әлемі мен барша әлемнің күнін,  
Жаратқан сұлтан мен планеталар патшасы (да) сұлулық болар.

Мысыр шаһарында Зұлайханы құрметті Жүсіп үшін,  
Қор қылған жер түбінен және шығарған (да) сұлулық болар.

Етуші ерікті жанды құл, сұлтандарды кедей,  
Бір қарағанда барша ғажайыптың көрінісі (де) сұлулық болар.

Бұл жамал, Атайи сізде көрді содан соң,  
Өзге игілер не десін, яғни ие (де) сұлулық болар.



---

<sup>150</sup> Аят: «Әдемі жараттық...»

**Б**ұл перім пұт секілді күмәнсіз мәхз-е рухдур<sup>151</sup>,  
Қызыр жақұтының мәңгілік суы, кәдд-е ʼумр-е Нухдур<sup>152</sup>.

Көздерінің сипатын өз не айтайын әр бұрышта,  
Көздерінің найзаларынан жүз көңіл мәжрухдур<sup>153</sup>.

Егер нәзік кедейлер шаһынан мейірімдік қаласа,  
Тұтқын және айып етпеңіз береке есігі мәфтухдур<sup>154</sup>.

Бізді игілер есігінен қайтармаңыз ешқашан хәкім,  
Ақыл күші ғашықтық муфтиінің алдында мәжрухдур<sup>155</sup>.

Жар Атайи көңіліне келсе абыржыма жан,  
Оңаша сұхбатта бөтен азаб-е рухдур<sup>156</sup>.



---

<sup>151</sup> рух сияқты

<sup>152</sup> Нұх өмірінің өлшемі, яғни Нұх пайғамбардың көп өмір сүргендігін меңзеп отыр.

<sup>153</sup> жаралы

<sup>154</sup> ашық

<sup>155</sup> жаралы

<sup>156</sup> рух азабы

Әр жаралы жүрек ол толған ай жүзіне қарар,  
Тоймас көзі, күйер тәні-жаны және қарар.

Таппас жүзі гүл секілді түсті әрі сулы,  
Бақ-бостанда қаншама таң самалына қарар.

Қадамас назарды тура маған теңселіп, бірақ,  
Сығылап қарарда жан тамырын қия қарар.

Ғашықтардың пақыры кім десе кісі,  
Көп ойға берілер, бірақ соңында маған қарар.

Тәзім етер Атайыға шарап сатушы пері секілді,  
Не қайғы егер қорлықпен парса<sup>157</sup>, парса қарар.



---

<sup>157</sup> діндар

Жүзіңнен Ризуан бақшасы болыпты,  
Ерніңнен мәңгілік бұлағы болыпты.

Жамалың мұсхафының<sup>158</sup> аятынан,  
Кенған Жүсібінің оқиғасы болыпты.

Бұрын өзі бар еді сұлу жамалың,  
Алайда енді бірнеше жүз болыпты.

Ежелде бір жұтым су тамыпты ерніңнен,  
Бүгін аты жаһанда жан болыпты.

Қына түсі ме еді бармақтарыңда,  
Не ғашық өлтірерде қан болыпты (болып па)?

Мәңгі мас (болып) жатар михраб<sup>159</sup> ішінде,  
Әлде кәпір көзің тархан болыпты (болып па)?

Қараңғы түнде кең шапан ішінде,  
Жүзің ай, көзің шолпан болыпты.

Атайи айжүзділер арманында,  
Аспан әлеміндей тұтқын һәм кезбе болыпты.



---

<sup>158</sup> Құран

<sup>159</sup> Мешітте имамның тұратын орны.

Өтерде көз ұшынан бірер назар салар,  
Парасат шығар жолынан, ақыл-есі шекара қылар.

Неден көңілге махаббатты берді шамадан тыс,  
Сол, сұлулықпен көңілін қара тас қылар.

Қарағаннан көңілдің жарасын жазбас,  
Неге жүректі жапа ұшыменен жаралы қылар.

Кетірсе шырын күлкіге шараптай қызыл жақұтын,  
Жүз жылғы шайқы, әулиені шарапқор қылар.

Атайы сырын қаншалықты елден жасырар,  
Мыңдаған қан жасы, жүз жерде әшкерә қылар.





Сүйікті, кел, сауығыңнан шыдамым жоқ,  
Айырылу төзімі мен күтуге төзімім жоқ.

Ей, ием, мен ауру әлсізді бір мезет,  
Сұрамасаң, өлмектен өзге ешбір ісім жоқ.

Шыбындай жаным бар, болайын үнді бұрымыңа пида,  
Себебі бұл саудада бегім, мал-дүнием жоқ.

Қаншалықты аяқ топырағындай көрсен, бакталастар көзінде,  
Хақ білер бір кішкене көңілімде шаң-тозаңым жоқ.

Иттерің үрер мені көрген соң, есікті айып емес,  
Олардан басқа мейірімді тілеушім жоқ.

Ел бетіне қарама деп қашанда бетіме айтқын,  
Сен білесің, өзімнің бұл істе ықтиярым жоқ.

Өлді құсаңнан Атайи, ей, жүрегі қатты опасыз,  
Демедің бір күні менің ол бейшарам жоқ.



Қарайды киіктейін қашан да сол екі қара көздер,  
Наздады жебесін ату үшін сияқты қара көздер.

Жан жүрек серуен қылмақта адам көрмейді әсте,  
Осындай нәзік қастар, сондай сүйікті көздер.

Мұндай сұлу, әсем, түр мен әдемілікті іздеп таппас,  
Қаншама нәзіктер ішінде осы ынтық көздер.

Қауышу билігін, Аллаға шүкір, бүгін таптық,  
Жәннатта, қиямет махшарында парса<sup>160</sup> көздер.

Атайидың орындалмас қиялдарын көр, игілердің,  
Опасыздықтарын білген соң, және мейірімді нәзік көздер.



---

<sup>160</sup> діндар

**Е**й, ұялған гүл шағымыңнан бостан, бақтар,  
Лала кейпіңнің айырылуы салды жанға дақтар.

Ай жүзің сауығында түнімен таң атқанша отырып,  
Жандырып көз шамын, жастан құямын май(лар).

Бұрымың мен тұлғанды көрген соң, бағбан айтар өмір,  
«Гүл ағашы үстіне қоныпты ғажайып қарғалар».

Көздеріңнің ахуалын сұрадым мен диуанадан,  
Сұрамағын ақылдыдан, мастықты білмес саулар.

Ол күн жүзден Атайи тіптен айырылмас еді,  
Егер аяғына тағдыр салмаса қайғыдан бақтар.



**Ж**үзің тіпті пердеден көрініпті,  
Пұттар сұлулық дауын қойыпты.

Неткен рахат, сенің мас көзіңе,  
Гүл бақша ішіне хош мәжіліс ашыпты.

Шекер аузың қасында жақұт кенін,  
Меңің үнділерін сақтап тұрыпты.

Таласар бүршік аузыңменен тарлық,  
Таң самалы аузына-аузына ұрыпты.

Өте шықты бауырдан назды оғың,  
Бірақ найзасы жанда өлтіріпті.

Айырылуыңның, алайда, жаны болмаса,  
Мені сенсіз тірі солай ұстапты.

Атайыға жеп-ішу керек емес,  
Айырылу кезінде жаннан тойыпты.



Ей, көзі бөкен, қара кірпіктері саятшылар,  
Кәпір бұрымың не үшін қылар маған бидадтар<sup>161</sup>.

Әр мезет терге шөгуден езіледі секілді набат,  
Еріндеріңнің әсерінен көп қанттар.

Әр бірі тұрған жерінде қалды аң-таң пендедей,  
Тұла бойыңнан бақ ішінде сәрумен<sup>162</sup> самшитдер<sup>163</sup>.

Тұрмадың наз ұйқысынан, ей, көзі шолпан, бір сәт,  
Әр таң сайын жеті аспанда қайғы мен айқай-шулар.

Мен қалай шарап пен шаһидті тәркі етейін, маған,  
Шарапхана пірі ежелден берді бұл насихаттар.

Ғашықтық селің қоймады, жексен қылды жерменен,  
Сабыр жолында қаншама, салдым іргетастар.

Шағым мен бұрымыңнан өзге зікір, пікірің жоқ,  
Ей, Атайи, қайда барды таңсәрі мен ақшам дұғалар.



---

<sup>161</sup> жауыздық

<sup>162</sup> кипарис

<sup>163</sup> мәңгі жасыл қатты ағаш

**Ж**ан қуатын жоқтықтан солай пайда қылды,  
Аузыңызбенен болмысымды бірыңғай қылды.

Қауышу Қағбасына құрмет көрсеткен сүйікті ынтықтар,  
Бейнеттің азығыменен мекендер кесіндісін қылды.

Бұрымыңыздың бір талын шаштарыңыздан ұрлап,  
Шын-Машын игілері жіп байлар қылды.

Көздерің неткен сүйкімді сиқыршы, тез қарап,  
Барша Кәшмир елінің сиқырын жарамсыз қылды.

Көз жолынан әр мезет жүз керуен қайғы келер,  
Сұлулық елі мұңды көңілімді мекен қылды.

Жұмақтықтар «Қалу бәләде»<sup>164</sup> жаралы көңілім тақтасынан,  
Ай жүзіңнің мейірімінен өзгені жарамсыз қылды.



---

<sup>164</sup> Аят: «Ия, солай...».

**Б**ұл сұлулық пен сүйкімділік біздің жарда бар,  
Әсте, гүл, лала мен гүл бақшасында бар.

Бұрымың көңіл алар десем, ей, жан, ғажап емес,  
Жүз көңіл жаулаушысы әр талда бар.

Әрбірі бір дақ салар мұнды жанға,  
Әр қалай, ол шағымданушы мен бейнеде бар.

Не қаласа да назар иесі сұлулық жүзінен,  
Жүз мейір опа, баршасы сол жерде бар.

Не қайғы, егер өлсе қайғы-қасіреттен Атайи,  
Себебі мейірім оның жаралы санада бар.



Әр көңіл, жан тілер, һәм сүйіктіге қауышуды армандайды,  
Ғашықтық ауылы алдында мүшрік<sup>165</sup>, иман армандайды.

Шербет ішпейді назар иесі бокалынан,  
(Алайда) игілер дертіне дәрі-дәрумен армандайды.

Жан сыйлаушы жақұт болмысымен сол хор<sup>166</sup> жүзі,  
Ия, Жүсіпті сүйгендер зынданға түсуді армандайды.

Бір сен емессің хор құшудың әуесіне берілген,  
Ей, Атайи, ол гүлдің жамалын мыңдар армандайды.



---

<sup>165</sup> дінсіз, кәпір

<sup>166</sup> жұмақтағы хор қызы



**Ж**аныма дақ салушы ол жүз(ін)де қал-дүр,  
Одан шипа мен дәрі үміттену мәхал<sup>167</sup>-дүр.

Сүйсең хикая еткелі бойың ағашын,  
Жасыл желек сәруіне<sup>168</sup> бақ ішінде инфиал<sup>169</sup>-дүр.

Әркім сүйсе сен секілді шексіз сұлуды,  
Қырағылар алдында сахиб кәмал<sup>170</sup>-дүр.

Кел, бетпердесіз шыққын үйіңнен шатыр үстіне,  
Заман игілерін бір ұялтып.

Қойғын Атайи, басты пұттар аяғына,  
Енді медресе мен айқай-шу жайы қайда?



---

<sup>167</sup> мүмкін емес

<sup>168</sup> карағай тұқымдас өмір бойы көгеріп тұратын ағаш.

<sup>169</sup> әсерлену, ұялу

<sup>170</sup> кемелдік, яғни кемелдену иесі деген мағынада.

**Ж**амалың рәуза-е бағ-е жинан<sup>171</sup>-дүр,  
Ернің сәрчәшмә-е рух-у рәуан<sup>172</sup>-дүр.

Шашың сүмбіл, жүзің шырша қарағайы,  
Көзің наргис, жүзің әрғуан<sup>173</sup>-дүр.

Белің, аузың сөзі қайда болса да,  
Ойы нәзік, ишарасы ниһан<sup>174</sup>-дүр.

Қажеті не мұнша жәбір беру, жан ол,  
Егер мақсат бұл бір шымалдай жан-дүр.

Неге қайғы бұтағында қайғырасың,  
Саған осы барым мен жүрегім аян-дүр.

Атайиды салыстырма өзіңе,  
Егер сен өзге болсаң, ол һәман<sup>175</sup>-дүр.



---

<sup>171</sup> сұлулар бағының бақшасы

<sup>172</sup> рух пен жанның бұлағы

<sup>173</sup> күңгірт қызыл түс

<sup>174</sup> жасырынған, құпия

<sup>175</sup> солай, баяғы

Сүйіктіден айырылып бұл көңіл ауру болды,  
Дерт сыры мен реніш жұбанышы қайғы болды.

Күмәнсіз бұл күн өлемін оның сағынышында,  
Жансыз адамның жаһанда тірілуі мүмкін емес болды.

«Бақ, жәннат, Кәусар, Туба» – дейді ел,  
Ғашықтар мәзһабінде қауышу заманы болды.

Жүсіп жүзі, құдық иегі бар, шашы арқан,  
Иса демі мен Қызыр, хат ерні мөлдір болды.

Әр мағрифат, шайқы оны «шын сөзі» дер,  
Білмес мұны, мағынасы сол бұрым мен қал болды.

Бір қылдай ғашықтық хәлінен таппады тыным,  
Медресе мүфтиінің ісі айқай-шу болды.

Уайым теңізінде Атайи секілді болмайын ойран,  
Дидар кенішін қаламаңыз, жәй ой болды.



Қара қалың сол ай жүзіңнің табанында<sup>176</sup>-дүр,  
Қызғаныштан жүз қасірет күйініші лаланың жанында-дүр.

Не пәле нәзік жаратыпты Ғайып әлемі аузын,  
«Кунту кәнзән»<sup>177</sup> жасырын ишарасы оның шенінде-дүр.

Қаншалықты Жүсіптей бүгін сұлулық, әсем Мысырында,  
Иса мұғжизасы, бірақ жақұт күлкісінде-дүр.

Ей, мұсылмандар, ғажап кәпір аяр-дүр көзі,  
Дінді тонау ішінде күпірі иманында.

Бүршік секілді Шын киігінің мускусы қан байлады,  
Таппады ол хош иісті, сүмбілстанында<sup>178</sup>-дүр.

Кейде қылар жәбір-жапа, кейде көрсетер мейір-опа,  
Үкім оныкі, не қылса да пенде (оның) пәрменінде-дүр.

Жүз Атайидай бейшара өлсе, қайтып қарамайды,  
Бұл көңіл-күй мен тәкаппарлық ол сұлулық сұлтанында.



---

<sup>176</sup> жарқырауында, яғни нұр шашып тұр

<sup>177</sup> Аят: «Кеніш едім...».

<sup>178</sup> сүмбіл өсетін жер, яғни бақша

**Ш**ырын ерні жан жарасына тұз салар,  
Жан не жанның жаны көңіл ішіне күдік салар.

Шынайы ғашық болады еліктеуден қашық,  
Сол мезет, жар өтерде қайғыдан мәхәк<sup>179</sup> салар.

Жазғырма даулаушы мені көкірегімде қан көріп,  
Бұл ғашықтық, отты өлең онда жүрек салар.

Әр таңсәрі Шығыс шырағы жанар,  
Айырылу оты жүрекке жазмыш салар.

Сүйсе егер Атайи бақталасын ғажап емес,  
«Кім иесін құрметтесе, итіне сүйек салар».



---

<sup>179</sup> асыл тастардың шынайылығын анықтайтын тас.

**Қ**ара қалы, мәңгілік суының набаты-дүр,  
Көбелек жан оған тіршілік ақшасы-дүр.

Ол шынсүйер қорамсабының оғының жүні,  
Жан құсының тірідейін кескен қанаты-дүр.

Әркім де ішпеді мәңгілік суының ернінен,  
Бір мәйіті болды, оның тірілік аты-дүр.

Көңілімді өзбек олжасы қылды қия қарап,  
Бұл қан ұрығы қайсы ұлыстың қияты-дүр.

Жетпей ме бір Атайыға, ей сұлулыққа бай,  
Көз ұшынан назар (салу), жамалыңның зекеті-дүр.



**Ж**әннат Тубасы<sup>180</sup> дейді оқтай тұла бойы-дүр,  
Барша әлемнің бүлікшісі һәм шаһла<sup>181</sup> наргисі-дүр.

Пендені айырылу салдарынан қылған пақыр, зар-қор,  
Наз, тәкаппарлық мақсатымен бақуаттысы-дүр.

Ғашықтық мүлкінде тұтқын еткен моңғол олжасындай,  
Жарым көңілімді қытайлық көздерінің тонауы-дүр.

Рум елінде бір ғажап үнді түсіпті қалы,  
Шын<sup>182</sup>, Хотан мускусы бір қарапайым лаласы-дүр.

Аяқ шаңы-дүр Атайи, көшесінен тыйым салмаңыз,  
Себебі оның ол – бостаны мен биік жәннаты-дүр.



---

<sup>180</sup> жұмақтағы ағаш

<sup>181</sup> қанық көк көзді

<sup>182</sup> Қытай

**М**ас көзің, жан-көңілден кәуабы бар,  
Әр бұрышта мен секілді жүз мың ойраны бар.

Жаз жайлауда серуендерде терлесе жеңдерің,  
Жапырағы күл болар, жүзінде иіс суы бар.

Шығыс күнін жүзің ұялғанынан,  
Әр күні туарда көркі, қанша қобалжуы бар.

Жан мұратын шекер секілді етер ашуланып,  
Шырын ернің қант, әселден сөгісі бар.

Дұрыс, қылар едім мына тоғыз шатырдан қоштасу,  
Мойнымда нетейін, қара бұрымыңның арқаны бар.

Айрылудан көзім жасы дария болды бүгін,  
Жүзінде көк күмбезіндей сүйіктісі бар.

Игілер есігінде бұл бишараға абырой,  
Жүзінің топырағының үстінде су тола бұлағы бар.





**Е**й, бегім, осы жүз, дегін, күн мен ай ма еді?  
Ей, бегім, осы сөз, дегін, бал мен шекер ме еді?

Көз ұшынан анда-санда ұрлана қарауларын,  
Жан тамырын қияр үшін пышақ па, әлде назар ма еді?

Таң самалы, келтірер жанға шашың таң самалын,  
Таң самалы шаһарының елшісі хош хабарлы Һудһуд<sup>183</sup> па еді?

Хош иісті бұрымың ол көзден ұшар ұзын түнде,  
Түзу сәруің<sup>184</sup> үстінде зар, дымқыл амбрама<sup>185</sup> ма еді?

Зар еңіреуді аз қылайын, рас айт, ей қарауыл,  
Иттеріңе бұл наладан әр түні бас ауруы ма еді?

Жақұт ернің ойынан бір серуен етейін дедім,  
Әзіз жаннан, бірақ адамзатқа өткел ме еді?

Сұрасаң Атайи хәлінен не болар еді, ей сұлулық патшасы,  
Мейірім, жомарттық бейшараға Тәңірі үшін зиян ба еді?



---

<sup>183</sup> құс аты

<sup>184</sup> қарағай тұқымдас жасыл ағаш

<sup>185</sup> кит тұқымдас теңіз жануарларынан алынатын хош иіс

**Б**ұл елде бар екі ай пәйкәр<sup>186</sup>,  
Бірі қант пен біреуі бал, шекер.

Бірінің келбеті жарқыраған күн,  
Бірінің көздері куффәр-е Хәйбәр<sup>187</sup>.

Бірінің бұрым, қалы дән мен қақпан,  
Бірінің тұла бойы шырша, сәнубәр<sup>188</sup>.

Бірінің еріндері дәмді жақұт,  
Бірінің тістері тап-таза гәуһар.

Бірінің иегі күміс алма,  
Бірінің екі бадам-е муқашшар<sup>189</sup>.

Бірі әсемдік әлемінің сұлтаны,  
Бірі сұлулық елінде Хоқан мен қайсар<sup>190</sup>.

Бірінің назы ұстаз оташы,  
Бірінің кірпігі алмас қанжар.

Бірінің екі қасы жаңа ай,  
Бірінің бет-әлпеті ид-е әкбәр<sup>191</sup>.

Біріне әскер, құл Атайи,  
Біріне қызметші, дұғашы кемтар<sup>192</sup>.



---

<sup>186</sup> жүзді, суретті

<sup>187</sup> Хайбар кәпірі

<sup>188</sup> қарағай

<sup>189</sup> тазартылған бадам

<sup>190</sup> ежелгі Рум императорларының титулы

<sup>191</sup> үлкен айт, яғни мейрам

<sup>192</sup> кішіпейіл

**Е**й, сұлулық кемелі, Жүсіптен жамалың жәдігер,  
Болды айрылуыңнан қара көздерім Йағқубуар<sup>193</sup>.

Ынтызарыңда қаншама өртенер жаным, бірақ,  
Өзгелердің дидарынан артық маған бұл ынтызар.

Пендені өлтіргелі қылымсуыңа не уайым,  
Себебі мен сенсіз тірілгеннен өліппін шәрмсар<sup>194</sup>.

Қылса маһшарда ел тақуа, құлшылықпен мақтан,  
Мен сенің ғашықтығыңмен қыламын сол сәтте ифтихар<sup>195</sup>.

Тәңіріден жоқ па үмітің, нетті мен махрұмды,  
Қауышу уәдеңмен қылсаң мені умидуар<sup>196</sup>.

Сөгістен жанға нетесіз «сүйдің ол кәпірді» деп,  
Бұл көңіл, ей, мұсылмандар, маған не ықтияр?

Әр уақыт шықсаң сәнденіп ел көзі түссе саған,  
Құсадан сол сәт Атайидың сияқты жаны шығар.



---

<sup>193</sup> Жақыптайын, яғни Жақып пайғамбардың көздеріндей жасқа толған деген мағынада.

<sup>194</sup> ұятты

<sup>195</sup> мақтан

<sup>196</sup> үмітті

**Ж**үзіңді сүйікті қыбласы дейді,  
Қасыңды михраб<sup>197</sup> қыбласы дейді.

Ернің шөліркеген жүрек иелері,  
Жүзіңді дәмді лала дейді.

Мең мен қалың – жан нұсқасы,  
Қате, тап-таза мускус<sup>198</sup> дейді.

Сенің күмістей тәніңнің қасіретінде,  
Көзімнің жасын сынап дейді.

Моңғол, Шын<sup>199</sup> көздерің жасым көлім,  
Жырақтан көрсе қу су дейді.

Бұл қайғыдан ауру болдым, халайық,  
Ерніңнің шәрбәті жүзім сатушы дейді.

Есігіңді ашайын жылауменен,  
Жаңбыр жауса есіктің ашылуы дейді.

Көңіл ақысын аларда қылымсуыңызды,  
Ғажайып көзбайлаушы жадығөй дейді.

Атайиды «кұлым» деп тұр сол ай,  
Ия, көктен енер лақаб дейді.



---

<sup>197</sup> мешітте имам тұратын орын

<sup>198</sup> кейбір жануарлардың ұрық безінен алынатын иіс су.

<sup>199</sup> Қытай

**Н**еге жаныма сенен дерт пен қайғы-дүр,  
Әлде мейірің жапа, мейірімің зорлық-дүр?

Сүйіктілерге жапа жасау жазықсыз,  
Махаббат жолында тіптен кем-дүр.

Маған қиын болар сенсіз тірілмек,  
Саған мен болмасам, ей, жан, не қайғы-дүр?

Неге жаныма тидің уәдеменен,  
Өтер дүние, опа қыл, сәт осы сәт-дүр.

Көзің, бұрымың мен аузың қайғысында,  
Болмысым ақыры жоқ болу негізі-дүр.

Күнә қылдым, айырылуыңда тірілдім,  
Бірақ, менен күнә, сенен кешірім-дүр.

Атайи осы жолда топырақ болса,  
Мақсаты игілерден бір қадам-дүр.



**Е**й, күміс денелі, сағым меңіздер<sup>200</sup>,  
Егер жаным керек, алың меңіздер.

Қашанда бір әуенге жетер едім,  
Егер ғашықтар қадірін білсеңіздер.

.....<sup>201</sup>  
Мысал бар, дегендерді деңіздер.

Жападан бас тартпайды сізді сүйген,  
Бірақ, және бір жолы өлтірмеңіздер.

Айырылуыңнан көзім бұлағынан,  
Көремін қай жақа қарасам да теңіздер.

Сүйіктілер ғашықтық ханынан қашанда,  
Жүрек қанын ішіп және қайғы жеңіздер.

Сәнденіп өтсе әр жолдан сол ай,  
Атайи топырағын сонда қалаңыздар.



---

<sup>200</sup> секілді, сияқты

<sup>201</sup> қолжазбада бұл жер жазылмай қалған (Т.Қ.)

**К**өңіл болды бұрымына кіріптар,  
Танданысым маған барғанша артар.

Көзің пікірінде көркізсем жұлдызшы,  
Көріп айтар, мұнда бір пәле бар.

Талап ойың әр түні айдай,  
Көзім иірімінде сағымдай ойнар.

Шашың саудасында түндер ұйықтармын,  
Бірақ не пайда себебі жоқ бақыт бидар<sup>202</sup>.

Егер сүйікті бар болса сүйіктіге,  
Не қайғы егер барша әлем болса әғйар<sup>203</sup>.

Айырылысуыңда біраз оңай өлмек,  
Бірақ сенсіз тірілмек, тұтқын душуар<sup>204</sup>.

Атайыға жәннаты мәңгілік-дүр,  
Сүйер жарыменен бір мезет дидар.



---

<sup>202</sup> ояу

<sup>203</sup> бөтен

<sup>204</sup> қиын

**Не** деп толған ай жүзіңмен сұлулық таласар?  
Сен сұлулықпен біргесің, себебі күннен тағы мәшһур<sup>205</sup>.

Сұлулық ішінде сарайын біліп маһшар сәтіне дейін,  
Жасырынды жүзіңнен ұялғанынан жәннәт ішінде хор<sup>206</sup>.

Жайдарылығыңның көзінде жүз түріменен,  
Ойнарда көзің дірілдесе дегей кісі махмур<sup>207</sup>.

Сүйікті сұлулар көп бар бұл ұлыста,  
Бірақ көңіл алмақ, пұттар, сізге жарасар.

Екі көзің үстінде қасың бүлікшіге бүлік,  
Тұла бойың үстінде жүзің нұр үстіне нұр.

Жылап жүзіңізден алайын бұрыс бетпердесін,  
Гүл жақсы ашылмас түндері жаумаса жаңбыр.

Игілер жүзінде солай көрер Тәңірі жамалын,  
Егер сәжде қылар сізге, Атайыға дауа-дүр.



---

<sup>205</sup> белгілі

<sup>206</sup> хор қыздары

<sup>207</sup> мас



**М**ені диуана қылған бір пері-дүр,  
Адам мен періштенің сұлуы-дүр.

Көзіне ынтызар Зүһра таң сәрілер,  
Жүзіне шынайы таң сатушы-дүр.

Жүзі сұлулық ішінде Жүсіптей түмен мың,  
Бірақ бұрымы Сүлеймен әскері-дүр.

Жан болса тірілтер жүз өлікті,  
Егер де тұла бойы жан суреті-дүр.

Хош иіс жасаған жаным көңіл-күйін,  
Меңі мускус<sup>208</sup>, қалы әнбәр<sup>209</sup>-дүр.

Көзім жасын әр мезет дана-дана,  
Шашырған жақұт қант тістері-дүр.

Сені ол сүйкімді бойы көзге ілмес,  
Атайи қанша осы дәні-дүр.



---

<sup>208</sup> кейбір жануарлардың ұрық безінен алынатын иіс су

<sup>209</sup> балықтан алынатын иіс су

**К**өзің барша әлемнің аяры-дүр,  
Пәле кеңістігінің сәйарәсі<sup>210</sup>-дүр.

Қаншалық жаны шырыным-дүр аузың,  
Бірақ шекер ернің жан бөлшегі-дүр.

Көзім жасын қашан да еткен қан,  
Жүзіңнің лаладай кескіні-дүр.

Нұрлы жүзі таза назарға,  
Замана ай жүзің бақылаушысы-дүр.

Үмітім орындалсын қауышуың жолында,  
Ұсатқан арсыз көңліңнің қарасы-дүр.

Байқұспын дидарыңа не шара жасайын,  
Сұлтандар бұл істің бейшарасы-дүр.

Атайи хәлінен сұрағанға айтыңдар:  
«Пұттар жолының әуересі-дүр».



---

<sup>210</sup> планета

**Қ**ызметіңде білмеймін, ей, сүйікті, айыбым не?  
Мені қылдың мұншалық зар, айыбым не?

Келісім шарт жасадың әуелі кеңшіліктер жасап,  
Болдың ақыры бір жолы бизар, айыбым не?

Сен егер өзге болсаң, мен сол құлмын, бірақ,  
Мәңгілік табытқа қызметкер, айыбым не?

Бар болмысыммен, білесің шынайы жармын саған,  
Әр уақыт мені дейсің басқа, айыбым не?

Жазғырасың, Атайи, сен беймаза құлсың, бірақ,  
Жүз дидар дәулетінен үміткер, айыбым не?



**Ғ**ашық жанның ойы қайғылы керек,  
Жан көйлегі сүйікті үшін тесік керек.

Көз жүзін жасымменен жуайын сізді көрерде,  
Себебі, пәк пұтқа пәк қарау керек.

Қасыңның оғын түр тартайын дер кісі маған,  
Бастан-аяқ топырақ сияқты топырақ керек.

Қалыңды қабыл етті қабылдағыш көзің,  
Түрік алдында бір шапшаң үнді керек.

Айырылу уынан жанына жетті көңіл ақыры,  
Жақұтыңнан оған масайратар тамшысы керек.

Ақыл не болар талғамға сай бейнеңіз оныкі,  
Бұл мағынаға бір өзгеше ақыл керек.

Қайғы теңізіне шөк, түбіне жет, дүрдей Атайи,  
Дария бетіне себебі қыл-қыбыр, жаңқа керек.



Сүйіктіден айырылу қаншалық азабы мұнды болады  
(болса да),  
Жәннат үмітінің қауышуы наз бен рахат болады.

Жүзі Мусхаф<sup>211</sup> жамалы-дүр, беті «Фатиха»<sup>212</sup>,  
Бойы мен бұрымы, аузы, «әлиф», «ләм», «мим»<sup>213</sup> болады.

Ойға алмас ол бел мен бойдан өзгені,  
Кімнің зейіні нәзік, дені сау болады (болса).

Бақытты үнділік ол көзі қасында қал бар,  
Рум мен Қытайдың патшасына қызметкер болады.

Адам қайдан білсін ауызын, ғайып ілімінде,  
Тәңірі Тағаладан өзге ғалым кім бар?

Көрген соң қарсылас жүзін бастаңыз «ә'уз»<sup>214</sup>,  
Игілерді азғырар лағынеттелген шайтан болады.

Салды құлақ Атайи байқұстың сөзі жар,  
Себебі лайық патшаның дүрі жетім болады.



---

<sup>211</sup> Құран

<sup>212</sup> Құранның бірінші сүресі

<sup>213</sup> арабтың әріптері

<sup>214</sup> «Әғузу билләһи минәш-шәйтанир-ражим» нің қысқарған түрі

Сені бір шамшадтай<sup>215</sup> тік бойлы біледі,  
Қайғыңменен көңілді шат біледі.

Мені бұрымың реңінің зікір, пікірі,  
Халайық ерте, кеш дұға оқиды.

Көңілдер құстарын аулау ішінде,  
Көзіңнің қырғиын аңшы біледі.

Махаббат шарифатында игілер сөзін,  
Сәру ағашындай азат біледі.

Таң самалы жар жанынан табылса,  
Сүлеймен мүлкін ойран біледі.

Бір сәт сүйіктісіз ғашық өмірін,  
Егер Қызыр болса лайық біледі.

Атайиды байқұстар ішіндегі жәбірленуші,  
Сені әділетсіздіктің шаһтар шаһы біледі.



---

<sup>215</sup> мәңгі жасыл қатты ағаш

Өртенді гүл жүзіңнің отынан лалазарлар<sup>216</sup>,  
Жалғыз емес лала, қайта, сондай незарлар<sup>217</sup>.

Құрма ағашындай бойыңды көрсе жаз жайлауда сәрудей<sup>218</sup>,  
Бас иіп сәлем береді шынарлар.

Бұрым, рухыңның дұғасы маған жан зікірі еді,  
Ол күні бірге емес еді, күндіз-түндер.

Қалың қош иісі құлшылығына мойындаушы болып,  
Бұрымың шеніде басты ұзын мускус<sup>219</sup> барлар.

Өлтірсе қас, көзі мені хатым етерсін(дер),  
Артынша «Сад» сүресін, ей, әділ жандар.

Сұлулық өлтіреді, болса оның мейірім, келбеті,  
Суретке қараса барша ыстығы бар-дүр бейнелер.

Игілер қауышуға лайық көрмес Атайиды,  
Бір сәт назарды көз ұшынан неге аяйды?



---

<sup>216</sup> яғни, бақша

<sup>217</sup> мың, яғни мыңдаған

<sup>218</sup> карағай тұқымдас мәңгі көгеріп тұратын ағаш

<sup>219</sup> кейбір жануардың ұрық безінен алынатын иіс су

**К**ім көрді көзің қасіретінде мен секілді бимар<sup>220</sup>,  
Жан қылымсуда, жүрегі тола қан, көңілі кіріптар?

Ол күн келіп, жайлауда серуен қылып бардың,  
Нәсрин<sup>221</sup> жағасын ойран етіп қалды гүлзар.

Жұмақта жүз рет қиямет болар еді,  
Тубәда<sup>222</sup> егер болса бұл сымбат пен рәфтар<sup>223</sup>.

Дидарыңды талап етпей не істейін, мәңгілік Тәңіріден,  
Талап етіп жаратты сені, мен құлды талапкер.

Не ғашықтық пәлесі маған, не заман жәбірі,  
Не жар жапасы маған, не басқа қайғылары.

Жарым түндері, шарап ішіп аһ ұрамын,  
Білмес адам сырымды, тек ʼАлим-е эсрар<sup>224</sup>.

Қаламайды Атайи, жайлау мен бақ ішінде сенсіз,  
Жәннатты қашан көзге ілер ғашығы дидар?<sup>225</sup>



---

<sup>220</sup> ауру

<sup>221</sup> нәркес гүлдің ұсақ түрі

<sup>222</sup> Жәннаттағы ағаш

<sup>223</sup> жүріс-тұрыс

<sup>224</sup> Сырларды білуші, яғни Алла Тағала ғана біледі деген мағынада.

<sup>225</sup> дидар ғашығы



**Ж**үз жаққа ағып шықты екі көзімнен жуибар<sup>226</sup>,  
Сүйкімді сәруім<sup>227</sup> не болды, бір бұл жаққа қылсаң гузар<sup>228</sup>.

Сен сол сұлулық сұлтанысың бостандар ішіндегі,  
Дәулетіңнен гүл есігін ел ашып, ел жабар.

Болды жүрегім су қайғыннан, жақсылық қыл, сал суға,  
Ақыры, ей, гүл, қырманды әрине әр еккен орап.

Қылды жаныма мені шырын ернің ынтығы, бірақ,  
Бұл мысал секілді, «Кісі бал ұстаса, бармағын жалар».

Дәулетіңнен көкке жетті барша құлдардың басы,  
Бұл қандай бақыт жұлдызы, айым, бізге жетсең таң атар.

Ерніңізді неше рет сұрадым, тіледім таппадым,  
Секілді бұл сөз қате, «тілегендер табар».

Бұрымыңыздан егер Атайи басқа көрсе не ғажап,  
Көремін «Бір сынағанды және екі сынар».



---

<sup>226</sup> арық

<sup>227</sup> карағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш

<sup>228</sup> серуен

Сөйлесе аузынан шекер көрінер,  
Жақұт қауашағынан гауһар көрінер.

Бақытымды жүзімен көрсем,  
Айна қасында жүз назар көрінер.

Жаңа ай қастарының ұялғанынан,  
Айларда бірер-бірер көрінер.

Белін қаншалықты түрткілесем,  
Көздеріме сол ай көрінеді.

Жүзі қасында таң емес толған ай,  
Егер таңғы жұлдыздар көрінер.

Пайдалы болар маған пұтым дерті,  
Егер ел қасында зиян көрінер.

Бұл Атайи көзің ойында,  
Қашан да мас әрі бейхабар көрінер.



**Б**етің Раузаның жәннәт күлі-дүр,  
Бойың Тубә, ернің Кәусар елі-дүр.

Көзің нәргис<sup>229</sup>, жүзің нәсрин<sup>230</sup>, (ал) бұрымың,  
Ерамның күлістанының сүмбілі<sup>231</sup>-дүр.

Ежелден мәңгілік жан бұлбұлы,  
Жамалың гүлбағының бұлбұлы-дүр.

Таң самалында Дәуіт бұрымыңнан өтерде,  
Сүлеймен әскерінің айқай-шуы-дүр.

Атайиды егер әлемге сатсаң,  
Сат, ей, діндар, ол игілер құлы-дүр.



---

<sup>229</sup> гүл

<sup>230</sup> нәргис тұқымдас гүл

<sup>231</sup> Сүмбіл гүл

Ол пұт, су жағасында перідей отырар,  
Нәзіктігі соншалық сумен бірге жұтса болар.

Егер де Сәлсәбил<sup>232</sup> суына сүнгір болса,  
Келді жәннат бақшасынан Кәусар суы жаққа хор.

Ол қол судан таза, жумас оны суда,  
Қайта суды пәк болсын деп қолыменен жуар.

Енді білдім рас екен, тіпті көрдім көзбенен,  
Ол дейді су қызы, кей-кейде көзге көрінер.

Қастарың жай Атайи көргелі сұлулық ішінде тақ,  
Таң сәрі михрабтарда «Йасин» сүресін оқыр.



---

<sup>232</sup> жәннаттағы су

**Е**рнің қаным(ды) төгуге шөліккеп-түр,  
Иса демімен өлтірмек ғажап-түр.

Көтермек басты сүйікті есігінен,  
Махаббат есігінде тәркі әдеп-түр.

Мені өлтір, бірақ қума қасыңнан,  
Елші құлды қумақ себепсіз-дүр.

Маған қауышуың қашан жетсін, білемін,  
Бірақ ғашық ісі тырысу талап-дүр.

Атайи құлға бір мейірім етпейсің,  
Қазір, бек ұлы, мұнша неге ызалы-дүр?



**Ш**ашың секілді «Ләйләтул-қадр»<sup>233</sup>, жүзің секілді шынайы  
таңсәрі-түр,  
Бұл шам мен таңсәріңе түн-күн көңіл жанменен ғашық-түр.

Сүйкімділік шапанын игілер қаншама киді, көрдік,  
Оларға қысқа, бірақ сенің сымбатыңа лайық-түр.

Маған сенсіз тірілгеннен өлім жүз есе артығырақ,  
Бұ сөзді Хақ білер, көңілім, тілімменен сәйкес-түр.

Саған менсіз не қайғы, сүйікті, мендей ғашығың жүз мың,  
Бірақ Узрадан айырылмақ Уамықтың жан пәлесі-түр.

Махаббат дауын қылған кісінің барша жерде,  
Қарсылықты тәркі етіп, мақамы бейшаралық-түр.

Бүгін қауышуыңды тәркі етіп, тілейді жәннатты діндарлар,  
Береді несиеге нақты, бұ неткен надан халайық-түр?

Атайы, кеш бұл дүниеден, көңілдер тәркін қыл,  
Намаз, оразасы ғашыққа, бүгін тәркі көңіл-түр.



---

<sup>233</sup> «Қадір түні»

**Ш**ашың йалда<sup>234</sup> түні, бетің сәхәр<sup>235</sup>-дүр,  
Көзің Зухра, жүзің күн мен ай-дүр.

Перісің, әдемдік, әсемдік ішінде періште де,  
Қате, сені дейді адам-дүр.

Қаншалық күйді жан ғашықтықтың отында,  
Көңіл ахуалы да одан бетер-дүр.

Қасың егер жан тілесе, көзбенен айтайын,  
Көзің көңілімді алар осы назар-дүр.

Сол алқызыл қашар үстінде топырақтың,  
Ғажап үнді жанын алып қашар-дүр.

Ұзын-дүр бұрым қиссаң, бірақ,  
Солай сөз аузыңа жетті қысқа-дүр.

Атайидың қабыл ет, шыбындай жанын,  
Егер де бір тапталған махәзәр<sup>236</sup>-дүр.



---

<sup>234</sup> кыстың ең ұзақ түні

<sup>235</sup> таңсәрі

<sup>236</sup> дайын ас

Сені сұлулық ішінде айдан пәк дейді,  
Мені мейірің жолында топырақ дейді.

Жұлдызшылар көріп шырын жүзінді,  
Құрметтеп кеңістік Хисрауы дейді.

Жасмин көйлегіңнен қызғаныш кернеп,  
Қылар гүлдей жағасын жыртық дейді.

Сол түркіше көздер құлшылығында,  
Меңің үнділерін жылдам дейді.

Шашыңның шынжырын дуанадан сұра,  
Қылған ақыл оны түйсік дейді.

Егер болса қауышуыңнан үмітті,  
Айырылуың уын наша дейді.





**Қ**ош келдің, ол жан, сол секілді сүйіктісі бар,  
Тік сымбатыңның саясынан мәңгілік өмірі бар.

Мен емеспін жалғыз аң-таң көзіңнің еліктіргішіне,  
Бұрыштарда жүз мендей аң-таң, таңырқағаны бар.

Оттай жақұтыңды көңілім сүйгенінен жазғырып,  
Неше күйдірдің мені, ақыры адамның жаны бар.

Не ғажап, егер бір күні ол ұстаса өзін көктен биік,  
Сенікіндей одан артық шолпан көздері бар.

Еш кәпірлер күпірін жыйнамады иманменен,  
Кәпірлер сүйкімдісіндей көзің, күпір мен иманы бар.

Зұлыммен ешқашан бұза алмайды көңіл шаһарын қарсылас,  
Әсіресе сол шаһардың, оның сен секілді сұлтаны бар.

Қаншалық жоқ сөздер Атайи, шекер аузың пікірінде,  
Сары алтындай жүзінде жүз дөңгелек жауһары бар.



**Н**әргіс<sup>237</sup> көзің қасында көктем бақшасы бар,  
Жан, көңілді алса сондай ықтияры бар.

Сұлулық, әдемілік, әсемдік пен мейірім бабынан,  
Жүсіпке бірі болса, бегім, сізде бәрі бар.

Ерам бағында мүмкін, жәннат ішінде бір сұлу,  
Сенсіз бұл пенденің қандай сабыр, төзімі бар.

Заманының Ескендірі, уақыттың Кейкұбады,  
Әр адамның көңілі қалаған сүйіктісі бар.

Басқан ізің тозаңын Атайи көзі үшін,  
Қалар, жолыңда күндіз-түні ынтызары бар.



**Ж**аз мезгілі, бірақ мен жарсыз,  
Зарлы бұлбұлмын бақшасыз.

Көрмедік ұзын шаштарыңның шынжырынан,  
Діндарлық қамалын зуннарсыз<sup>238</sup>.

Сәру<sup>239</sup> санама сымбатын, жарсыз жүзі,  
Бір ағашсың, әдіс-тәсілсіз.

Сиқыр ілімін дәріс айтар көздерің,  
Кашмирдің сиқыршысына теңдессіз.

Тақуа елі көрместен мас көзін,  
Айып емес, егер болсаңыз парасатсыз.

Ғашықтық бақуаттысы, болмады,  
Жар өзгесіз, гүл де тікенсіз.

Егер Атайи өлсе сізге құл не кем,  
Ей, бегім, мәңгі болың артықсыз.



---

<sup>238</sup> мұсылмандардың қол астында болған христиандардың беліне байлайтын белбеуі.

<sup>239</sup> қарағай тұқымдас жасыл ағаш

Алды көңілімді менің бір сүйікті рахым етпес,  
Ғашықтық торы қолында қылды ынтық рахым етпес.

Хайбар кәпірлері менің хәлімді көрсе рахым етер,  
Ей, мұсылмандар, нетейін, ол опасыз рахым етпес.

Гүл жүзі ынтығында жүрегім бүршіктей қан байлады,  
Сүмбілінен бір самал жел һәм таң самалы рахым етпес.

Жер себебі жан айқайыңа жетпес шыдап бақ көңіл,  
Әділдікті кімнен сұрайсың, патша рахым етпес.

Тіпті Жүсіптей болыпты, сұлулық мысырында әзіз,  
Кенан<sup>240</sup> пірімін, көзіме сүрме рахым етпес.

«Аһ» деп, сен күрсінесің әр таңда, ей, шарапхор,  
Тәңірі рахым етер оған, егер діндар рахым етпес (де).

....кенет өліп таптың Атайи.....<sup>241</sup>  
Көрмедік әлемде сендей жанына рахым етпес.



---

<sup>240</sup> ежелгі шаһар аты

<sup>241</sup> қолжазбадағы бұл жол толық оқылмады (Т.Қ.)

**Е**й, ежелден ғашықтық дертіңмен жаным жолдас,  
Жоқ қауышуың дәулетінен өзге көңілімде әуес.

Көздерің бұрымың түнінде көңілдерді ұстар,  
Бұл не іс болар, қойыпсың елде ұрыны жәсәс<sup>242</sup>.

Хәлил дастарханының тостағаны жұмақ ішінде көрінбейді,  
Жасыл меңің қасында қалың секілді ренді 'әдәс<sup>243</sup>.

Біз айырылуыңнан сөз айттық, бақталасың қауышумен,  
Отқа көбелек керек, ия, әсәл жерге мәгәс<sup>244</sup>.

Қалай, ей, жан тотысы, ұшасың әр тарапқа,  
Бізге ол шекер ауыз пікірінде хәлім-дүр қапас.

Сүйіктілер негізі лайық болды, кел, иіріл, ей көңіл,  
Ләйлі көшінен жетер Мәжнүнге дауысы жәрәс<sup>245</sup>.

Ей, Атайи, сәлдені тастағын, дүниеде,  
Қаңғыбас ғашыққа гауһар көзді тәж дурдәс<sup>246</sup>.



---

<sup>242</sup> тыңшы

<sup>243</sup> жасымық (бұршақ тұқымдас өсімдік)

<sup>244</sup> ара, шыбын

<sup>245</sup> қоңырау

<sup>246</sup> баста

Сіздей хорбас адам табылмас,  
Пері жүзді, Мәсіхтей дем табылмас.

Дидарында тердей тамшы-тамшы,  
Нәсрин гүлі үстінде шық табылмас.

Сүйікті көп болар сізге, бірақ,  
Біздей антқа берік табылмас.

Олжа деп біл сұлулық жамал дәуірін,  
Мысалы дер: «Және бұл дем табылмас».

Опа жаса, жігіттік бостаны,  
Қашан да құлпырған шаттық табылмас.

Айырылуда көңілге неше қарасам,  
Реніш, қайғы, дерттен өзге табылмас.

Атайи өзі қылар қауышу жалбаруын,  
Бірақ, міскінге Жам мүлкі табылмас.



Маған сен болмасаң жан керек емес,  
Жәннат пен хор және ризуан<sup>247</sup> керек емес.

Айырылысуда көзім жасы бар екен,  
Көктем мен нисан<sup>248</sup> бұлты керек емес.

Жүзіңнен ақшамда бұрымыңды жисаң,  
Сәуле шашқан ай жылтыры керек емес.

Бойың сәру<sup>249</sup>, көзің нәргис<sup>250</sup>, жүзің гүл,  
Сенің қасыңда бостан керек емес.

Егер дария жағасын серуен қылсаң,  
Көзіме кел, Оман<sup>251</sup> керек емес.

Бақталаспен сұхбаттас қылма бізді,  
Құтырған итке ит күтуші керек емес.

Атайыға босағанда орын бер,  
Сарай мен каһ<sup>252</sup> және айуан<sup>253</sup> керек емес.



---

<sup>247</sup> жұмақтағы қызметшілер

<sup>248</sup> көктемнің екінші айы, яғни сәуір

<sup>249</sup> қарағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

<sup>250</sup> гүл

<sup>251</sup> теңіз аты

<sup>252</sup> сарай

<sup>253</sup> сарай

Ол жүзі гүл бұл құлды жыл өтер жад етпес<sup>254</sup>,  
Бастан сипап, неге бір жолы азат етпес.

Жақұтына жан бергенім қайғы тауында не пайда,  
Қаншалықты Шырын болса да, бірақ Фарһадтай елемес.

Бұрымынан таң самалы осылай рух кәсібін етер,  
Бұл арманнан тіршілікті ойран етпес.

Себебі жүзің көрді, көзім етті отанды тәркі,  
Гүлді солай Наурыз тапты, Наушадты жад етпес<sup>255</sup>.

Хақ Тағала сақтасын көңілді қайғы-уайымнан,  
Ойымды осылайша, қайғыдан шат етпес.

Жоқ болар жәбір, жапа, зұлымдық, зорлау, қорлау,  
Менің жаныма ол перизаттың хоры етпес.

Жар зорлығынан Атайи, жүз бұрма, сабыр қыл,  
Қайсы сүйікті болса, сол ғашыққа қорлық етпес.



---

<sup>254</sup> яғни, есіне алмас

<sup>255</sup> яғни, есіне алмас



**Ж**ан қалмады қайғыдан, бірақ сүйікті сенбес,  
Айқайымды естімес, жан даусыма сенбес.

Оман теңізі болды көзім жасы, бірақ,  
Ол сұлулық елінде жауһар бағасы сенбес.

Қаншалықты көрсетсе көңіл мейір нышанын,  
Жан болмайынша жүзінде көбелек сенбес.

Кәпір көзі өзі рахым етіп бір назар етпес,  
Бұрым дағы бұл абыржыған хәлге сенбес.

Дертімді егер құзыретінде жеткізер болсам,  
Білмеске салып, тұтқын һәм зеректей сенбес.

Діндар деме: «Шынжыр шашынан көңіл үз»,  
Ақылды сөзіне, әрине, диуана сенбес.

Дедің уәде демім мен сертіме жетемін,  
Игілерден Атайи, бірақ өлшем сенбес.



Пердеден шық, бір сәт, ей, игілер тағдырында құйаш<sup>256</sup>,  
«Әхсәни тәқуим»<sup>257</sup> сырын ет бұл әлемде паш.

Бағбан түзу сәрудің<sup>258</sup> бұта, жапырағын кесті,  
Не үшін идірмеді деп тал бойың алдында бас.

Суреттер еді таң самалы гүлдің біраз нәзік жүгін,  
Ай жүзіңнің алдында көрдік, һәм емес неше құмаш<sup>259</sup>.

Бір түні келді ойың жарым көңілімді сұрап,  
Жас тәннен таң атқанша қылды көңілменен талас.

Жар қайғысын көңіл көтеру белгісі қыл, Атайи, дүниеде,  
Осы болар қырағылар алдында хусн-е мә'аш<sup>260</sup>.



---

<sup>256</sup> күн

<sup>257</sup> Аят: «Әдемі бейнеде...».

<sup>258</sup> қарағай тұқымдас жасыл ағаш.

<sup>259</sup> сапа

<sup>260</sup> өмір сұлулығы

**Б**остан зейнеті жүзің, жетер, қылса жүз гүл әлуида <sup>261</sup>!  
Ғашығың уы жетер, егер қылса бұлбұл әлуида'!

Қалыңның нүктесіне құлшылық қылған бұл пендедей,  
Үнді елінен ықтияр етті кәрәнфул<sup>262</sup> әлуида'!

Егер қашарыңнан қызыл гүл қашса, не ғажап!  
Қылды бұрымың ұялуынан сүмбіл дағы әлуида'!

Қаншалықты қайғыменен жігіттік жемісін сарп етсе де,  
Есігіңнен қылмады осы кәрі құл әлуида'!

Атайи байлады көңілін шашыңның шынжырына,  
Ойынша жасады сабыр, төзім әлуида'!



---

<sup>261</sup> Қош сау бол!

<sup>262</sup> хош иісті майда дәрі.

Ей, дуадақтың қалынан бұл шырын жаныма дақ,  
Рахымсыз көңіліңе төгейін хәл-зарымнан фәрағ<sup>263</sup>.

Бұрымыңның түнінде жамалың шырағынан бер жарық,  
Бізге де жетсін дейді, бір шырақтан мың шырақ.

Мен дағы бақ, жайлауда ел секілді серуендер едім,  
Болмаса ұзын шашыңның шынжыр жан мойнына бау.

Бұл ғажап береке бақытымен тыныш көңіл хош,  
Көрмедік бұрымың секілді тік сәру<sup>264</sup> үстінде дақ.

Хақ Тағала сұлулық, мейірім мен салтанат берді саған,  
Сен білесің бірде мейірім ет, бірде қыл кібір, димағ<sup>265</sup>.

Елшілікке Үндістан бұрымына барсаң, ей, көңіл,  
Жетер, ұзақ жол қарадан қараға дейін ұста улағ<sup>266</sup>.

Ол көзқарасыңмен қарады оған мас көзің,  
Мәңгілік ішпей Атайи болмайды бір мезет сау.



---

<sup>263</sup> тынышталу

<sup>264</sup> қарағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

<sup>265</sup> көңіл-күй

<sup>266</sup> көлік, есек

Сүйікті, жақұттың шарабы мәңгілік судан нәзік,  
Бойыңның нахлдағы<sup>267</sup> қарағай, шыршадан нәзік.

Сұлулық жүзіңнің қасында ұялған гүл жапырағы,  
Қалыңның нүктесі дағы қарағай, шыршадан нәзік.

Бір мезет аузыңды келтір сөзге шырындықпенен,  
Келеді сөз сөйлемек шекер, балдан нәзік.

Сен мейірімділік суыменен шомылыпсың бүтіндей,  
Өзгелердің сұлулығы болса әшекей заттардан нәзік.

Жүз үстіне салсаң тарап хош иісті шашынды назбенен,  
Гүл үстіне перде саласың дымқыл сүмбілден нәзік.

Тіледік әлемде өмір, қамқоршы таппадық,  
Қайғы күнінде жар, жолдас, тостақ, пиаладан нәзік.

Айырылуынан жетсе Атайи наласы көкке не айып,  
Себебі табылмас дүниеде ол ай жүзінен нәзік.



---

<sup>267</sup> құрма ағашы

**Е**й, әлем мен сұлулық елінің патшасы нәзік,  
Күлімсіген гүл дидарыңмен бостан нәзік.

Бұл сұлулық, бұл нәзіктікпен сымбатың секілді,  
Жаз жайлауда көрмеді бір бағбан нәзік.

Неден түсер аяғыңа әр мезетте шашың,  
Егер хұлқы жақсы көрмесе еді, ей, жан нәзік.

Тәпсір болды сұлулық кітабың мен жамалыңа,  
Кімде-кім қылды дүниеде тәпсір баян нәзік.

Өлді Атайи қасірет пен ынтызардан,  
Соңы не болды, болмады ма бір заман нәзік?



Сақи, алып кел тостақ, болды гүл уақыты нәзік,  
Суға қанық нәргис масайған, бұлбұлдың әні нәзік.

Түп-түзу сәру<sup>268</sup> үстінде құмри<sup>269</sup> салар әуенін,  
Дейді ыдысы да арабша, құмриға сыңғыры нәзік.

Түссе хош иісті шаштарың таң самалынан жүз үстіне,  
Шашылар гүл жапырағына ғажап сүмбіл нәзік.

Алла сақтасын, сол уақытта қызыл шарап ішіп,  
Тілеуіңмен болса пайда, шарап суреті гүлгүл нәзік.

Жүз Атайи өлер еді сүйіктілер зұлымдығынан,  
Болмаса 'әдл-е шәһаншаһзадаһан 'Әбдулләтиф<sup>270</sup>.



---

<sup>268</sup> карағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

<sup>269</sup> кептерден кішілеу құс

<sup>270</sup> Хан шаһзадасы Әбділләтифтің әділдігі

**Е**гер көңілің тілесе жанымды алмақ,  
Қарақшы көздеріңмен бір қия бақ<sup>271</sup>.

Айырылғалы мен бұрым, жүзіңнен,  
Көзіме не қара көрінді, не ақ.

Кеңістік сарайында бас идірер ме,  
Қасың мехрабының тағына ынтық.

Көремін жәннат бағының жемісінен,  
Жүзіңнің отын жүз есе артық.

Мені диуана етіп ұшқалақтықпен,  
Не болар әрдайым перілердей жасырынбақ.

Егер ұжмақ берсе Тәңірі сенсіз,  
Деймін: «бізге жетті сегіз жұмақ».

Атайи сен кімсің, ол сұлу сымбат,  
Қол жетпесе не пайда қолды ұсынбақ?



---

<sup>271</sup> ұрлана кара



**Е**й, таң самалы, келтір сол қызғылт шапаннан айттық<sup>272</sup>,  
Лала жүзді, сәру<sup>273</sup> бойлы сүйіктіден айттық.

Себебі бұрымыңнан маған жетпес, білемін шашың талы,  
Бір сәт хош иістен жібер таң самалынан айттық.

Айттыққа барша ел алып барар намаз, оразасын,  
Мен қасыңның михрабына алып барайын дұғадан айттық.

Көз саламын оқ атып жазбас көзіңнен сарғайып,  
«Бір оқ ат жүрегім» деп ол екі жебеден айттық,

Себебі мен Фарһадтай өлдім мазарымда бүгін,  
Не пайда халуа сол Шырын жүзінен айттық.

Батыс алтын шырыны үстіне күміс кемесімен,  
Сақи, сұлтанға ұзат, мәңгілік суынан айттық.

Бер пітір зекетін аузынан Атайыға лайық,  
Аянып қалмас бай қашанда байқұстан айттық.



---

<sup>272</sup> яғни, сыбаға

<sup>273</sup> карағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

**К**үн шығар Шығыста жүзіндей жамал жоқ,  
Кім бар оған опат, бұған еш опат жоқ.

Нәргис көзің секілді Хотан лалазарында<sup>274</sup>,  
Ұқ, не қасында ойнаушы бір марал жоқ.

Жүзің қасында ай, қара түсті беті дақ,  
Қасың қасында тура тұруға ай жоқ.

Жанымды қауышу үшін десем ол, ей, қара көзім,  
Ол, бұл сөзде сиқырлық пен айла жоқ.

Аузың, белінді қаншалықты ойға алсам,  
Көңілімде жүз уайым ойынан (өзге) ой жоқ.

Сүйікті үшін өлерде маған жоқ болар күтуші,  
Ғашықты өлтірерде саған тең келер жоқ.

Қой Атайи, медресе мен ханаканы,  
Мағынада тұрақты сөз, сопыда хәл жоқ.



---

<sup>274</sup> бақша

Ей, сұлулық сарайы ішінде қастарың байланған тақ<sup>275</sup>,  
Жоқ болар кеңістік сарайында бұл тірек пен тәмтәрақ<sup>276</sup>.

Ол Адн жәннаты дейді қауышуың сенің,  
Күнәһармын, сенен жырақ түскен құлың тозақ фирақ<sup>277</sup>.

Сүлеймен мүлкінің табысын Хақ білер жеткіз маған,  
Сұлулық кенішің қылғалы жарым көңілімде уисақ<sup>278</sup>.

Дін-дүние, рахат өмір, мал-мүлік, атақ-даңқ,  
Баршасы жақсы бірақ, сүйікті бәрінен жақсырақ.

Көрмедік басқа шарап көзесін, қарсыластың саф сыраханасын,  
Таппадық өзге шарап құмырасын, сұхбаттас бинифақ<sup>279</sup>.

Ей, хош сол сағат, гүл мезгілі, гүлістан алаңында,  
Ғашық пен сүйіктіні жалғыз, бас ашық, жалаң аяқ.

Сен Атайимен өзім дейсің, қарсыласыңды жарас,  
Ит байқұс қойменен қашанда болар ма одақ?



---

<sup>275</sup> күмбез, биік қақпа

<sup>276</sup> сән-салтанат

<sup>277</sup> қашық, айырылу

<sup>278</sup> бұғау

<sup>279</sup> екіжүзді емес, яғни шынайы сұхбаттас жар

**Е**й, дос, дүниеде менің дүниеде сендей сүйіктім жоқ,  
Ақиретте тағы осы сөзден таярым жоқ.

Қауышуың ісін қаншама ойға саламын,  
Мейірім, кеңшілігінің саясынан өзге сүйенішім жоқ.

Жүзің мен бұрымың қасіретінде күндіз-түні,  
Уһімнен ол күні таң мен түннің сырласы жоқ.

Ғашықтығың жолында қаншалық, айырылу отында,  
Өртенсе бауыр, жанса жүрек және жанарым жоқ.

Айып етпе егер қылса көңіл нала-зар,  
Қауышуың арманында осы менің күш-дәрменім жоқ.

Ей, сұлулық пен әсемдік жайлауында тауыс,  
Көзімнен ұшасың, нетейін, ұшар қанатым жоқ.

Сүйдім Атайи секілді масайраған сөзіңді,  
Ақыл, зерек, бастан, аяқтан хабарым жоқ.



Уһ, өлтирді айырылу ол гүл зарымнан жырақ,  
Лала жүзді, сәру<sup>280</sup> бойлы, тура жарымнан жырақ.

Нала қылсам әр уақыт айып етпеңіз, ей, ғашықтар,  
Әуені жоқ бұлбұлмын, гүлзарымнан жырақ.

Ықтияр еттім ол айды екі дүниеден, бірақ,  
Нетейін салды кеңістік өз ықтиярымнан жырақ.

Талпынар діндар мені жәннаттың ескі бағына,  
Мен барамын жүзіңдей жаңа көктемімнен жырақ.

Менде және сабыр, төзім, ақыл-есім бар еді,  
Не пәлелі ғашықтық еді, салды жарымнан жырақ.

Егер кеңістік өлтірсе жүз рет мені, еш үрей жоқ,  
Бұл өлім болар, өлемін сүйіктімнен жырақ.

Кетпейді өлсем Атайидай бойың сәруі<sup>281</sup> үшін,  
Қияметке дейін мейірім саясы мазарымнан жырақ.



---

<sup>280</sup> карағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

<sup>281</sup> карағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

**Б**ойың сәруі жайлы-дүр жанға лайық,  
Не бір бак, не бір бостанға лайық.

Не мөлдір данасы еді тістерің,  
Болыпты ашылған бүршікке лайық.

Ойыңа көңілде жан беремін,  
Сыйлы сыйлық болар мейманға лайық.

Менің көңілімдесің, ей, сұлулық кеніші,  
Ия, әр кеніш болар ойранға лайық.

Табылмас барша әлемде мендей,  
Шынайы байқұс садақаға лайық.

Дәрігер, бас ауру берме маған,  
Менің дертім емес дәрменге лайық.

Атайи сөзін, ей, сұлулық сұлтаны, ол,  
Дейді: «Жақсы інжу сұлтанға лайық».



**Ж**үзің күн, бетің субх-е садик<sup>282</sup>,  
Тағала Аллаһ, тамаша, жаратушы Халиқ<sup>283</sup>.

Бұл не көз, бұл не кірпік, бұл не қас,  
Шыққан дін мен иманнан халайық.

Шырын ерні мен Узра қайғың,  
Қылады Хұсрауды секілді Фарһад пен Уамық.

Мендей баршаны құл қылар едің,  
Опа қылсаң бегім, дидарыңа лайық.

Іздеп таппас едім айтқан көңілді,  
Таң самалы бұрымыңда кенет берді салық.

Әлемде іздедім көп сырлас,  
Қайғыңдай таппадым жар лайық.

Назар қылсын десең ол азат сәру,  
Атайи қыл лайық тәркі 'әлаийқ<sup>284</sup>.



---

<sup>282</sup> ақиқат таң сәрі

<sup>283</sup> Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, Жаратушы деген мағынада.

<sup>284</sup> Көңіл

Сендей сұлулық пен хор, пері жоқ,  
Ерні қант пен әсел, белі түзу жоқ.

Хотан маралы қарамас қарағанындай,  
Жүрісіндей жүрер кекілік те жоқ.

Сүйікті сүйкімді қылық-наз білмес,  
Ағаш секілді еш бұтақ, жапырағы жоқ.

Жалынышты қылмасын ол қас пен көзді,  
Сол бас еді, оның бас дерті жоқ.

Көңілдің жүз түмен мың жарасынан,  
Табылмас ер, қылымсынуың қаруы жоқ.

Жүзіңе ұқсайды әлем шаһының өзі,  
Бірақ, бұрымыңа ұқсар әскері жоқ.

Айырылу отында міскін Атайи,  
Болаар көбелек (бірақ) ұшар қанаты жоқ.





**Е**й, хабардар бақытты, ол ай арманың сенің,  
Сұлулық кеңістігінде жоқ ұқсас серігің сенің.

Қажетті қасиетті Қағба қастарыңның михрабы,  
Махаббат иелерінің қыбыласы құзырыңның топырағы сенің.

Бұл нәзіктік, перідей сенде, ей, хор қызғанышы,  
Секілді Иран бағы күркеңнің сахнасы сенің.

Қаншалық мен түссем жамалыңнан жаман көздей жырақ,  
Жақсы, бишара көңілім барды жолдасың сенің.

Мейлі қауышуыңмен тірілт, мейлі өлтір айырылумен,  
Мен риза болдым солай, болса жүрек қалауың сенің.

Қажет емес құзыретінде талап-тілек сұрамақ,  
Себебі нұрыңның көзесі болар, ескерту ұсынысың сенің.

Не ғажап жетсең Атайи бір түні ол ай қауышуына,  
Өтер жеті аспаннан әр таңда «уһің» сенің.



**К**ерек емес сенсіз жан мен тіршілік,  
Алла кешірсін, айырылу дерті мен тіршілік.

Жақұт ернің мен тік сымбатың,  
Сыйлайды мәңгілік суымен тіршілік.

Қарсыластар сұхбаты жан сауығын алар,  
Хош емес, ия, зындан мен тіршілік.

Өлемін болмасаң бұл шаһар мен елде,  
Жүсіпсіз яғни Кенан мен тіршілік.

Атайи өлді, сізге бақи болсын,  
Жаһанда мәңгілік жан мен тіршілік.



Сұлулық бағында жүзіндей сырлас гүлін көрмедік,  
Мысыр мүлкінде ерніндей тәтті, әдемі көрмедік.

Шын-Машын, Хотанда көздеріндей мейірімсіз,  
Себепсіз қан төгуші бір түрки тонау көрмедік.

Сымбатың пәлесіне бардық тамаша қылғалы,  
Бір пәле көрдік Тағала Аллаһ, пәле көрмедік.

Бұл ұлыста игілер көрдік, бірақ, ей, өзбегім,  
Жүрек жаулауда сіздей әсем сұлу көрмедік.

Сүйгелі, ей күміс денелі, көңілі болатым сені,  
Дүниеде өткір жападан өзге тонаушылық көрмедік.

Сүйіктілерде опа мен мейір бар дейді, бірақ,  
Көп есіттік біз тағы бұл сөзді бірақ көрмедік.

Десе олар не айып Атайидың сөзін жетім інжу,  
Айырылуыңда оның жасындай дария көрмедік.



**Е**й, жапа бабында берік, әлсіз сертім менің,  
Қалмады сабыр еткелі айырылуыңда шамам менің.

Бақыт жұлдызымнан бұл, жетпес сендей айға,  
Көктен өткен нала мен айқай-зарым менің.

Көйлектен болмасын деп, кенет ренжіген тәнің,  
Өзгелердің етегі күйсе, күйер жаным менің.

Келтірейін жанымды мейман ойыңа, бірақ,  
Бұл тапталған сыйлықты алар ма мейманым менің.

Қаннан именер мені өлтірсе кәпір көздерің,  
Бұл көңілім мойнында, Хақ білер қаным менің.

«Уәлләйл», «Уәшшәмс» сүресін оқыған күннен бері,  
Бұрым, сымбатың болыпты күпір, иманым менің.

Табалдырығыңда Атайи кім деп сұраса,  
Дерсің: «Бір аяқ топырағым мен (жермен) жексенім менің».



**Е**й, ойың мәңгілік сырлас һәм жолдасым менің,  
Қайда болса аяғың сонда болар басым менің.

Таппасам қауышуыңды ол Нұх өмірі маған,  
Топан суындай басар әлемді көз жасым менің.

Ей, тасбауыр қатыгез, рахым етпейсің маған,  
Күйді, өртенді қайғы отында іші-сыртым менің.

Топырағымды көзге қылады періштелер сүрме,  
Аяқ топырағың егер кебінде болса, жолдасым менің.

Кей-кейде басың үшін дәулет аяғын ұсын маған,  
Сұлулықтың шарап суынан мас, айлакерім менің.

Көңіл тақтамда жүзің суретінен өзге салмады,  
Суретім бейнелеген сәтте суретшім менің.

Көрсө қасыңды Атайи, бастаса диуаналық,  
Айып етпе, себебі жаңа ай дедің қасым менің.



Алды көңілді бір бут-е 'эйар-е шух шәң<sup>285</sup>,  
Күшір үйренер көзінен кафир-е фәрәң<sup>286</sup>.

Күйдірді ғашықтық отында жүз абыройды,  
Намыс елге барды да топырақ болды нәң<sup>287</sup>.

Теңіз еді қайғысы, болар оттан теңізі,  
Қылмас төзім онда мейлі 'ашиқ-е нәһәң<sup>288</sup>.

Шырын аузының ләззатын ел естігелі,  
Алмас кісі шекерді дирһемге<sup>289</sup> сатылса тәң<sup>290</sup>.

Ол қас, көзді сүйгелі болдым белгі,  
Атса қарақшы қылымсуы науәк-е хәдәң<sup>291</sup>.

Айырылу қайғысын баяндар әр сәтте нәй<sup>292</sup>,  
Қауышу уақытын еске алар әр бұрышта жәң<sup>293</sup>.

Қылмас Атайи сымбатындай тәкаппар,  
Болғын қадамда бұрым секілді жарты рең.



---

<sup>285</sup> қу, әзілқой, айлакер пұт

<sup>286</sup> Европа кәпірі

<sup>287</sup> маскара

<sup>288</sup> кит, яғни ғашығы

<sup>289</sup> араб ақшасы

<sup>290</sup> тар, еңсіз, шағын

<sup>291</sup> жебе оғын

<sup>292</sup> сыбызғы

<sup>293</sup> ұрыс, соғыс

**Е**й, бегім, өрілген қара бұрымыңмен сенің,  
Көз ұшынан бір қарасыңның тұтқынымын сенің.

Құлшылығыңмен жаһанда атым шықты, соңында,  
Демедің бір күн: «Құлым, кел, патшаңмын», сенің.

Ақыры, ей, сұлу сымбаттым, өтерде мейірім етіп,  
Бір жүзіме бас қадам, аяқ топырағыңмын сенің.

Неше өлтірдің мені, сенсіз тірілген қылмыс үшін,  
Ел жиылғанда мен де бұл көзден ұяттыңмын сенің.

Атайидың күрсіну оғынан ұял, әр түні,  
Мен таңсәріде дұға жасап қорғаушыңмын сенің.



**Ж**үзің шамына мен көбелектер секілді,  
Шашың шынжырына диуаналар секілді.

Болыпты қауышу кенішің қасіретінде,  
Көңіліңнің күркесі ойран болған секілді.

Көзің ойында қуаныш кәсіптерге,  
Табылмас бұрыштағы шарапханалар секілді.

Жүзің дәуірінде Жүсіп дастанын,  
Оқиды ғалым, барша әпсаналар секілді.

Ежелден танысыңызбын, бірақ,  
Болыпшын бүгін бөтендер секілді.

Тозаққа ілді көңілім бұлбұлын,  
Гүлістан ішінде қалың даналар секілді.

Атайи көңілінің серті бүтін,  
Егер сындырсаңыз уәделер секілді.





Сұра, мені бір күні, кім бұл байқұс күйіндей,  
Қасірет отында көре алмас бақталастар күйіндей.

Диуана сәруі<sup>294</sup> не деп, ұқсатар өзін бойына,  
Мунтаһа Сидра егер болса бұл әдемі бойындай.

От үшін жақтым жасминдей аяқ топырағын көзге,  
Адамзатқа жоқ болар әшнәрсе абыройдай.

Барша халымды жұлдызшы көрді айтар соңында,  
Болады бір шаһ сүйер алдында басың айқындай.

Егер қара бұрымың қасында қараса сүмбілге көзім,  
Көздерімнің қарасын құзғын, қарға ойғандай.

Қалай күйдіретер менің бұл көңілімнің негізін айырылу,  
Күйдім, өртендім, тағы күл болды енді қойдай.

Ей, бөкен көзді Атайиды есіктен қуғанша,  
Біржолата өлтір, сол мезет қалпында құс тойдай.



---

<sup>294</sup> карағай тұқымдас жасыл ағаш

**Е**й, нәзіктік таңынан шығар екі шолпан көзің,  
Өткінші дәуір серуенінде дәуір бүлікшісі көзің.

Екі жай-дүр қасында байланған мың жебеменен,  
Не ғажап әрбір қараста қылса жүз құрбан көзің.

Жаныма қастық қылғалы айнул-йақин<sup>295</sup> болды маған,  
Осылайша қарады жырақтан назбенен екі көзің.

Рум қайсары<sup>296</sup> ай жүзің, хош иісті шашың Шын<sup>297</sup> қағаны,  
Үндістан шаһы меңің, Түркістан сұлтаны көзің.

Қаншалықты Хотан маралы қатесіз білмеймін неден,  
Шын-Машын гүлзарында қылар серуен көзің.

Осылай қадалды бұл менің жаныма алмай қоймас,  
Қымсынумен жүз мендей жанды алған көзің.

Соншалық телміріп қараса Атайи лайықты,  
Бір назар салмас оған Тәңірі үшін садақа көзің.



---

<sup>295</sup> сопылық термин, ақиқат көзі

<sup>296</sup> Ежелгі Римнің патшаларын осылай атаған

<sup>297</sup> яғни, Қытай

**Е**й, сұлулық патшалығы ішінде теңдесі жоқ сенің,  
Мейір, опа менің(кі), (ал), жәбір-жапа сенің(кі).

Аузыңмен қысым жоқ жан үстінде,  
Көңілім жүн, басым садақаң мен байқұс сенің.

Жан тонадың, көңіл алдың, сағынбадың,  
Қайсы жапаңды тартпадым, ей, опасыз, сенің.

Кім сүйді жақсы сөзді, күймеді, өртенбеді,  
Ғашықтығыңның оты тұтанбады жалғыз маған сенің.

Өлтір, өлейін қасыңда жүзіңе қарай-қарай,  
Болсын Қызыр өмірі мен мәңгілік өмір сенің (саған).

Жетер, үмітсіз қылды мені қауышу жолынан,  
Бөтендердей өткенің, ей, таныс сенің.

Жәбірінді өзі Атайи жақсылық көрер, бірақ,  
Шығар жамандықпен атың халық ішіне сенің.



**Е**й, мәңгілік жәннат бір мезет дидарың сенің,  
Мөлдір Кәусар суы шекер жақұтың сенің.

Өзгелерде тұрым, қалы болса сұлулық аспабынан,  
Шүбәсіз сұлулық, әсемдік болар, бастан-аяқ бәрің сенің.

Бір қарағанда жүз көңілді аулайды марал көзің,  
Мен емеспін жалғыз жан кіріптарыңа сенің.

Сорлы бағымнан ба, ей, Жаратушы, маған мақұрымдық,  
Не болмаса мақсатына жетпес талапкерің сенің.

Басқалар жәбірінің салдарынан жаныма жеттім, уһ-уһ,  
Пендеден еске алсаң, жарым, Құдай жарың сенің.

Ей, көңіл, сен әлсізсің, көздері жан алушы,  
Өлместен қиыншылыққа оңай болса қиындығың сенің.

Сұрамас жақұтыңды сүйген Қызыр, Исадан сені,  
Қаламас сұхбатты әркім, болса ауруың сенің.

Егер киіктер мускусында<sup>298</sup> болса қаннан Шын муксусы,  
Лала мен гүлден болыпты, татар мускусың сенің.

Ол жүзі гүлзардың көңіліне бір қылмас әсер,  
Ей, Атайи, тас еріткен нала-зарың сенің.



---

<sup>298</sup> Кейбір аңдардың ұрық безінен алынатын піс су

Сүйді игілерді, айырды отбасымнан көңіл,  
Өзге не қалар менің бұл шыбындай жанымнан көңіл.

Аһ, мен жаныма жеттім, жәбір тартудан, нетейін?  
Әсте мейір үзбес сол мейірімсізімнен көңіл.

Бұл менің ағар жасым сырымды елге қылды паш,  
Әшкере қылмады құпия сырымнан көңіл.

Болғалы бизар менен ай жүзіңнің мейірінде,  
Жыл өтер, өтпес менің бір күн күмәнімнен көңіл.

Жазсам болар насихатнамалар жүз «Гәнж пәнж»<sup>299</sup>,  
Өзге қылмас Хұсрау-шырын аузымнан көңіл.

Жан берер сүйікті үшін ғашық Атайи, неге сен,  
Қашанда айтасың: «Айырды отбасымнан көңіл?».



---

<sup>299</sup> Низамидің шығармасы

Айырылуың қайғысында тәнімді бөлшек-бөлшек қыл,  
Шыбындай жанымды ал, қайғы дертіме шара қыл.

Сұлулығың сөзін, жүз қарсы десем, жүз көрер десең,  
Ол айна, Хақтың шеберлігін өз-өзің төрелік қыл.

Бейнеңнің құрылымын қыларда періштеге,  
Көңіліңді Тәңірі деді: «Асыл тас қыл».

Дейді жүзіңді ай, ынтықты қайдан білер көк,  
Ол ай қасында нетейін, мені бір жұлдыз қыл.

Егер топырағы болсам, ол жақұт шарабыңның ойынан,  
Қайғы тасыменен көңіл шынымды быт-шыт қыл.

Қан жұтқанымды бүршік секілді, ей, таң самалы,  
Бір таң сәрі, хикаяны сол гүлзарға қыл.

Тұт құлағыңды Атайи, пұттар көзі секілді,  
Қырағы бол, дүние қуушыдан қашықтық қыл (бол).



**Е**й, сұлулық аясында, афтаб-е бизәуал<sup>300</sup>,  
Наз-қылықпен баурау ілімінде сахиб кәмал<sup>301</sup>.

Жәннат Тубәсінде жоқ, және Сидра ағашында,  
Сымбатың тұла бойында бар бұл хәдд-е и'тидал<sup>302</sup>.

Бір көңіл бар еді менде, жүзіңмен алдың оны,  
Енді бір жаным қалыпты, егер керек болса, оны да ал.

Лаух Қалам болмысы жаратылмастан бұрын,  
Бұрымың еді барлық жиналмаған қалыма дал<sup>303</sup>.

Бұрым, кейпіңнің тұтқыны Үндістан, Рум патшалығы,  
Сымбат, жақұтыңның байқұсы һәм пендесі тоты мен бал<sup>304</sup>.

Майлы сүйдім деп ернін даулаған қылмысынан,  
Арқан салды мойныма тартар өте көп инфи'ал<sup>305</sup>.

Қауышуын ол айдың жұлдызшысынан Атайи сұрамағын,  
Кеңістікте жоқ болар ондай қуанышты ай бал.



---

<sup>300</sup> жоғалмайтын күн

<sup>301</sup> кемелдік иесі, яғни теңдесі жоқ

<sup>302</sup> теңесудің шегі

<sup>303</sup> айғақ, куә

<sup>304</sup> қанат

<sup>305</sup> әсерлену, ұялу

**Б**ұл көз сенде, ей, зулф-е қәттал<sup>306</sup>,  
Түсіпті сүйіктілер ішіне бір хәл.

Қашан қылымсу оғынды атар болсаң,  
Бұл топырақ жаққа да кейде назар сал.

Неше жоқ болсам аузың қайғысында,  
Маған бұрымың ойы-дүр қара мал.

Егер шырын ерніңе жан тілесен,  
Тұрғаны орын, нақты бол, анық сол.

Жүз алтын жасадым, таппақ жолыңда,  
Аяғың топырағынан титтей мысқал.

Көзің көңілімді алар жүз меңменен.  
Біліпті түркі екен, мұншама көп ол.

Таң самалы чәуганы<sup>307</sup> бұрымыңнан өтерде,  
Атайи көңілінен сұра, не болар қал?



---

<sup>306</sup> қанқұйлы бұрым

<sup>307</sup> басы имек таяқ



Сен болдың маған жәбір көрсетуіңмен мысал,  
Алла сақтасын, тапса мейірім мысқылдай нұқсан хәл<sup>308</sup>.

Пендемін опа бабында дейді теңдессіз,  
Сенің сұлулық шырайынан оқиды бибәдәл<sup>309</sup>.

Құлшылығыңа ай жазып берді хатыңды жазғалы,  
Дымқыл хош иістен жан парағына Хаттат-е әзәл<sup>310</sup>.

Айырылуың өз қиын, бар баста тағы қиын,  
Жоқ болар қауышуыңнан өзге қылса ол мәселені хәл<sup>311</sup>.

Қылса ел ізгі амалдар қауышу жәннатың үшін,  
Менде жүз пақыр, қажетгілік, тыныштық, жоқ амал.

Бұл өмірімнен маған артық өлім жаназасыз,  
Бір құрмет көрсетіп мені айырылудан құтқар ажал.

Ей, Атайи, қауышуының ойымен жан ойнағын,  
Махаббат бабында сыймас қулық-сұмдық, қиял.



---

<sup>308</sup> зиян

<sup>309</sup> теңдесі жоқ

<sup>310</sup> мәңгілік жазушы, яғни Алла Тағала

<sup>311</sup> шешу, яғни қиындықты шешіп беру

Онда қылды тілек сүйіктімен қауышуды көңіл,  
Жүрегін су етті, жуды қол жаннан көңіл.

Күйдім, өргендім, нетейін ол қас, көзді көргелі,  
Келтірер жүз бүлікті басыма әр жақтан көңіл.

Кіргелі жан мүлкі ішіне тонау шаһарының игілері,  
Тынбады бір мезет те талан-тараждан көңіл.

Есіне алмас бұрым, кейіп пен хатыңды көргелі,  
Лала, нәсрин мен сүмбілменен райханнан көңіл.

Жақұтыңыз ойыменен егер өлсе айырылу шөлінде,  
Қанық болсын ішсе бір сәт мәңгілік судан көңіл.

Ел тілер жұмақ барын, тек жаным бұлбұлы,  
Бұрымы саудасында үзбес «Қарғалар бағынан» көңіл.

Егер Атайиды кеңістік өлтірсе, топырақ жасаса,  
Қияметке дейін өзге қылмайды Хийуаннан көңіл.



**М**еңдерің Хотанның хош иісі не жан нүктесі, бегім,  
Иектерің Иран гүлі не Ризуан бағы, бегім.

Жақұт тамшы шарабыңнан адамзат жан табар,  
Айып емес сұрамақ, ол тіршілік суы ма, бегім?

Ел мені бұрымың ілгегімен бір сәт секілді,  
Айырылуың себебінен хәлім мазасыз, бегім.

Бұл тірілер есебінде ұстаған ойың еді мені,  
Немесе жансыз тірілмектің қажеті не, бегім?

Айырылу тонау елінен кедей, бейшарамын,  
Қауышу дастарханыңнан нәсіп ет, садақа уақыты, бегім.

Жүсіп жамалынан не есітсек те бәрі сенде,  
Бұл Һирә шаһары ма, әлде Кенан патшалығы ма, бегім?

Бұл Атайи құлды сүйдің деп мені жазғырмағын,  
Ол не істесін, көңіл бір басқа сұлтан, бегім.



**Е**й, гүл жүзді сәру-е рәуаным<sup>312</sup>,  
Пида болсын саған жан мен рәуаным.

Сүлеймен мүлкі һәм Нұх өмірі,  
Сенімен өткізген бір заманым.

Егер бұрымың үшін тапсаң басымды,  
Жүз бұрсам менің мойныма қаным.

Белінде қаншалық бір түйір күмән болса,  
Бірақ аузыңда жоқ еді еш күмәнім.

Жамалың аяты еді сұлулық ішінде,  
Не қажет бұл менің толық баяным.

Бұл дағы еді, құяр жаныма айырылуың,  
Ғажап болар менің белгі нышаным.

Жүзің мейірінде жан берді Атайи,  
Демедің бір күн: «Өлді мейірбаным».



---

<sup>312</sup> айқын сәруім (қарағай тұқымдас жасыл ағаш)

**Б**ір назар сал бізге, ей, сұлулық пен мейірім хәм,  
Сұрар өз байқұсын мейіріммен патша хәм.

Болма сұлулық көктеміңе ғапыл, бұл өмір қазаны,  
Өмір бағында не гүлді қояды, не өсімдік хәм.

Жол жүрсең жағар едім жүзіме аяқ топырағыңды,  
Енді ұшар көзімнен ол жүріс пен аяқ топырағы хәм.

Сөндірер еді айырылу отын, шықса көңілден сары уайым,  
Уһ, қалмады, нетейін енді, қолайлы «уһ» хәм.

Бұрымыңыздың саясын сіз тұтпаңыз айдан құрмет,  
Екі дүниеде оған дәуір мен қорған теңдесі хәм.



Аллаға шүкір, және жарды көрдім,  
Жан сырласы, сырлар құпиясын көрдім.

Бақытым, егер оянса ауыр ұйқысынан,  
Бейнет жеңіп, ояу дәулетін көрдім.

Өмірім жайлауы ішінде және жаз ашылды,  
Ол сәру<sup>313</sup> бойын, жүзі гүлнәрді көрдім.

Діндар маған арыз етпесін бақ пен сүйіктісін,  
Жәннатты не қылайын, ендігі дидарды көрдім.

Не сабыр көңіл ішінде қалмады, не төзім,  
Қайдан мен сол сұлу сымбатты көрдім.

Қанмен жүрек не, тікен ұр, екі көзіме,  
Сенсіз, не үшін гүлзар лаласын көрдім.

Пұтпын десе қылымсуы оғының жартысынан,  
Бұл ауру Атайи секілді әлжуазды көрдім.



---

<sup>313</sup> қарағай тұқымдас жасыл ағаш.

Аяғың топырағымен ант етем,  
Маған сенсіз пері қайсы, пұт кім?

Көңіл қалауы жамалың маған жетер,  
Опа, жомарттық не зұлымдық пен сетәмкім<sup>314</sup>.

Жамалың шұғыласы барша әлем,  
Куншит<sup>315</sup>, храм не Бәйтул-хәрәм кім?

Себебі жоқ Шексіз барлықтан өзге,  
Болмыс, мүмкін және бәхс-е әдәмкім<sup>316</sup>.

Ахад<sup>317</sup>-дүр негіз, тармақ барша бөлшек,  
Есебі шексіз көп және кем.

Пайғамбар сөзіменен адамнан өзге,  
Аршы-Күрсі, Қалам мекені кім?

Бұл күн күйіңде иттер тобында,  
Атайыдай сыйлы һәм құрметті кім?



---

<sup>314</sup> зорлық

<sup>315</sup> христиан не йаһуди ғибадатханасы

<sup>316</sup> жоқ болу туралы тартысу

<sup>317</sup> Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, Жалғыз деген мағынада.

Десең: «Жан тапсыр, Атайыым!»,  
Тұрмын міне, өлтір, ат, айым!

Құлыңмын сақтасаң жаным барынша,  
Егер сақтамасаң, сен біл, сат айым!

Қанша мас болмасаң сұлулығың шарабынан,  
Опа шарабының тостағанынан жалат айым!

Өткінші-дүр бұл бес күн фәни дүние,  
Мәңгілікті ай жүзіңе бат-бат, айым!

Кеңістіктен өткіземін мейірің оғын,  
Десең: «Қайдасың, ей, Атайыым?».





**Е**й, қайғы-дертің сенің екі жаһаннан табысым,  
Сен барыңда кімге айтайын қиссә-е дәр-е дилім<sup>318</sup>?

Тоғыз кеңістік сарайдан болды бай-дәулетті көңіл,  
Есікте иттеріңмен бірге болыпты мекенім.

Хақ Тағала адам топырағын жаратпастан бұрын,  
Жұбаныш тапты сенің ғашықтығыңмен аб-у гелім<sup>319</sup>.

Ей, шашың хош иіс етті, бұрымың ұшы көңіл құсымды,  
Таң елінен шешілер ме менің бұл қиыншылығым?

Еріндеріңді сипаттаудан өзге сөйлесем аузым тола,  
Мәңгілік суы болса ол сөз күнәсінен кескін тілім.

Құлдарыңның құлшылығымен тұтамын мақтан,  
Егер қабыл алсаң қуаныш, көңілді бақытым.

Қылды диуана Атайи, көздері көңілді көзің,  
Ей, ерні жақұт, шарабынан мас, жоқ ақылым.



---

<sup>318</sup> жүрегімнің дерт қиссасын

<sup>319</sup> су-топырағым, яғни батпағым

Ауру көңілімнен ойың бір сәтте кетпес, бегім,  
Қаншама, жамалың етегіне қолым жетпес, бегім.

Нетейін, шарасыз болдым мен бұл көңілім салдарынан,  
Сенсіз еш жерде бір мезет шыдам таппас, бегім.

Қаншалық сен балағаттасаң да мен дұғагөймін саған,  
Шынайы ғашық зорлықтан өзін алып қашпас, бегім.

Сен мені құрметтеп құлдар санында ұстамағын,  
Иттерің жанында болсам, не маған жетпес, бегім.

Сөгістен қумас Атайиды есігіңнен қарсылас,  
Еш байқұс, ит үрсе есікті тастап кетпес, бегім.



**К**өңілде тілегің нақышын бейнеледім,  
Бейнесінен жан бүршігін әр мезет нұрландырдым.

Көп ұзақ түн таң атқанша шаштарыңды сипаттаумен,  
Ғашық жүректер мәжілісін хош иіске кенелдірдім.

Жақұт қантың шәрбәтінен бер дедім бір жұтым,  
Ей, кешіруші Алла, сен кешіргін, белгіледім.

Бір парақ алтын жүзімді иіс су хатың үшін,  
Күмістей моншақ көз жасыммен тазаладым.

Әр кісі ежелгі сертпен бір істі қылды қабыл,  
Мен көңілде ай жүзің мейірін белгіледім.

Қаншалық зар еңіретмін сүйіктім салмас назар,  
Сияқты бақытым құлағын наладан керең еттім.

Өзгелер қу нәпсімен салса игілерге назар,  
Мен Атайидай өзімді рух тәрбиеші еттім.



**Е**й, көп ынтық көңілдер қыбыласы қасың бегім,  
Бір назар сал көз ұшыңнан бізге өз басың бегім.

Қылды екіге жарып, қылыпты ежелде бір қалам,  
Беліңіз суретін салғанда суретшің бегім.

Сүмбіл, райхан шашыңыз құлдары байлаулы,  
Һәм толған ай ертеңгі дақты қара тасың бегім.

Егер қара бұрымың үшін жүз мендей өлсе үрей емес,  
Сен тірі бол, мәңгілік болсын ұзақ жасың бегім.

Кірпігімді сыпырғы етейін, жүзімді қалақ һәм,  
Егер қабыл етсе мен құлдыққа шабарманың бегім.

Көргелі мас көзіңді саумаға<sup>320</sup> діндарлары,  
Болды барша Атайи, мас, қаңғыбасың бегім.



---

<sup>320</sup> христиандардың тау басына салатын ғибадатханасы

**Е**й, қайғы дертің сенің байланған ләззат рахатым,  
Қауышу мейіріміңмен өзгерді ежелде табиғатым.

Әр намазымда менің кәпірге Исламым егер,  
Бұрым, қалыңның құлшылығынан өзге болса ниетім.

Есіңде ит мені көрді, қарсыластай қулады,  
Дәулетінде көр, қай жерге жетті ізет-құрметім.

Кей-кейде ел көріп жамалыңды қайран болса,  
Мен сені көрген сайын артар бұрынғы қайратым.

Айырылысуыңда өртер еді бұл әлсіз көңілімді, уһ,  
Уһ, енді қалмады, «уһ» дегелі және қуатым.

«Кешірім ет, өлсең Атайи, қасіретіммен» деме,  
Егер сенің ғашықтығыңмен өлсем, артар хош дәулетім.



Айырылуыңда бегім «Уһ» деймін де, тағы өлем,  
«Есіңе ал, ей, шаһ!» деймін де, тағы өлем.

Соңғы сәт егер «Айт, қане иман» десе, мен,  
«Иманым сол ай!» деймін де, тағы өлем.

Сұраса өлім періштесі: «Саған хор керек (пе)?», деп,  
«Жоқ-жоқ, маған жүрек қалаушы!» деймін де, тағы өлем.

Ей, гүл қырмань, дүниеде сен мәңгі бол, өлсем,  
«Болсын садақаң кейде!» деймін де, тағы өлем.

Жәннатта ел онда болады мәңгі тірі,  
Сенсіз оны «қайғы орны» деймін де, тағы өлем.

Игілер қаншалықты ұстамаса өсиет уақытын,  
«Менен болыңдар хабардар!» деймін де, тағы өлем.

Ғашықтығыңда Атайи өледі, болады жиылуға дейін,  
«Рухы саған жолдас!» деймін де, тағы өлем.



**Қ**аншама өлтірді мені, қайғы мен айырылуың бегім,  
Тәңірі болсын қайда болсаң, қарауылың бегім.

Кірпігіңнің оқтары жанымнан артық болар маған,  
Сенбесең жүрегімді жар, қара, үшеу жебең бегім.

Содан кейін егер ай мен күн тумаса жоқ болар ықтияж,  
Қылды әлемді нұрлы екі шолпаның бегім.

Бейнеңді бір тоя көрмей, қыласың жанға талап,  
Жетер, не себептен еді көңілімді алғаның бегім.

Ақылы жоқ айуан болар, не сезім, пайымы жоқ өлексе,  
Кімде-кім сұлулығыңды көріп, болмаса қайраңың бегім.

Ай сәулесін әр түні көктен салар жерге өзін,  
Жеткелі масайрағаныңда жерге сәулең бегім.

Ауызға алмас Атайи, Хұсрау-Шырын сөзін,  
Сұрағалы мейірім етіп, оны шекер-балың бегім.



**Н**е ілтипатсыз маған, сүйіктіні қысқарттым,  
Жанға жеттім қайғыдан, аяны қысқарттым.

Жетер, пікір еттім күнәмді, ұзақ түн таң атқанша,  
Жаулады көңілімді қайғы сауданы қысқарттым.

Ақыл есім, зікір-пікірімде тілек өзгені,  
Сұрамадым, бір әділдік мезетін қысқарттым.

Сіз сол келбеті лала бегімсіз, сымбаты сәру<sup>321</sup>,  
Құлшылығыңда мен сол лаланы қысқарттым.

Пенденің ақысындағы мейірім түрлеріңнен бұрын,  
Енді жоқ бірі де, пайданы қысқарттым.

Қызметінде өзгелер жоғары мәртебеге жетіп,  
Баршадан болды бұл құл дүниені қысқарттым.

Дер Атайи қасіретінде әр уақыт жүз «уһ» ұрып,  
Есіңе алмайсың мені, жаранды қысқарттым.



---

<sup>321</sup> қарағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш



Қиыла қарасаң, ей, игілерге мәхдум<sup>322</sup>,  
Қояр Үнді елі ханын Хұсрау Рум.

Қаншалық қанды нахақ қылды аузың,  
Кішкентайдан деді барша мә'сум<sup>323</sup>.

Қане төреші, ей әсемдік патшалығының шаһы,  
Айырылуың зұлымдығы қылды бізді мәзлум<sup>324</sup>.

Бір сәт, ей жүрек жаулау ілімінде дана,  
Бұл көңілім хәлінен қыл титтей мәлім.

Не деп, ей, рахымы жоқ қатты көңілді,  
Мазарым басына байқұс марқұм?

Сөз сөйлемес аузың қасында,  
Сияқты лебізі мен тартысы мә'дум<sup>325</sup>.

Құлақ салсаң Атайи сөздеріне,  
Саялы жай етер саған жүз інжу мәнзум<sup>326</sup>.



---

<sup>322</sup> қызметші

<sup>323</sup> күнәсіз, айыпсыз

<sup>324</sup> жәбірленуші

<sup>325</sup> айныған, жоқ, құртылған

<sup>326</sup> өлең сөз, поэзия

**Қ**ылдым әуес ерніңе шырын набаттан,  
Жудым қолды Кәусар мен мәңгілік судан.

Аузыңда мұғжиза аятын Иса көріп артық,  
Бізден қашып жасырынды көк ішіне ұяттан.

Сен сұлулыққа байсың мен дымы жоқ пақыр,  
Жылдарда тарту ет маған ақыр зекеттен.

Айырылу шөлінде шөлдеп өлемін, бірақ не пайда,  
Бірнеше көз жасым ағар артық Евфраттан.

Сүйікті қауышуында оқимын сүйікті сөзін,  
Байланысты үзбейінші кеңістіктен.

Ешқашан ғашықтық ісін осал ұстама, ей, көңіл,  
Оңайы қиын болар оның қиындығынан.

Себебі сұмпайылар несібесі болыпты әр ат, тон үшін,  
Кел, шапан ки Атайи, жолға түс Гераттан.



Сақи, алып кел қызғылт шарап, хош мезет бұл күн,  
Әлемнің наурыз қуанышты әлемі, ғой бұл күн.

Таң самалының жұпар иісінен тапты өлгендер өмір,  
Қандай жақсы таң самалы, Мәриямның Исасы, ғой бұл күн.

Гүл сабағындай сымбаты жайлауларда иілу үшін,  
Қызыл түсті сақи секілді сәру<sup>327</sup> алдында йілген, ғой бұл күн.

Жер жүзінде гүлзар, бак, көктем, бақша,  
Жасыл күмбез секілді шад-шадыман, ғой бұл күн.

Әр адамға лайық, қой перідей жармен,  
Бір жұтым су ішпес ешқашан адам, ғой бұл күн.

Кімде-кімге болса құмырамен шараптан бір жұтым,  
Осы тоғыз шишадан көңіліне не қайғы бұл күн.

Сәлсәбил, Кәусар, мөлдір суын алып келсе,  
Шарап көзесі мәжілісте баршадан алда, дүр бұл күн.

Кел, азырақ шарапхананың Бәйтул-харамын қыл тауаф,  
Пұттар жақұтынан шарап – Зәмзәм суы ғой бұл күн.

Ей, Атайи, болма ғапыл, бір мезет сырлас сұра,  
Өмірді сырласпен өткізу өте аз-ғой бұл күн.



---

<sup>327</sup> карағай тұқымдас мәңгі жасыл ағаш.

Аузыңыз қылды тірі мәңгілік судың суретін,  
Бір жымығанда ғайыптан көрсетер жан суретін.

Сіз періштесіз, оқиды сізге барша діндар жандар,  
Болмаса бұл кейіпте кім көрді адам суретін.

Қасыңызға ұқсатайын деп жүрер бір ай бәрін,  
Айлар ақыры бір сәуле шашқан жаңа ай суретін.

Айырылуыңызда көз жасымды көрмейінше сезбеді,  
Бір суретші Тигр мен Жайхунда Оман суретін.

Осы жүзді Кенан Жүсібі дейді Мысыр елі,  
Көрсе Занахдан құдығында зындан суретін.

Ей, суретші, салсаң ол Ләйлі секілді бейнесін,  
Саларсың алдында мен Мәжнүннің қайран суретін.

Жоқ болар екі көзі көрсе Атайиды қарсылас,  
Өзі көре алмас, ия, кәпір мұсылман суретін.



**Е**й, күн текті, жүзің толған айдан,  
Басыма сая қыл қара бұрымың талдарынан.

Аң-таңмын, қарамай өтесің мен жаққа,  
Сұлтан аяр болар ма зекетті өз байқұсынан.

Жер-көкті Хақ жаратқалы бұл дүние мекенге,  
Хор санындай келмеді жәннат сарайынан.

Гүл ұялған десем жүзің алдында, шырайы бар,  
Ұялған реңі білінеді, мінез-құлық, әдемілігінен.

Рүстем егер тірілсе бүгін тарта алмайды,  
Жәбір мен тартамын оның қас жайынан.

Көз дәрігер жақпа сүрме мен тутийаны<sup>328</sup>,  
Жетер көзіме титтей оның аяқ топырағынан.

Ол жүзі айдан солай айырдың жапаменен,  
Білмеймін аспан, және не қалайсың Атайидан?



---

<sup>328</sup> сүрме

**Б**ұл таңда жолықты маған бір көздері шолпан,  
Төртінші аспан еді кебежесіне қайран.

Күн еді ол сұлулық Шығысы еді кебеже,  
Жұлдыз секілді айнала төңірегінде жүз айы табан<sup>329</sup>.

Көрдім қасында көп перілер жиылыпты,  
Дедім: «Осы, әрине Билқис пен Сүлеймен».

Қызғылт атының тағасын айна қылайық деп,  
Сұлулық елі кезеді жолында әрбірі бір жан<sup>330</sup>.

Марал көзінің қасіретінде міскін Атайи,  
Түн-күн кезер иттер секілді сахра бийабан<sup>331</sup>.



---

<sup>329</sup> жарқыраған

<sup>330</sup> жак, яғни бір жақта

<sup>331</sup> жазық дала

Таң сәріде қайғыдан «уһ» деймін,  
Кісі біліп қалмасын кенет деймін.

Өзімді бір төмен байқұс санаймын,  
Сені сұлулық ордасында шаһ деймін.

Сен ол гүл қырманысың, қасыңда,  
Иран гүлістанын сарай деймін.

Бұл жолсызды кешір, шамамды білмей,  
Жолыңда пенде аяқ топырағы деймін.

Мен өлгенді ернің тірілтті дереу,  
Оны Рухулла Иса деймін.

Құлың еді беті дақты ай дөңгелектей,  
Сені бұл шыраймен мен ай деймін.

Атайи құл байқұсым депсің,  
Бегім, мейіріміңе «Шәйән лилләһ»<sup>332</sup>, деймін.



---

<sup>332</sup> «Алладан басқа».

**Б**арша міскін, пақыр, кедей, байқұс үшін,  
Мәңгі ұстасын Тәңірі сізді хаспен<sup>333</sup> дәруіш үшін.

Өзін өлтіру мұсылманшылықтан емес, бірақ,  
Мен өзімді өлтірейін сен кәпір түркі үшін.

Бар болмыспен бұл жамал қалайды опа сенен көңіл,  
Уаһ, не амал жасайын мен бұл қолайлы кеңес үшін.

Жар жәдігері болар жүрегімдегі жарам менің,  
Шипалы май, ей, оташы, қойма бұл оңалмас жара үшін.

Қауышу ләззаты дүниеде болмас Атайи бізгексіз,  
Жаралы жаныңды сақта, ғашық болсаң ләззат үшін.



---

<sup>333</sup> сопылық дүниетанымда Алланың сүйген құлдарын, яғни әулиелерді



**Қ**ысқаша баяндасам жатарда айырылу қиссасын,  
Сен дейсің, оқиды Кенан пірінің қиссасын.

Айырылуыңда көз жасымды қисса оқушылар көргелі,  
Оқымайды топ мәжілісінде топан қиссасын.

Төкті қанымды ернің, мен сұрамадым одан кенет,  
Себебі сұралмайды ғашықтық қазысы алдында қан қиссасын.

Сен Шын пұтының ғашықтығында халымды айып еткен кісі,  
«Мәнтәкәтут-тайр»<sup>334</sup> ішінде көрсін Шайқы Санған қиссасын.

Сүмбіл бұрымынан өтсең, ей, самал, Тәңірі үшін,  
Баяндарсың Ағайидың тамаша қиссасын.



---

<sup>334</sup> Ф.Аттардың шығармасы

**Қ**айғыдан болдым ғайып, еш таппадым мұрат аузынан,  
«Ой!», қандай дәулет бұл, жан кәсіп етер пиала аузынан.

Көздері жүз әріп ұрар ғашықпен әр қылымсуда,  
Білмесін деп сырын ел шықпас, бірақ «ләм» аузынан.

Жоқ болар гүл бүршіктің жігері көңіл көтергелі,  
Егер таң самалы келтірмесе әр таңда сүйінші аузынан.

Себебі кішілердің күнәсін Тәңірі сұрамас, пенде һәм,  
Сұрамайын деймін дұға егер келсе балағат аузынан.

Тасбауырлық игілер мейірін Атайи ұста жасырын,  
Хас<sup>335</sup> көңілінде маңызды етейін пенде аузынан.



---

<sup>335</sup> сопылық дүниетанымда Алланың сүйікті құлын айтады, яғни әулие

**Қ**ан байлады жақұтың әуесінен бауыр, ей, жан,  
Ақыры көз ұшынан маған бір сәт назар, ей, жан.

Сен бір толған айсың, неткен ғажап, саған жетпес,  
Көктен өтер нала-зарым таң сәріде, ей, жан.

Аузыңда сұрап білмедік бірақ, қыл ұшындай,  
Беліңде іздеп таппадық, бірақ ай, ей, жан.

Өлген адамды тірілтеді бір мезет ішінде,  
Иса деген ел жақұтты ернің секілді, ей, жан.

Ұзын шаш секілді ерді саған күндіз-түні,  
Үнім түтінінен дем ал ұял, ей, жан.

Шырын ернің қызметіне белін байлап,  
Жылдар жүгіріп таппады сізді шекер, ей, жан.

Жанын маған тапсырды, тағы барды Атайи,  
Қыл тәрбиеден тағы өтерде кенет, ей, жан.



Сенсіз, ей, мәңгілік суының ерні, нетейін мен?  
Өртенді айырылуың отында жан, нетейін мен?


Қайда барайын, кімге айтайын жүрек дертімді,  
Болдым бауырым қасіретпен қан, нетейін мен?

Соңы болады дүниеде барша нәрсенің,  
Жоқ шығар бұл сенің дертіңе дәрумен, нетейін мен?

Мәжнүнді кіріптар секілді Ләйлі қамында,  
Қанша кезейін ақыл-ессіз, нетейін мен?

Бұрымың ұзақ түндер оның ойындамын,  
Бір түн маған болмады мейман, нетейін мен?

Көп жәбір-жапалар маған қылдың, бірақ көңілің,  
Болмас бірінен титтей пұшайман, нетейін мен?



Хикая Жүсіп қиссасы жүзін сұлулық жамалыңнан,  
Мәсі, Қызыр ғажайыбы аян жақұтың мөлдірінен.

Неткен шырын ұры аузың, алып көңілімді тойғанша,  
Жасырынды қанша сұрасам да, табылмас ұялғанынан.

Жамалың күн, аспан күйдірмес ешқашан,  
Тәңірім сақтасын, бұл дәуірде кемелдік көзінен.

Көңіл қармағы бұрымыңа байланған анық,  
Береді Шындағы кейде хабар масайраған халынан.

Адн жәннатының ішінде ұстайды Тубә бұтағын,  
Секілді бес емес, бір бойың сәру<sup>336</sup> ағашынан.

Жанарың оты жанында неткен сирек жасыл, жан,  
Қанша жалына өртейді оны жүз от пен жалынынан.

Атайи өлеңі секілді болды ернің сипатында, жетер, нәзік,  
Жайылды сөз дастарханында оның зейін кемелінен.



---

<sup>336</sup> карағай тұқымдас жасыл ағаш.

**Е**й, таң самалы, өтсең сол екі бұрымнан,  
Есіңе ал мені пәле шынжырына байланғанды.

Сымбатың мен бұрымыңа мені қылды матаулы,  
Мектепте солай айырды көңіл ақ пен қараны.

Ешқашан қадамыңнан қадірі кетпес едім,  
Басыма жырақтық түсті нетейін қазадан.

Мен қалдым, ғашықтығың дағы бір көңілім бұрышында,  
Жүз шүкір, жан дерті жаққа кетті арадан.

Күн секілді дүниені жамалың ұстар еді,  
Көңіліңде егер болса еді титтей опадан.

Қаншалық сүйікті жапа қылса сүйіктінің,  
Жоқ қой ісі құлшылық, мойынсынудан басқа, тағы ризадан.

Дәріні Атайыға тәуіп етпе зая,  
Игілер қайғысында өтті оның дерті даудан.



**Е**й, көңіл, ұста, сол қырағылар міллетін<sup>337</sup>,  
Көзге ілмейді үрейден Сүлеймен мүлкәтін<sup>338</sup>.

Шарап іш, құлақ сал, игілер көзінде азат ол,  
Ұстама ат, тон үшін бұл тоғыз сарай міндетін.

Пақырлық ішінде патшалар бар әскер, тағымен,  
Ұрады жұмақтықтар көкте олардың кезегін.

Діндар шарапқорларды қор көрме тұтқын,  
Тәңіріден өзге адам білмес олардың ниетін.

Ғашықтық қазысының алдында ол бақылаушы қаны адал,  
Сақтар өз намысын, сақтамас шарап құрметін.

Ей, кеңпейілдік даулаған барша атақ-даңқ үшін,  
Кел, шарапхана есігінде көргін байқұстар жігерін.

Егер аспан айқайыңа жетпесе, Атайи, кел тіле,  
Хақ Тағаладан Мұхаммед Жуки сұлтан дәулетін.



---

<sup>337</sup> дәстүр, жол

<sup>338</sup> патшалық

Үзе алмаймын көңілді игілерден,  
Тән-жаннан әзіз сүйіктілерден.

Көңілді болды дидарыңа кіріптар,  
Үзілді барша талапкерлерден,

Ернің зауқында әрнәрсе жазамын,  
Оқығанда қан тамады хаттардан.

Көңілдер әскерін ғашықтық сұлтаның,  
Қылар бір шабуылда жеңілгендерден.

Халайық көп болар Кенанда, бірақ,  
Сұраңыз Жүсіп сөзін Жақыптардан.

Ұстаз, ғаріп ол, қыл қылмыс пайда,  
Қанша әдіс үлесі мен белгіленгендерден.

Міне білдің аузынан уәхдәт нышанын,  
Атайи үзіп таста сыпайылардан.





**К**өзім көрді бұрымының арқанын,  
Көңіл мойныма салды ғашықтық жібін.

Сұрар тұлғаңызды көрсе сүйсін:  
«Неткен сұлу лала?» – деп тамырынан.

Қайдан білсін түбін сүйген төмен талап,  
Сенің бұл тұлғанның биік қарағайын.

Жамалыңның ұялғанынан қызыл гүл,  
Қара басын алып кетті жайлаудан.

Егер жан суретін көрмек қаласаң,  
Көріңіз ол тәнді нәзік көйлектен.

Мені Тәңірім жаратса бір зығырлы,  
Үлес алсам сол шырын денеден.

Атайи сұлулығыңның айын суреттеді,  
Сүйкімділікпен дейді одан.



**Е**й, көзі нұрлы, сенсіз оған нұр болмасын,  
Еш көз жаһанда Мансур рухынсыз болмасын.

Уаллаһи<sup>339</sup>, егер ойың үшін болмаса отан,  
Ешқашан көңіл ойранында өңдеу болмасын.

Жәннатта егер нұрлы сұлулығыңды көрмесем,  
Кәусар суынан су алсын да, хор болмасын.

Жан тәнің суреті болар жан арасында,  
Байланған Хақ амандығында әлсіз болмасын.

Бұл әсемдік, бұл сұлулық пен нәзіктікпен сені,  
Наз қылмасын деп, үзірлі болмасын.

Көз жасымен таң самалы қылды сырын паш,  
Тырысып бақтым, бұл соншалық әйгілі болмасын.

Салды көңіл Атайиды игілер пәлесіне,  
Ешкім де көңіл әміріне басшы болмасын.



---

<sup>339</sup> Алла атымен ант ішу

**Бар** болмыс бітіміңмен жасмин жапырағынан кім айтсын?  
Лаладан кім сөйлесін, және итмұрыннан кім айтсын?

Дүниені ұстады сенің сұлулығыңмен дертім сөзі,  
Жүсіп, Жақыппен Бәйтул-хэзәннан<sup>340</sup> кім айтсын?

Жақұтыңызбен дем алмас ақыл зергерінің бөлшегі,  
Ия, жақсы бар екен, иман негізінен кім айтсын?

Дидарыңнан жырақпын, жуымас ешкім маған,  
Жайы ол, айып емес, жансыз тәннен кім айтсын?

Бұрым, қалыңнан хош иіс болды әлем, содан соң,  
Хотан мен татар маралының мускусынан<sup>341</sup> кім айтсын?

Кулық-сұмдық етіп мені, аулады дер ел сені,  
Мен ежелден ынтықпын, кулық-сұмдықтан кім айтсын?

Есігінде шаһаншаһтарға онда бар, жоқ,  
Бұл Атайидай отансыз байқұсты кім айтсын?



---

<sup>340</sup> Қайғы үйі

<sup>341</sup> кейбір жануарлардан алынатын хош иіс

**Б**олғалы аузың мәсісі ғайып патшалығынан аян,  
Қызырдың мәңгілік суы тартады зұлматта жан.

Егер масайрасаң бет үстіне шатасқан бұрымыңды жаз,  
Жапырағы гүл үстінде хош, шатыры сүмбіл саябан.

Жылда бір рет көрінер, тіптен шықпас бақтан,  
Ұрылық жасағаны үшін реңі ерніңнен күлгін.

Көр нәзік ойын, өзіне жарлық атап,  
Кейде аузыңды сүйер, кейде қолыңды кәтан<sup>342</sup>.

Ей, көңіл, ол күмістей жамалын қылар болсаң талап,  
Қыл жүзіңнің алтынын қайғы бұтасында емтихан.

Тұла бойың сымбатын егер міскін самшит<sup>343</sup> көрмесе,  
Ұстамайтын еді ұяттан Мазендеран тоғайын.

Жақұттан жүрегің қанын қашанда Атайи сұрама,  
Себебі тазармас әр нәрсе, жуса қанмен қан.



---

<sup>342</sup> зығыр

<sup>343</sup> мәңгі жасыл қатты ағаш

**Қ**аншалық, тәркі ете білмен саған опа әуесін,  
Мен туралы қыласың солай жапа әуесін.

Көңіл шашынды дұғада сұрар ұзақ түндер,  
Алайда мейірім саудасы ма, қылар пәле әуесін.

Жүзінді көрдім де, қылдым қасына шүкір дұға,  
Адам Қағбаны көрсе қылар дұға әуесін.

Сол, сұлулық елін сүйді ақыры мендей,  
Егер өлсе дертпен қылмас бір сәт дауа әуесін.

Қарсылас жолында жол бер маған брахмандай,  
Және қылар жүрек көңілім шіркеу әуесін.

Көре алмаушы ер сол адам, бұл атлас киген әскер,  
Қояр жібек, қылар шәлі, тоқыма әуесін.

Атайи сен секілді сұлтан жамалын арман етер,  
Серуен жаса, сол ердей бұл байқұс әуесін.



Ақыры суретші болды нақышыңның тағдыр қаламынан,  
Жиды ұяттан қол Шын<sup>344</sup> суретшісінің суретінен.

Бара-бара күйіңізде болды алтындай жүзім,  
Бар болар топырағында ерекшелігі эликсирден.

Көздеріңді түсте көріп, сұрасам түс жорушы дер маған:  
«Бұл түсің шешімін сұра, Кашмир сиқырынан».

Оһ, жүзің қандай мусхаф<sup>345</sup>, «Кәшшаф» сырын ашты,  
Қатым етті, көрген соң оны дәріс және тәпсірінен.

Ұйқыға көршілер мұқтаж болар әр түні,  
Жетер, тынбаймын таңғы айқай-шу, наладан.

Бұл менің көңілімдегі ғашықтық ауруы, ей, тәуіп,  
Қой дауа емін, өтті іс емнен.



---

<sup>344</sup> яғни, Қытай

<sup>345</sup> яғни, Құран

**Е**й, назды сәру<sup>346</sup>, қайсы жайлау гүлзарысың?  
Бұл әдіспен жан мен көңіл ықтиярысың.

Бұл сымбат, бұл жүзбенен Фирдаус бағының,  
Тубә ағашы менен гүлі мен гүлзарысың.

Өмір ғой ау болыппын торыңа,  
Бір сұрамадың не болды: «Кімнің ауысың» (деп)?

Даулайды ғашықтық махаббаттыңды әлем,  
Қайсы бақытты һәм қуанышты жұлдыздың жарысың?

Нәзік қолдарына әшекей қажет емес,  
Бастан-аяқ сұлулық, әсемдік әшекейісің.

Мас көзің қарағанда әр мезет қан төгер,  
Ей, түркі аңшы, қай майдан салт аттылысың?

Инжудей Атайи құлағыңда сырға болайын десең,  
Қыл, көз жасыңды әр мезет ол айдың шашуысың.



---

<sup>346</sup> карағай тұқымдас жасыл ағаш

Ей, жамалың бақшасынан ұялған хулд-е бәрін<sup>347</sup>,  
Шекер аузың бұлағында Қызыр, Ілияс һәмнишин<sup>348</sup>.

Өмірімнің қырманын желге береді ақыры,  
Көздерің қасында қалыңның данасы ʼәйнул-йақин<sup>349</sup>.

Бір түн ай бас қояр алтын босағаңа сенің,  
Егер сенбесе дәлел міне алдында нур-е жәбин<sup>350</sup>.

Ел өлікті есіне алар кей-кейде тәкбіменен,  
Ей, тіршілік жемісі, сен мені алғашқыдай сағын.

Қатесіз кәпірлер еліне дін, иманнан берер,  
Сақтанбас адам кәпір көзің тонауынан.

Қызғаныш елінде қан жұтар жаным құмырадай мәңгі,  
Дембе-дем сүйсе пиала сүйіктілердің ернін.

Міне, Атайи тапты жарын, жан арадан шық айқын,  
«Ли мәʼаллаһ»<sup>351</sup> жақындығында қажет емес Рухул-әмин<sup>352</sup>.



---

<sup>347</sup> жоғары пейіш

<sup>348</sup> сұхбаттас

<sup>349</sup> ақиқат көзі

<sup>350</sup> маңдай нұры

<sup>351</sup> «Алламен бірге»

<sup>352</sup> яғни, Жебірейіл



**Е**й, жапашы, мен сені сүйдім, сүйікті болғасын,  
Білмедім, мұндай опасыз, жан дұшпаны болғасын.

Құмырсқаны азарлама, шынайы ғашық көңілін,  
Сұлулық патшалығында тілейсің Сүлеймен болғасын.

Қалмады сабыр-төзімім, ақ үй ішінде әр уақыт,  
Көздерімнің халқындай қанша жасырын болғасын.

Барша әлем сымбатыңнан үйренеді туралық,  
Өкініш емес, сен мұндай жалған уәделі болғасын.

Өлтіресің бізді яғни, сұлулығым негізін сүйді деп,  
Бұл зиян қылмағын, ақыры пүшәйман болғасын.

Егер мен айырылу ауруы өлтірсе һәм, келмес сұра(п),  
Кенеттен рахымың келіп, әліме жанашыр болғасын.



**Е**й, сүйкімді перісін, неткен ғажап адамзатсың,  
Қай-қайдағы бар жан, көңілдің жолдасысың.

Кірпіктеріңнің оғы жаралаған жүрегімді,  
Бір қарап-ақ көз ұшымен жазар майысың.

Көңілім үйінде өзгелерге бермеймін жер,  
Себебі дүниеде сен осы мекеннің құтысың.

Көрікті кісілер ілімі ғой өзі көңіл алмақ,  
Бұл ілімде бірақ, сен бәрінің ұранысың.

Еһ, қайғы, егер өлтірсең Атайиды жазықсыз,  
Нетсін, не десін, себебі сүйіктісінің қайғысысың.



Сол, бір жұтым ішті, сүйіктінің қауышу шарабынан,  
Аспан ішірер оған қандар артық айырылу құмарынан.

Не сүйікті опа бір сәт, не жар сұқбаттас, сырлас,  
Таусылды бұл қайғылы жүрек, жаһанның хал-жағдайынан.

Қаншама ықтияр етем, саған халымды сөйлейін деп,  
Бірақ, ақылым сені көрген соң, кетер өз ықтиярынан.

Бойыңның сымбат қызығында осылай болды жігерім биік,  
Алла сақтасын! Еске алсам жайлаудың қарағай, шынарынан.

Лайық қой, айырылу тікенінен, секілді бұлбұл жүрегі іссе,  
Шағымменен тіл ашқан кісі ол гүлзарынан.

Көңіл бұрымыңнан үзбеймін деп шешім етті, көзіңменен,  
Шешімін, егер қайтар болса өзі жасаған шешімінен.

Жүзің ғашықтығында жан берді Атайи тікені қайғыменен,  
Ғажап емес, егер бітсе, мейірім гүлі мазарынан.



Сүйікті мені күйдірді айырылу отынан,  
Алла сақтасын! Шағымдансам оның бұл ісінен.

Ғашықтық Мысырында Өзіз өлмес Зылихадай кісі,  
Кешпестен Жүсіп үшін ар-намыс, ұятынан.

Көздерің егер төксе қаным, жан оған болсын пида,  
Жапа лайық жапа ғой жарға сүйген жарынан.

Мен нетейін жәннат бағы, сарай, қызметші, хорды,  
Себебі маған бір сәт жамалың жақсырақ қой бәрінен.

Ғашық емес ол көрсеқызар, тілер зарлықпен қауышу,  
Ғашық сол болар, қауышудың негізін қалайды зарынан.

Самал бұрымың желін Шын елінде жайғалы,  
Хош иіс саудасы үзілді Шын шаһарының ʼэттары(нан)<sup>353</sup>.

Егер Атайдан махаббаттың нышанын қаласаң,  
Кірпігің оғын шығарар жаралы көкірегінен.



---

<sup>353</sup> хош иіс заттар сатушы

**Ж**анға тиеді жәфа-е хижран<sup>354</sup>,  
Кімнен сұрайын дәуа-е хижран<sup>355</sup>.

Жоқ қой кісі көз жасымнан өзге,  
Қылсам оған мажәра-е хижран<sup>356</sup>.

Айырылу деменіз пұтым айырылуын,  
Ол өлмек болар, қайда жой-е хижран<sup>357</sup>?

Тозақ сипатын айтты уағызшы,  
Уаллаһ<sup>358</sup>, емес ол уәра-е хижран<sup>359</sup>.

Шат еді көңіл қауышуымен,  
Болды қайғымен гәда-е хижран<sup>360</sup>.

Әр кімді саф қауышу масайратар,  
Мас етеді оны лай-е хижран<sup>361</sup>.

Ғашықтар қайғысын Атайдан сұра,  
Дейді оны нәйнуа-е хижран<sup>362</sup>.



---

<sup>354</sup> айырылу жапасы

<sup>355</sup> айырылу дауасы

<sup>356</sup> айырылу оқиғасы

<sup>357</sup> айырылу жайы

<sup>358</sup> Алла атымен ант етемін!

<sup>359</sup> айырылу соңы, басқасы

<sup>360</sup> айырылу байқұсы

<sup>361</sup> айырылу балшығы

<sup>362</sup> айырылу әуені

**Ж**үзің күндей жарқыраған болсын,  
Жамалың мәңгілік шексіз болсын.

Өңгіме айт, шашылсын інжу-гауһар,  
Жымыып күл, жаһанда шаттық болсын.

Жүзіңнен бетпердені ал, бір мезет,  
Ұялсын ай мен күн шерменде болсын.

Мені өлтіргелі қылымсу қылышың,  
Көзіңдей жеңімпаз кәпір болсын.

Сымбатты перілердің Хұсрауысың,  
Сендей жаны шырын, қайда болсын?

Егер өлсем сұраймын Тәңіріден мен,  
Қайғың жаныма, дертің тәнде болсын.

«Пәленше құлдарымнан» дегейсің,  
Атайи, осы сөзге пенде болсын.



Ей, ежелден сырлас дертінмен жан-е хэзин<sup>363</sup>,  
Қажет емес қой саған шағым етпек көңілім қамын.

Күпір, иман аятының мәнісін қырағы,  
Көздерің ақ-қарасында көрер 'әйнун-йәқин<sup>364</sup>.

Наз қылықпен игілер дүниеде көп қой, бірақ,  
Жоқ сендей қылығы бүлікке толы, назы назәнин<sup>365</sup>.

Жарым көңілім қастарың сиреніне құрбан болғалы,  
Көздерің әр бұрыштан жан мұратына қылды кәмин<sup>366</sup>.

Шешімсіз болсам айырылуың дертінен, айып етпе,  
Мен әлсіз әлжуаздан сабыр сақтамақтық һәмин<sup>367</sup>.

Енді, міне жақұтың ойымен маспын бүтін,  
Шарап егер мәңгілік суы өлсе, керек емес содан соң.

«Жар қайғысын тәркі ет, Атайи» дерсің, ей насихатшы, бірақ,  
Тәркі етер ме адамзат, әсте ежелгі сырласын!



---

<sup>363</sup> жаны мұңды

<sup>364</sup> шынайы көз, ақиқат

<sup>365</sup> нәзік

<sup>366</sup> торуыл

<sup>367</sup> солай

**Е**й, пері түсті пұтым, сен адамзат нәсіліненсің бе,  
Не періште, не хор, не бейнеленген рухсың ба?

Бейнең Рухул Құдыстың мағынасын қылды аян,  
Адамзат бейнесінде келген Исми Ағзамсың ба?

Талабыңның Қағбасын көрген шынайы қажылар,  
Деді, Занахдан құдығыңа Зәмзәмнансың ба?

Айырылуың өлтіргенге жақұтың бір демде жан берер,  
Сұра оны, Мәриям Исасының мұғжизасынансың ба?

Жан тамағы тапты сенен, таныстық бойын,  
Шын айтқын, ей, самал, ол таралған бұрымнансың ба?

Ей, киелі қай кептер, сені ел хат дейді,  
Кел, көзімде ұя сал, сырлас жардансың ба?

Бейнет, қайғыменен өмірің болды ақыр жар үшін,  
Ей, Атайи, сен безелген табиғат пен қайғыдансың ба?





Сұлулық аспанында ай сенсің,  
Заман игілеріне шаһ сенсің.

Жымыып күлсе жақұтың жан сыйлар,  
Расында Рухулла Иса сенсің.

Егер хор, пері болса керек емес.  
Маған, ей жан, бұл күн жүрек қалауы сенсің.

Бұл ақ үйде қара көздер біраз бар,  
Бірақ та күрке бүлікшісі сенсің.

Тіршілік жемісі, ей, жар дерті,  
Егер өлсем онда да сырлас сенсің.

Көңіл дертіне бір қуат бер енді,  
Бұл жаным дертінен ескертуші сенсің.

Атайи ол жүзі гүл қасіретінде,  
Тікен жүрегінде, сабан реңі сенсің.



Қайғың қойды көңілге ғашықтық дағын,  
Абыржытып тастады ақылым миын.

Көп жарым көңілдер мекені ғой,  
Қара бұрымыңды ақырындап тарағын.

Жүзіме бас қадам масайрағаныңда,  
Ұстайын қолыма бір дәулет аяғын.

Есіркеп аяғын, ей, қастары «нун»<sup>368</sup>,  
Айырылуың салды жанға Қап тауын.

Есігің иттерін есіңе алсаң,  
Бір ол иттер себебінен бізде саған.

Бойың нәхлін<sup>369</sup> жүрерде көрсе Тубә<sup>370</sup>,  
Салып қашар ұяттан бақша бағын.

Қылыпты ол Мәсі жанына мұрат,  
Атайы қыл оңай өлмек жарағын.



---

<sup>368</sup> араб әрпі

<sup>369</sup> құрма ағашы

<sup>370</sup> жәннаттағы ағаш

**Е**й, хор, ғажап бейнеленген рух етіліпсің,  
Жан алушы бір адам бейнесі етіліпсің.

Бұл талап, бұрым, бой, сымбат сеніңкі,  
Жасмин, сүмбіл мен айқай қызғанышы етіліпсің.

Енді кісiде ақыл, сана қалары жоқ,  
Бұл тәсіл, сен бүлікші сүйікті етіліпсің.

Тубә ағашы ескі ағаш қой түмен жылдық,  
Ұқсатамын оны саған, алғашқы етіліпсің.

Қайғы тауында Фарһад секілді жан берейін,  
Шырын ернімен шекер кеніші етіліпсің.

Бұрымың әскерін жүзге салып екі тараптан,  
Жан тонауға Хайбар кәпірі етіліпсің.

Әлемде зорлықшы жоқ еді секілді Атайи,  
Сен де оған лайық қандай зорлықшы етіліпсің.



**Е**й, бай сұлулық, жамалыңмен тақ пен тәжден,  
Неге аяйсың бір назар салуды мен мұқтаждан?

Егер тілер көңілің серуендесе бостан ішін,  
Көздерім анық тақ, қарағаш пен піл сүйегінен.

«Қаба қаусәйн» одағын қастарың қылды аян,  
Шаштарың өзі аят қой Ләйләтул-мигграждан.

Бұрымыңыз саудасында жанын пида қылды көңіл,  
Шын керуеніне, ия, шара жоқ баждан.

Рас бол, рухтай Атайи ғашықтықпен ойнама,  
Һәрифи ғой, өтер бір сәтте жүз Лажлаждан.



**Қ**аншалық сұлулық ішінде сүйікті сен,  
Жапа бабында да рас соңы сен.

Алла сақтасын! Опадан өзге қылсам,  
Маған қаншалық қылсаң жапа сен.

Неден кәпір көзінді шаштарындай,  
Қыласың қылдай жаныма қара сен?

Жақсы қарау хош қой пәктерге,  
Жүзің айын әр көзден ая сен.

Сенің бойыңа, ей, обал көңілім,  
Мені бұрымыңа қылды ынтық сен.

Ақиқатта сүйікті, сүйген бір ғой,  
Арадан шыққын, ей, таң самалы сен.

Қыласың сымбат, жақұтын күтіп,  
Атайи ащы (да болса) шындық байқұс сен.



**Е**й, бұл көңілімнің құзыры, көздеріме нұр сен,  
Сұлулық дәулетіңе болма тұтқын һәм тәкаппарсың.

Мен жапа шегумен әлемде өзім белгілі едім,  
Өкініш, болдың опасыздықпен атақтысың.

Не пері ұқсамайды сұлулық ішінде, не адам, періште,  
Сен әлде жәннат бақшасынан жетілген хорсың (ба)?

Жүз үстіне бұрымың әскерін салып, ей, сұлулық көркі,  
Рум патшалығын алғалы келдің, мүмкін Фағфурсың.

Не сүйіп сенен тояр көңілім, не қарап көздерім,  
Ей, жамал айнасы, сен қандай ғажап мақсатсың?

Айырылу бұрыммен көңілім шаһарын қылдың ойран,  
Кел, аймақты жария етіп, қыл және ғимарат сен.

Барша ақыл өмірбаян ғой бұрымың саудасы қолында,  
Егер Атайи болса Мәжнүн, ұста оны үзірлі сен.



**Б**ойың нахыл<sup>371</sup>, қызғаныш билер, көп анық сәру<sup>372</sup> одан,  
Аяп қалмас менің көңілім, тән-жан ашық одан.

Жайлауда көздерім, жүзің сауығында қан жылар,  
Болар әр таңда гүл түсті және күңгірт одан.

Есікте төкпе қанымды, жырақ сал, иттерің ішсін,  
Кенеттен болмасын ласталған, пәк ол сарай одан.

Опа қылмасаң, қайғылы көңілге мейірім етіп кей-кейде,  
Не болар уәде қылсаң, болар шадыман одан.

Жамалың бақшасын уағызшы, жазып, баяндасын асылында,  
Болар бір қысқа гүлзар, мәңгілік жәннат одан.

Таң самалы, жүз жүрек иелерінің көңілі сол бұрымға байланған,  
Неге арсыздықпен өтерсің әр заман одан?

Өтерде көз ұшынан бір Атайимен сауда қыл,  
Себебі, ей, сұлулық елінің айы, саған жоқ зиян одан.



---

<sup>371</sup> құрма ағашы

<sup>372</sup> карағай тұқымдас жасыл ағаш.

**Неге**, ей, сүйікті, опасыздық бабын ри'айәт<sup>373</sup> қылғасын,  
Зорлықты сұлулығың секілді тым шексіз қылғасын.

Пенденің қандай дәті бар қауышуыңды сұрағалы,  
Сен, бірақ, мейірім жомарттығыңмен ілтипат қылғасын.

Ей, таң самалы, қылсаң сол мүшкіл өткелден гүзәр<sup>374</sup>,  
Менен ол диуана көңіліме хикая қылғасын.

Уағыздаушы, көргендейсің ол айдың толық сұлулығын,  
Айып (болар), егер Жүсіп жамалынан риуаят қылғасын<sup>375</sup>.

Бір тыныс жоқ, болсаң жар дертінен жуда<sup>376</sup>,  
Ей, Атайи, қанша бақытыңнан шағым қылғасын<sup>377</sup>.



---

<sup>373</sup> күзету, қолдау, көңіл қою

<sup>374</sup> яғни, өтпекші болсаң

<sup>375</sup> яғни, баяндап бергесін

<sup>376</sup> яғни, жар дертінен айырылғасын бір дем жоқ

<sup>377</sup> яғни, шағымданған соң



**Е**й, шашың шынжырының сергелдеңі әһлі жунун<sup>378</sup>,  
Көздерің қылымсып-назданғанда зүфунун<sup>379</sup>.

Қаншалық көрсем де жүзің-қасың тілегінде бал<sup>380</sup>,  
Бірінші беттен-ақ шықты сурә-е «Уәш-шәмс» уә «Нун»<sup>381</sup>.

Ай жүзіңнің суреті бейнеленген еді көңілім үйінде,  
Болмыстың күмбезін жаратпастан бұрын.

Бұрымыңның жібін таратқын қасың алдында,  
(Себебі) жаңа ай көзге жарқырап көрінер кешқұрым<sup>382</sup>.

Себебі өз шамамды білмей сүйдім ол сұлтанды мен,  
Әр (қандай) пәле келсе басыма еріксіз мойынұсындым.

Кімде-кім қызылшырайларды сүйсе, қорлық тартар, бірақ,  
Гүл жүзіңнің ынтызарлығында жоқ болар мен секілді қор  
зәбун<sup>383</sup>.

Қауышуыңа білген соң Атайидың қол қысқалығын,  
Мархабат қылсаң, Құдай үшін бегім жасың ұзын.



---

<sup>378</sup> есалаңдар, жындылар қатары

<sup>379</sup> өнер иесі, шебер

<sup>380</sup> балгерлік

<sup>381</sup> «Уәш-шәмс» пен «Нун» сүрелері шықты.

<sup>382</sup> яғни, кешке

<sup>383</sup> байқұс

Сені мен түсіндім, опасыз екенсің,  
Көңілге опат, жанға пәле екенсің.

Мұншама жандар алып тоймадың халайықтан,  
Ей, сұлулық бағы, неткен көзі қара екенсің?!

Әзелде не күнә жасадың көңіл, игілерден  
Мұншама ауыр бейнет һәм жаза екенсің.

Кейде басса аяғын жүзіме наздана дер:  
«Аяғым ауырды, не өрме екенсің!».

Жүзіне көп қадала қарасам маған күліп айтар:  
«Атайи, не көзі тоймас байқұс екенсің?!



Ей, меңдері мушк<sup>384</sup>, жеңі лала, көзі аһу<sup>385</sup>,  
Бұрымың қамында ұстады көңілді қара қайғы.

Ой-най, қашан айырылу түнегінің таңы атқай,  
Болды маған осы жарық дүние қараңғы.

Көңілім асылған жыландай шашыңа, аһ,  
Не пайда қылар енді, міне білмей жедім ағу<sup>386</sup>.

Сөз жарыстырса балдай тәтті ерніңізбен сұрайын,  
Аузыңызбен тарлық таласар пісте не жарғу<sup>387</sup>.

Егер қауышу жағасына қарай қол созсаң Атайи,  
Жүрегінді сула, ыстығы жаныңнан ілікйу<sup>388</sup>.



---

<sup>384</sup> мускус (кейбір жануарлардың ұрық безінен алынатын хош иіс зат)

<sup>385</sup> киік, яғни марал көзді

<sup>386</sup> заһар, у

<sup>387</sup> жарар, яғни пістедей тар ауызыңыз не нәрсеге жарар

<sup>388</sup> өтер

Меңізіз жұмақтың бақшасы ма еді бұл,  
Ауыз не жаңа ашылған бүршік пе еді бұл?

Қаракшы көздерін көрген (жан) айтар:  
«Ғажап Түркістанның қуы ма еді бұл?».

Шығар әр сәт сайын жүз мың әдіспенен,  
Періште сипатты адам ба еді бұл?

Жаһанды (жаулап) алды Жүсіптей көркі,  
Сұлулық Мысырында сұлтан ба еді бұл?

Жазуы гүл жапырағында көрінер,  
Жазуының тозаңы ма әлде райхан ба еді бұл?

Дөңгелек күміс оймақ не зинахдан<sup>389</sup>,  
Хош иісті бұрым не басы имек таяқ па еді бұл?

Атайиды көріп, өзінше айтар:  
«Және ол кезбе міскін бе еді бұл?».



---

<sup>389</sup> иек шұңқыры

**М**аған күш көрсетер ол сүйікті қашанда,  
Балдай тілден ащы сөйлер қашанда.

Кезіп күннің көзін үйден-үйге,  
Жүзінен нұр қалайда қашанда.

Көзі қасынан оқ-жайды кетіrmес,  
Көңілдер құстарын аулар қашанда.

Бұрымының самалынан жүз қызғанып,  
Өзін отқа салар әнбәр<sup>390</sup> қашанда.

Опасыз тұла бойлар қайғысынан,  
Көңіл жапырақтай тербелер қашанда.

Ғажап, өздері сүйген кісіні,  
Жапаменен сынайды игілер қашанда.

Атайи өлеңінен ләззат алар кәсіп,  
Сол ерінді суреттеуде шекер қашанда.



---

<sup>390</sup> Балықтан алынатын хош иіс зат

**Х**ош иіс хат алыс жанмен жолдас,  
Ал, Қызыр мәңгілік сумен жолдас.

Төгілген жаз жаңбыры қылдым жасымды,  
Бұлттай сәулелі аймен жолдас.

Қарасы көздеріңнің ағыменен,  
Ғажап күпірлік иманмен жолдас.

Ойың болды қонағым, не болар,  
Қауышуың болса қонақпен жолдас.

Оқ атсаң бұл көңіл жүз жарасынан,  
Барады әр жыртық жебеменен жолдас.

Ей, тәуіп, сұрама халімді, болмас,  
Махаббат дерті дәрменмен<sup>391</sup> жолдас.

Көлігінде Атайи осы жолда,  
Болар шымал Сүлейменменен жолдас.



---

<sup>391</sup> ем, шипа

Сөзіндей шекер, аузыңнан сутудә<sup>392</sup>,  
Жоқтықтан келгені жоқ болар ужуда<sup>393</sup>.

Ерніңнің мәңгілік суында ей, Жаратушы,  
Бинәфшә<sup>394</sup> суреті не мушк-е судә<sup>395</sup>.

Қолжазбанды жазарда көркем кәтіп<sup>396</sup>,  
Менің демімнің отынан алды дудә<sup>397</sup>.

Көзің кірпік оғын атуды қалар, дад,  
Жолықтым мен, кәне толған қабуда<sup>398</sup>.

Жамалың Қағбасында парыз болды,  
Қасыңның михрабында жасамақ сәжде.

Олар сізді мейірі аз дейді,  
Мені дейді опа беруде азмудә<sup>399</sup>.

Атайи жүрегін көңіл көзі(мен),  
Ұстайды кейде отта, кейде суда.



---

<sup>392</sup> мақталған, дәріптелген

<sup>393</sup> болмыста

<sup>394</sup> фиалка

<sup>395</sup> езілген хош иіс

<sup>396</sup> көшіруші

<sup>397</sup> күйік, ыс, түгін

<sup>398</sup> садақтың қолмен ұсталатын орта жерінен бір ұшына дейінгі аралық

<sup>399</sup> тәжірибесі бар, сыналған

**К**өктем болды, кел, ей қызыл шырайлы, бостандар ішін  
кезе(йік),  
Жамалыңның сұлулығынан гүл мен бостанды безе(гін).

Егер қысылмастан наргис<sup>400</sup> жүзіңе қадала қараса,  
Әмір бер, лала гүлі қылышымен шапсын екі хунризә<sup>401</sup>.

Ұялғаннан қызыл гүл көйлегі қара терге батсын,  
Жүзі гүлзар жаққа қызғылт түсті бағын безе-безе.

Шашу шашсын қызыл алтын, күміс гүлмен әшкуфә<sup>402</sup>,  
Таң самалы дәруіштер секілді қылып жолыңда дәрийузә<sup>403</sup>.

Көріп гүлді жүзіңді ойлап әр таңда зар еңіресем,  
Аяушылық жаса бұлбұлдай мені міскін сәхәрхизә<sup>404</sup>.

Шарапхана мақамы хош, хижаз<sup>405</sup> әуенін төмендет,  
Қарсылас сөзіне қарама, туралап қисықты тірілте.

Атайиды егер өлтірсең, сол айдан көңіл үзбес,  
Тағдыр сен һәм неше қылдың бұл мұңдымен истезә<sup>406</sup>.



---

<sup>400</sup> гүл

<sup>401</sup> қан төге, қанды қол

<sup>402</sup> ашылған

<sup>403</sup> қайыр сұрап, садақа сұрап

<sup>404</sup> байқұсқа

<sup>405</sup> Иран әуені

<sup>406</sup> айналу, кезу



**Е**й, сұлтан, ғашықтық елінде,  
Құлың ғой ай мен күн зәрхәридә<sup>407</sup>.

Жүзің сұлулықтың жиынтығы,  
Оқиды гүлді одан бір жәридә<sup>408</sup>.

Кәне сиқыршы көзіндей имансыз,  
Қытай, Шын-Машын куффарида<sup>409</sup>.

Табылмас сұлулық бағында бойыңдай,  
Ниһал-е наз бірлә пәруәридә<sup>410</sup>.

Шашыңның шынжырына диуана болайын,  
Егер ақыл мен сана болса жерінде.

Бақталас үйін сұрайсыз: «Қай жақта?», деп,  
Жаһаннам төрінде, тәхтүс-сәридә<sup>411</sup>.

Атайи болды осылай сұхбат баянын,  
Құзыры қалмады шәһр-е һиридә<sup>412</sup>.



---

<sup>407</sup> күл, күң

<sup>408</sup> жапырағы жоқ бұтақ

<sup>409</sup> кәпірлерінде

<sup>410</sup> баптап өсірілген жас көшет

<sup>411</sup> жер астында

<sup>412</sup> һирид қаласында

**Е**й, жүзі Қағба, қауышуың айырылу зұлымдығынан пана/h/,  
Қастарың михраб<sup>413</sup> болар ақыл иелеріне қыблағаh<sup>414</sup>.

Себебі түсіпсің сұлулықпен игілер ішіне ғаріп,  
Мен ғаріптің ахуалына жүрек көзі ұшынан бір нигаh<sup>415</sup>.

Ләззат бұрымыңнан желпісе молама жел хош иіс,  
Оқиды киелі әруақ: Тәйибаллаһу сәраh».

Сұлулығыңа ауру жүрегімдей қылды мейірімді артық,  
Күн көзінің жанындағы мейірімді гийаh<sup>416</sup>.

Аh, егер күнә болса игілерді сүю акиретте,  
Дүниеде келмейді ешкімге менен көп күнә/h/.

«Сифр»<sup>417</sup>, «әлифдек»<sup>418</sup> тұла бойың мен аузыңды көргеннен бері,  
Жоқ қой зікірім менің ертелі-кеш өзге «yh-yh»<sup>419</sup>.

Аяқ топырағыңда өтерде сүрткелі сары жүзін,  
Пәк діндер жолында болды Атайи ру бар раh<sup>420</sup>.



---

<sup>413</sup> мешітте имам тұратын жер

<sup>414</sup> яғни, қыбыла

<sup>415</sup> қарау, яғни көз ұшымен бір қара

<sup>416</sup> өсімдік

<sup>417</sup> ноль, яғни аузын ноль санына ұқсатып отыр

<sup>418</sup> арабтың бірінші әрпі, яғни тұла бойын тіке әліпке теңеп отыр

<sup>419</sup> яғни, Алланың зікірінен басқа

<sup>420</sup> бетпе-бет

**Ж**аным садақа ол көзі ауру сәнәмға<sup>421</sup>,  
Бастан түсіріп ұзын шаштарын салса қадамға.

Қағба құрметті деп есігінің қожасы болыппын,  
Кәпір көзі не деп оқ атар сәид-е хәрәмгә<sup>422</sup>.

«Мим»<sup>423</sup> аузыменен бұрым мен бойы «ләм-әлифтен»<sup>424</sup>,  
Ой-ной, нетейін, жарым көңіл қалды әлемге.

Мен зорлықпен сізден бет бұрамын ба, бірақ,  
Шегі керек ақыр, сүйіктім, жәур-у ситәмға<sup>425</sup>.

Бұл мезет, әсемдік ұлысын сұлулықпен алдың,  
Мейірім жаса, жетпес адам, әрине, бұл мезетке.

Хал-хатыңыздың мейірін жан тақтасына жаздым,  
Сол мезет, мәңгілік кітабы қол ұсынды қаламға.

Кел, сұра бір ауыз ауру Атайиды, бегім,  
Жақұтың қамымен барады мүлк-е 'әдәмға<sup>426</sup>.



---

<sup>421</sup> пұт, яғни пұтқа

<sup>422</sup> харамның қожасына, яғни қасиетті Қағбаның қожасына

<sup>423</sup> арабтың жиырма бесінші әрпі

<sup>424</sup> арабтың жиырма сегізінші әрпі.

<sup>425</sup> қорлық-зорлыққа

<sup>426</sup> жоқ болу мүлкіне, яғни мәңгілік патшалығына

**О**ның сен секілді мақсаты болса,  
Жарайтын аяқ ізі көз нұры болса.

Мейірім әдемі, бірақ көрікті кісіден,  
Қаншама сұлулығының паңдығы болса.

Опасыз сүйіктіден Тәңірі безер,  
Егер сұлулық ішінде жәннат(тың) хоры болса.

Міне сол, сүймесе бір симтәнді<sup>427</sup>,  
Байқұс, егер алтын қару-жарағы болса.

Жаһанды ұстадың жапада егер Атайи,  
Опалықта дүниенің атақтысы болса.



---

<sup>427</sup> ақ дене, яғни нәзік денені

**К**өзіңнің қулығына құлмын кәминә<sup>428</sup>,  
Қаншама талаптанар жаным кәминә.

Қауышуыңнан қиял жетсе бізге,  
Жамалының, кемелдігінің кәминә.

Егер әсемдеушіден бір тал шаш үзілсе,  
Болайын жан талшығын, бұрымың кәминә.

Ғиләлі<sup>429</sup> екеу болды арманнан,  
Ұяты ұқсап қасың кәминә.

Бір мезет аяғыңды сүюге жетейін деп,  
Түседі әр түнде ай көктен зәминә<sup>430</sup>.

Қарсыласыңды жәуәнмәрт<sup>431</sup> етсін Хақ,  
Лайық жасадым дейді дәминә<sup>432</sup>.

Жаратыпты, бейнет-қайғыны жаратқан,  
Атайиды сүйіктілер қайғысына.



---

<sup>428</sup> пақыр құл, яғни мен пақыр деген мағынада.

<sup>429</sup> жаңа туған ай

<sup>430</sup> жерге

<sup>431</sup> жомарт, кемел

<sup>432</sup> сол сәтте

**Е**й, Жаратушы, мені ол маңғаз жүретін тұла бойдан айырма,  
Бұлбұлды сол бақ-бостаннан айырма.

Сүйіктіден айрылумен өлтірме ғашықты,  
Ынтық дененің демін жаннан айырма.

Мәжнүн сөзін Ләйлінің қауымында сөйле,  
Жақып көзін Кенанның Жүсібінен айырма.

Ғашық кісілер мендей сұлулыққа ынтық,  
Ол жомарттық кені мен жақсылық бұлағынан айырма.

Мақсатың егер, заман, менің өлмегім болса,  
Өлтір мені қолында, бірақ одан айырма.

Жаныма менің айрылуды егер мақсат етсең,  
Жанымнан айыр, бірақ сүйіктіден айырма.

Ойшыл қоғамды қаласаң Хақтан, Атайи,  
Бойыңды сол жалбыраған бұрымнан айырма.



Әрқашан түссе қара бұрымың абыржыған көңіліме,  
Қасірет пен қайғыдан болар жан бермек, оңай көңіліме.

Мейіріңіз жазуын шаймас бір мезет те жан тақтасынан,  
Қаншама үйретемін осы надан көңіліме.

Себебі анық, сен сұлулық пен әсемдіктің кеңісің,  
Айып болмас егер мейірім етіп келсең мына ойран көңіліме.

«Бәйтул-әхзан»<sup>433</sup> жасадым көңілім үйін Жақыптай<sup>434</sup>,  
Қыл назар Жүсіп секілді «Бәйтул-әхзан» көңіліме.

Су болар жүрегім ұяттан жақұт болмысыңызбен,  
Келсе кенет сәлсәбил<sup>435</sup> мен мәңгілік суы көңіліме.

Кірпігіңнің оқтарын қаншама аттың өткере,  
Бәрі қалды жәдігерің жаралы жарымжан көңіліме.

Зұлымдықпен қан етейін дер жар Атайи көңілін,  
Келмесе Әләудәулә сұлтанның әділдігі көңіліме.



---

<sup>433</sup> «Қайғы үйі»

<sup>434</sup> яғни, Жақып пайғамбардай

<sup>435</sup> жұмақ суы, зәмзәм суы

**Ж**ақұт ернің үшін, ей, көңілі қара,  
Жасым қан болды қайғыдан бара-бара.

Сенің масайраған көзіңнің арманында,  
Қылар жан шишасын қайғы пара-пара<sup>436</sup>.

Махаббат қиындығын шешуге,  
Табылмас жүрек дертінен өзге шара.

Егер жүз жамау қылса жанға айырылуың,  
Көңілді бермеймін өзге жарға.

Муәххидтарға<sup>437</sup> «Кунту кәнзән»<sup>438</sup> сыры,  
Қуанышпен болсын әшкер(е).

Хақиқаттан хабар күт, ей, мудәррис<sup>439</sup>,  
Қанша тартыс, мәжаз<sup>440</sup> бен исти'ара<sup>441</sup>.

Сұлтандарға дидарың қол жеткізбес,  
Атайыға жетер ме, жүз нәзарә?<sup>442</sup>



---

<sup>436</sup> жамау-жамау, бөлек-бөлек

<sup>437</sup> Алланың бірлігін мойындаушы яғни мұсылмандарға

<sup>438</sup> аят: «Мен қазына едім...».

<sup>439</sup> оқытушы

<sup>440</sup> метафора

<sup>441</sup> аллегория

<sup>442</sup> бақылаушылардан басқа



**Ж**әне талиғ<sup>443</sup> жомарттық қылды, қауыштым  
ділситанымға<sup>444</sup>,  
Тағала Алла, барша дәулет, мың шүкіршілік жанымға.

Егер таң сәрімен қылған таңғы дұғасы әсер етпегенде,  
Әйтпегенде ниет етіп еді (ішкелі) аспан бір жұтым қаныма.

Ғажап бұлбұл едім қайран гүлістанынан айырылған,  
«Бихәмдилләһ уәл-миннә»<sup>445</sup> табыстым гүлістаныма.

Сені көрмей өлер болсам, періште келсе топырағыма<sup>446</sup>,  
Шыдай алмай кетер, менің айқай-шуыма.

Айырылуыңда жапалар, қатты жанды көңіл көрді,  
Өмір бойы келмейтін еді күмәныма.

Қызыр өмірі мен Нұх жасы һәм Жәмшидтің мүлкін,  
Тең көрмеймін сенімен өткізген бір сәтіме.

Атайи достардан өтініш етер, өлгенде,  
Дұғаны, көрсеңіз бағыштаңыз рух-е рәуанымға<sup>447</sup>.



---

<sup>443</sup> бақыт жұлдызы, жана туған ай

<sup>444</sup> жүрек қалауыма

<sup>445</sup> «Аллаға шүкір, мадақ»

<sup>446</sup> яғни, бейітіме

<sup>447</sup> үзілген жаныма

**Ж**үзіннен рең алар нәсринмен<sup>448</sup> лала,  
Көзіңнен именген жүз мың ғәзәле<sup>449</sup>.

Қуанғын, неткен керемет,  
Жайлауда бүршік, гүл һәм жалә<sup>450</sup>.

Бүгін өзім сымбатыңның ынтызарлығыңда өлдім,  
Қияметте сұрайын, дадымды халә<sup>451</sup>.

Шашың неткен көз тартар дәулетті жылан,  
Күміс кеніші үстінде жатар орала.

Шығар бүлік, барар әлем қолдан,  
Сәндене жүрсең қол сала-сала.

Не ғажап сергелдең болсам, шар секілді,  
Шашыңның саудасынан түстім бұл халге.

Көкке жетті ол ай есітпес,  
Атайи(дың) қанша бұл фәрийад-у налә<sup>452</sup>.



---

<sup>448</sup> нәркес гүлдің ұсақ түрі

<sup>449</sup> жас қарақұйрық

<sup>450</sup> шық, тасбұршақ

<sup>451</sup> қазір

<sup>452</sup> айқай-зары

**Т**аң самалы егер өтсең сүйікті құзыретінде,  
Бұл жарымжан көңілді баянда тәуіп құзыретінде.

Бақталас сөз қылар бізді несібесіз деп,  
Жапасы бізге не(ге) жетпес нәсіп құзыретінде.

Қарарсың мына менің жарығым, қасіретпен,  
Басым ағарды болмадым жақын құзыретінде.

Қағба айналасына итке харам болады кірмек,  
Мұнша сырлас болыпты қарсылас құзыретінде.

Бетперде аларда жүзіңнен Атайиды шақыр,  
Гүл ашылса керек бұлбұл құзыретінде.



Кірдің түсіме таң сәріде, «Әлминнәту лилләһ»<sup>453</sup>,  
Талиғ<sup>454</sup> және етті мейірім, «Әлминнәту лилләһ».

Мәңгілік өмір сұлулық тонын ұсынғалы сізге,  
Өлтірмес оны қайғы тозаң, «Әлминнәту лилләһ».

Тұла бойыңа дәлдеп «уһ» оғын атса сүйіктілер,  
Тимес саған барша әлем, «Әлминнәту лилләһ».

Жақұтың оты күйдірді болмысымды, алайда,  
Аузың секілді, жоқ қылды «Әлминнәту лилләһ».

Айырылу ауруында мейірім етіп, барша ойың,  
Хош сұрады мені, дембе-дем, «Әлминнәту лилләһ».

Құлшылыққа қабыл еттіңіз, осы байқұсты,  
Ей, құрметті әлемнің патшасы, «Әлминнәту лилләһ».

Ғашықтығың жолында болды Атайыға бәрібір,  
Мейірім мен қорлық, мадақ пен жеку, «Әлминнәту лилләһ».



---

<sup>453</sup> «Аллаға шүкір»

<sup>454</sup> бақыт жұлдызы, жаңа туған ай

Қаншама кездім қауышуың арманында, ah-ah,  
Таппадым қосылуға бір сәт мен жаман адасушы паһ<sup>455</sup>.

Айырылуың ішкізер маған жүрегім қанын шарап орнына,  
Масайрап ішкен түндерді сағынсам гаһ-гаһ<sup>456</sup>.

Татқалы жақұт ерніңнің шекерін жан тотысы,  
Әр уақыт масайрап, дер қайда болса «паһ-паһ».

Сен егер рух көрсетер болсаң сұлулық дастарханы ішінде,  
Өзге игілерге дейді әр уақыт ел «шаһ-шаһ».

Ол айдай иілген қастарына ұксатайын деп өзін,  
Толған айдың өзін көр не жерге жеткізер әр маһ-маһ<sup>457</sup>.

Сен қарсыластың иттігін көр, көре алмай келер,  
Егер көріп сары жүзімді айтар болсаң «каһ-каһ»<sup>458</sup>.

Ей, Атайи, егер көзің Жақып секілді көрмесе,  
Қайтпа ол Жүсіп жолынан, десе мың «чаһ-чаһ»<sup>459</sup>.



---

<sup>455</sup> жол

<sup>456</sup> кей-кейде

<sup>457</sup> ай-ай

<sup>458</sup> «сабан-сабан»

<sup>459</sup> «құдық-құдық»

**Е**й, Жаратушы, ол шағымданушы ма не лала арар<sup>460</sup> үстіне,  
Не қызғалдақ жапырағы ма сәру<sup>461</sup> қарағай үстіне?

Жүз үстіне салсаң тарап қара шашыңды, жеңдерің,  
Жасмин болар, түсіпті дымқыл сүмбіл үстіне.

Суарылған жақұтыңыз үстіне бұл зумуррәд<sup>462</sup> көктер,  
Тотысы қонған секілді қант пен шекер үстіне.

Көздерің жетпес пе еді жанымды тонағалы,  
Бас үстіне үнділік қалың келді кәпірлер үстіне.

Сұлулық кеніші жүзің, ұзын шаштарың сақтар оны,  
«Ой» қалай өкініп барайын, ол екі айдаһар үстіне.

Кірпігің дәрігеріне барса жаралы көңіл,  
Шипа майын бермес (қайта) ұрар инені ине үстіне.

Қаншалық бұлбұл болса Атайи сұлулық сипатында, бірақ,  
Құс ұшырмас ол пері бейне залым үстіне.



---

<sup>460</sup> айлант өсімдігі

<sup>461</sup> қарағай тұқымдас мәңгі көгеріп тұратын өсімдік

<sup>462</sup> изумруд

**Ж**үзіңді көрдім, ей, жан, «Шукре лилләһ»<sup>463</sup>,  
Сүйсінді көңілсіз жан, «Шукре лилләһ».

Үмітім бостанында жүзіңнен,  
Ашылды жүз гүлістан, «Шукре лилләһ».

Іздеген Жүсібін Жақып тапты,  
Құрылды Кенан патшалығы, «Шукре лилләһ».

Қауышуың күні қайта шықты,  
Таусылды айырылу шамы, «Шукре лилләһ».

Айырылуың шөлінде шөліркеген көңілге,  
Жолықты мәңгілік суы, «Шукре лилләһ».

Құрылды сүйікті дәуірі сақи болды,  
Лайық болды дәуірлер, «Шукре лилләһ».

Атайи туралы әрнәрсе дейді,  
Демейді «анты жалған», «Шукре лилләһ».



---

<sup>463</sup> «Аллаға шүкір»

**Ж**ары өлтірер мені, айырылу жағасында,  
Қай жерде болса Тәңірі Тағала аманында.

Қайғы тәубесінде зар еңіреп емтихан етер,  
Білмеймін, не пікірі бар және бұл емтиханында.

Кірпік найзасымен саптарды сындырар,  
Ей, Жаратушы, не мұғжиза бар оның найзасында.

Христиан, Мәсі мәзһәбін тәркі етер еді,  
Егер көрсе еді жақұтты Иса заманында.

Қайрат та қартайды, көріп ақылы майдадан,  
Сөйлерде тістерінің маржанын жақұт кенінде.

Ол қара көзің тоя көрмей лайық болар ма,  
Басым ағарды нағыз жігіттік шағымда.

Қалсын десең Атайи өзіңнен жаһанда ат,  
Аттай жүгір, ол марал көзді жүгенінде.





**Қ**аншама көз салыпсың қылмыс дiңгегiнен менi<sup>464</sup>,  
Көз ұшынан бiр сәт тыйым салма тамашадан менi.

Өр түнi таң атқанша бұрымың ойы ұйқыға,  
Бiр сәт те қоймас қайғы-уайым саудадан менi.

Босағанда көкке жетер едi басым мейiрiмiнмен,  
Жерге аттың шыныдай Мина сарайынан менi.

Болды дария көз жасым, айырылуыңда бiр қауышу жаққа,  
Мейiрiмiннен басқа кiм кешiрер осы дариядан менi.

Өткен күнi бiр фәлсапашы ақылды көрген кiсi,  
Айыра алмайды менi бүгiн Мәжнүндей ынтықтан менi.

Көздерiңдей ардақ тұттым қашық жалғыз тауыңда,  
Айыра алмайды менi олар әсте Анақтан менi.

Болса жұмақта Атайи сенсiз зар еңiрер,  
Салды тозаққа менi ұлы Фирдаусидан алып.



---

<sup>464</sup> яғни, маған

**Х**аным, бізге назар салсаң не болды?  
Кедейді құрметтесең не болды?

Көңіл жүз жаралы болды гүлдей,  
Таң самалындай бір ессең не болды?

Қара бақытым секілді айырылу түнін,  
Кездесуіңнен таң сәрі қылсаң не болды?

Қарап мас көзіңнен насихатшымды,  
Мен секілді хабарсыз қылсаң не болды?

Өтеді демімнің оғы тоғыз көктен,  
Опалықпен жарылқасаң не болды?

Қарсылас пәлелі, ақыры пәледен,  
Құдай үшін қызғансаң не болды?

Кетірді қолындағы жанын Атайи,  
Қолындағасын қабылдасаң не болды?



Айырылуыңда қайғы-қасірет күйдірді тіптен бізді,  
Айқай-шу, есіне алмас айқай-шу жетсе бізді.

Жақып секілді болдық қайғы шайласында көңілсіз,  
Ей, Исадай Жүсіп, сұра бір мезет бізді.

Байлағанша мойнымды ол Қарабақтың<sup>465</sup> бұрымы,  
Көз жасында шөктірет әр мезет Араси<sup>466</sup> бізді.

Қоймайды тәтті ұйқыға аузың қасындағы қалың,  
Еш ұйқыға жіберер ме ондай шыбын бізді.

Сөз теңізінде маржандар секілді сүңгідік Атайидай,  
Егер көрмесе ел не қайғы, игілердің жартысы бізді.



---

<sup>465</sup> таудың аты

<sup>466</sup> өзеннің аты

**Ж**үзіңнің рең-түсінен көмек бер,  
Жанарың іріткі халінен көмек бер.

Көзіңнен сиқыр үшін жүз көмек,  
Пәлеге айла-шарғысынан көмек бер.

Шашың зұлматында қайран көңілге,  
Жүзің қуанышты балынан көмек бер.

Бұзылды өмір бойы айырылу елінде,  
Бойыңның тік көшетінен көмек бер.

«Сәқаһум раббуһум»<sup>467</sup> шарабынан ішкен,  
Қалайды жақұтың мөлдір суынан көмек бер.

Самал жел жеткізбесе бұрымың иісін,  
Әрбір соққан самалынан көмек бер.

Белің-аузың ой мен нүктесінде,  
Атайидың айқай-шуынан көмек бер.



---

<sup>467</sup> «Олардың сушысы Жаратушысы».

**Е**й, Фердаус лала жүзіңмен паңы,  
Көркің секілді мейірім жүзіңе шексізі.

Сұлулық мүлкінде «лимәнил-мулк?»<sup>468</sup> деп айқайла,  
Себебі болды шүбәсіз саған, ей, сұлулық елінің шаһы.

Хотан мен Хитаның ақбөкенін ұялтар,  
Наргистердің бұрымы жаққа түссе назары.

Сұлулық сұлтаны болғалы сен, көңілім ұйысын,  
Кейде олжа қылар, кейде талар ол қара бұрымы.

Бұрымың сипатын жазу үшін жарымжан Атайи,  
Екі көзінің ортасында бозарып-сазарды.



---

<sup>468</sup> «Мүлік кімдікі?»

**Е**й, сүйкімді бағының бір түп-түзу кескіні,  
Жарқыраған нұрыңның сыры ғой жүзің бақылаушысы.

Шағымың алдында айға неше рет шағым етер аспан,  
Бір ұрыс құл бес емес қой патша жұлдызы.

Жан сыйлаушы жақұтыңнан өзге жоқ қой, ей, Иса дем,  
Бейшара ғашықтың өлмектен өзге шарасы.

Ұлы жәннатта көңіл тіптен тыным таппас,  
Кімде-кім болса сүйіктілер қамының әуересі.

Көз ұшынан тойғанша сұқты Атайи жанына,  
Жүрек жаралаушы найзаны ол қылымсудың аяры.



Әр түні қылсам сол іріткі бәбісектің жадын,  
Жуамын жасыммен екі көзімнің сауытын.

Болсын харам көңіліме дерт пен махаббатың,  
Жәбіріңнен өзге, егер, қылсам сенімін.

Бұрымың ойы болғалы басыма саябан,  
Ілмеймін көзіме тақ-тәжін Кейкұбадтың.

Қауышуды қаласаң көңіл жолында аяқ шаңы бол,  
Жүрек иелері онда тауыпты мұратын.

Ей, мүлік һәм көрік патшасы, Құдай үшін,  
Бер, мейірім етіп, Атайи жәбірленушінің датын.



**Е**й, менің ынтама қойған бұрымдай қанқұйлыны,  
Неге сергелдең етесің мен абыржығанды.

Бір көз қиығыңмен жүз мың көңіл олжаң болар,  
Ей, қара көз, кімнен үйрендің мұншама ауды.

Көздерім дариясынан қашанда ойың өткелі,  
Кірпігімнің ұштарынан байлаптын жылды.

Жақұт қантыңның набатын көргелі жан тотысы,  
Жимады ұшудан бір сәтте ұшар қанатты.

Көзге ілмес мал-мүлік дүниенің азады,  
Шер сүйікті қолынан лық толы шарапты.

Ғашықтық сырынан егер азғана пайымдаса факиһ<sup>469</sup>,  
Тәркі етер еді барша фәтуа мен бос сөзді.

Өлгелі жетті Атайи құл айырылуың себебінен,  
Бір сәт, ақыры не болды, сұра бегім ахуалды.



---

<sup>469</sup> шариғат ілімінің білгірі.



**Е**й, бойың Туба ағашы, ей, жүзің жәннат гүлі,  
Шын<sup>470</sup>, Хотан хош иісі мен үнді бұрымыңның құлы.

Барша халықтың ойын жаулап алды,  
Таң желінен есіп гүл үстіне бұрымың сүмбілі<sup>471</sup>.

Егер бетперде алсаң жүзіңнен зар еңіресем не ғажап,  
Гүл ашылса қосыла шығар бұлбұл ғұлғұлы<sup>472</sup>.

Қан жұтамын намыстан шарап құмырасындай шексіз,  
Су ішерде дембе-дем ерніңді сүйсе құлқұлы.

Жүз мың түмен қайғымен қылды Атайиды тұтқын,  
Үндістан бұрымының саудасында маһ-е Кабули<sup>473</sup>.



---

<sup>470</sup> Қытай

<sup>471</sup> гүл аты

<sup>472</sup> сайрауы

<sup>473</sup> Кабул айы

**К**өңіл ауладың бегім, жасырғаның не?  
Жапаны шектен асырғаның не?

Қарсыластарға қылар жақұтың тәбәссум<sup>474</sup>,  
Қанымды қайғыдан қайнатқаның не?

Көңіл шынысында мейірің майы (бар),  
Жапамен оған тас атқаның не?

Жүргенде жеңменен аузыңды жаппа,  
Не болса да, жоқ болар, жасырғаның не?

Атайи, жерге ол бұрымын тигізбес,  
Қара жерге сенің бас ұрғаның не?



---

<sup>474</sup> күлу

Сүйікті, шекер ерніңнің жан тотысының пендесі,  
Мәриямның Исасы мәңгілік суының байқұс пендесі.

Салтанат даулайды барлық ішінде қандай азаттық,  
Болғалы тұла бойыңның бостан сәруі<sup>475</sup> пендесі.

Құл болайын қас ойнатып, көз ұшынан қарағаныңа,  
Жаһан халқы болар жармасқан жақсылық пендесі.

Егер Ирак еліне жетсе, аяқ ізіңнің себебінен,  
Сүрме болар сүрмеге құл Сифахан пендесі.

Егер Шын<sup>476</sup> пұт секілді жүзіңе ұқсаса мысалы,  
Не ғажап егер болса қойшы мен патша пендесі.

Жазу құжатымен бұрымың қылды берік дауын,  
Сүмбіл<sup>477</sup> ұсынып мойнын болды райхан пендесі.

Ей, Атайи, қаншалық сен даулайсың құлшылықты,  
Шыбыңға тимес, алайда болар Сүлеймен пендесі.



---

<sup>475</sup> карағай тұқымдас өмір бақи көгеріп тұратын ағаш

<sup>476</sup> Қытай

<sup>477</sup> сүмбіл гүл

**Қ**ауышу дастарханыңнан, сүйікті(м), бейшара қылдың мені,  
Ештеңесі жоқ дуаналардай бейшара қылдың мені.

Қалмады әлемде бір жәбір-жапа мен көрмеген,  
Жамалыңнан жаман көздей мақұрым қылдың мені.

Ей, жапашы, сен қыласың ақыры бөтендік,  
Не үшін әуелі өзіңе таныстырдың мені?

Ей, көңіл, сүйме дедім, игілерді сүйдің ақыры,  
Бір пәлеліктің елінде ынтық қылдың мені.

Егер Атайидай сені сүйдім, күнә қылмадым,  
 ناریک یکا کینک باغ ابریم دور مکار ای دوست  
 کبرویب دی ملکتم دور مکار ای دوست  
 هر طوطه تابی نیه عدم دور مکار ای دوست

پسین سز بوجمان عیثی الم دور مکار ای دوست  
 لطف و کرمیکتی سین ارمینن ای ساسک  
 دیدار ایله قانع ایاس ابروم اسپا جریک  
 کرم کلوم بوزنی جور ایله چون سنیذان او بورد  
 او معیشتی او خشتا بیلیان کبری سین  
 توری قصه حشیدنی جامی المیکدین  
 او خلعه فداجان کتسم قلیب انور



حصونک کی همیم سیکام هر طوطه زیاده  
 بولدی مکارم مهر و وفا بشه وعاد  
 قانع خاگر مدعی لاری بر سهادت  
 قلیب لی عجب جین میدن بر وق عباد

ای ای یوزونک بنده لاری نجف و حاد  
 کبر و سیکام جور و صاخوی طینف  
 مین لعل لیلیک دعوی سستی بر کز اتا  
 زلفونکنی سیوز بان یوزونک کاجده

میخازد المک ساریب او نوردی لای  
 تاپردی ضم لار ایینه دست ارادت

بر باد و بر بوسه گنجی او تو ز غافل بودی فعل در آن  
 کیس بیستمی بر کاس سال امینون تو از لغو نیک سکن  
 درد عشق کز بود در کم دوستی جانیتم  
 کز ایل در کم اتایی زنا کمل یارینکوه جان

باری انگیلید اولای اولو بخجه سیدنی ایر سب  
 کز نظر قلیام یوز و یکلدن اور کانیوز کافار سب  
 من تیر بلیکوم یوقورور یهوده جان نادر  
 من نیبای بیستمه ارتوق جان جانیتم دین سب



کوزونک جیا ییده یوقور ملادن اوز کاصفا  
 صبا کیتور کالی زلفونک پشمیدن بوی  
 چاکر ایسادی درد عشق مصاحبت یاری  
 کوزونک نی طره آتجی ز اجمید و زک  
 کونکلی تیج بلا ییر لوباره باره نیلایین  
 آتیکجا هر کچه تا صحمد ایستک تا یاتورد  
 اتایی کوز لار کجا بار کال را بیک اورد

و صابینک ارزو سید اسم دعادین اوز کاصفا  
 کونکل تلایا بادی بران صبا دین اوز کاصفا  
 دل تا بلما دی بر بشلادین اوز کاصفا  
 عاشید ا یوقور امینک اوق و یادین اوز کاصفا  
 اکر توقع اتیار و بر یادین اوز کاصفا  
 قان کز سر بر استجای کلا دین اوز کاصفا  
 کوز کالایین ایاس تو سیدین اوز کاصفا



جو سر روجی کم اچیلین بیلادی ایمل کلام  
کیر بیلکین ناوکل لاریدین ساطلا نور کولکوم  
غایت بیکاس لکندن مدعی کافر بولور

بیده بیر سوز بیره لانا بیلدی ایغریکدی سوزدو  
بیر ایقب یازماس نشاین ایلی عیار کین چوزدو  
کرجود المار اتای سیر کا حق موزس کور رس



نی جان نیشی ای پری رخساره محبوب  
سکجا بیرون الای نوح عیرین  
مرا دیم بولما سون مرکز میسر  
بوغم کم نیرد اور بوچسین نیردا  
پسوار سم جور و سم لطین اتای

قاموی باشتین ایاق مطبوع وور  
سکام ز قاتنگه اجبه ایوب  
کونکله اسنیدن ادرک بولر مطلوب  
سینی برسف دیسون لاری نیری  
جو خوب لار دین ی کم کیر ابرو حوت



مر زمان جمیع زمان یوز اوزار لکوم کین  
بولر حاجش و بوچسین ملاست سینه دور  
خبت الما وده کولکوم قلیغای نیشی نیر خار

توشما سون اسلام چنڈا رسم زما زو صلیب  
پاسینی برسف دیسون لاری میجا ایلیب  
نیلا سون کل بولار اتی جنن داعند لب

مرا دیم اول کوزی عبارده دور که با نطری  
یا زوق یسز اولدی کمان ابرو لار جمانی

نهانی عاشق مکیس نامرادی بیلا  
اچکنک بیله ز حال اتا بیادی بیلا



جادو کوزونک که بار دور اینک فتنه قاید  
یریک لاریک کیشنه یار لار که کل المین  
ای نوری تاش کونکلو ارمین ایلامه خراب  
ایشیک تایلاریک مکانت مقبول لاره  
دجه مچاش تیغالی اول بوز نظاره سین

بیوسته ناز و شیوه ایور کفری با سید  
تالان دور آری ایلی جریک نیک سوک شیدا  
کیم صورتونک بیز بلمیش اینک اچی تا شیدا  
بهرج کیم بولماسون کیشی نیک تون و ایشیدا  
چیران دور در خلائی اتا بی معاشیدا



فیروا بونفای بولیم محراب اچنزه اولوزوب  
سیر تو بامور فای مومین دیب طلعبیگنی بولون  
نیشداریک دیک دانه عمان اچن انا مادی  
چخار یخیر ایلام کونکلو م اوپسینک ایشی کین

اولوز ادر مین دجایی نوزونک با نیت  
تولکلو کولمده اولوزور تا جیح من دیک تیلوروز  
هر نیچا کیم ایشا دی مکیس صدق اغنی توروز  
نیلداین فایزین یلوزور لومک خیاالی باش اوروز



نخچه قال نخلاب اتای سوز لاسه درد  
دلین

اورنگا دور اولش بغیر توشیوه جی کول لوسلایا



ای غم و درد یک همیشه راحت و درمان مکان  
عید ابر دور مباد که عمر جاوید آن بیلا  
اشیا سینک مجرده غوغاب بولدم درم قتل  
بولغای ایردی یوسغوم بچرک غدا نیندا سنج  
پرورش بیدم لوکلنی میراورد مکیا ارد  
زلفونکو ز چیرنی سنگ دیوانه سی من ابد  
من اتای من لیک وضعه ایم تخمین او قور

اشیا سینک خال رامی چشم حیوان من  
کرتا سینک یاسی اوجون بولغیل دیسک توکان  
ای بت حین تولی یاغان عهدی نی بیان مکان  
حال ز ایرم نی کوردت سمبر لغان مکان  
میوناقوب لاری سیودی بولدی خصم جان مکان  
یرماسون لوب درد سر بولغیل هروردان مکان  
روح شیرین بر اختر و بلد مند پستان مکان



لوزوم ک سیودی یوزوکلنی حین اعصادی  
بو یونکلنی سرو او تو مان ایلیکا عادت اولدی  
جمال لیکنی الدییک دف و مهر سیک ایلیا

لورار بومشک حن نی بچیک سواد بیلا  
ایرم نهالی نی نسبت بر دیوچه عادی بیلا  
که ملک بان برور شاه عدل و دادی بیلا



ای صاحب فن عشوه بیدار فیدای  
 بیخاس من غجزار غر خاز و امیک  
 ناکر نظرم چاه زخده ایلکده نوشتی  
 کویونک درور من حاجت فردوس کلم  
 در تیشک ایله لطف تالاشان یازور  
 خولایرعلیب حسن و ملاحه مین اچسا  
 ای شهده ملک قلیغوسی دور قیر بجه

عمر انک ایلی دین فالما دی جامع بیدای  
 بر نیچ کل اچید وصالینک جمیدای  
 باغلا ندی کور کل بوسنی زلفینک  
 خوشنور کیسکا بوسه میتم اوز و طیدای  
 بیشتی سوغ غواص انی بحر عدندای  
 مجلس یکی سین دور سین الارا محمدای  
 خاک قد میک بول اتا کی گنیدای



حاصل عمر و تم نوکاندی چیرت و قایغوسلا  
 من نیچوک تشبیه اتای اول بوزنی ای کون  
 قایمیک خوشنور ولی ایکی بوزوم دایمیشی  
 کوز لاری و کلوم الور خالی تو یا بر جانم و داغ

دور برد او نوز مادام اول کوز لاری جادوسلا  
 پستی بو تنور تجلی بوزنی یلک کوز کوسلا  
 سر بون خوش شاق کرد بوز بور اقرار سوسلا  
 ای سیلمان لازیمی اول کافر جادوسلا

اونو تهر خضر آب جی تین  
 فی قاتین ایلم بارکم ایب جان  
 زرا تیک دردی ایند اگوزماک  
 نیلور یوز ایتن ظلمات ای خدا  
 اتای مت سبحی دیوانی ییز

ارشال یاقوت سکر خد نیرکا  
 کونکلی ملک پس اول بوید نیرکا  
 خیس البرز ورم اولد نیرکا  
 مشخ مردم اول جم بند نیرکا  
 کونا صح ضایع ایتب بند نیرکا



ای بیکیم دالد کبر اگاس ند ا جان سیر نیرکا  
 ایل بریک دیر لاری منی کونکوم داخل ایتیم ولی  
 سیر ضم لار خانی دور سیر بنده کیم نیر انچه قول  
 جور و کلموز مهر وفا دور در دیکلر عین دوا  
 در صلیک نیر عمر دم کلی دور شو قید امین عند سب  
 سیر بو یوز شستا فی دور میں باغ رستان کیم کوبولور

مهم حیات خضر و عمر جاودان سیر نیرکا  
 بر نیریک بیکت باه بلور یوز میک کاکان سیر نیرکا  
 بو کما سون او بو اولوس تاخان دکان سیر نیرکا  
 فی المثل کور اولور دور سیر مهر بان سیر نیرکا  
 یاز فضیلین دابولور وقت غزان سیر نیرکا  
 بو کما سون نیرین دلاله ارغوان سیر نیرکا

میش انای من چینی حسن ایچ خدا سن چمن  
 کوبلا دور در روضه باغ خان سیر نیرکا

کرج ریب مدنی مردم خوارج لیس جلور  
سورساک اتای حیره نی رکاه بخجیات

بمراه و مدم بیت الی عبا بولسون پسنا  
ای شسوارم تا ایش لارکد ابولسون پنا



لردون دین اوتا رنا لاریم کج لاردا  
زهره یارلیور درد فامیدا کونخل دین  
یونفورنم ورنج رالم دقایعوز دین اورکا  
اغنی دمیدور بشام و سحر نقل دشرام  
بحران جیرکی بسک اورور حاقه یسخون  
یاد ایلاسام اول شوخ قراغی قزه کورنی  
زننی عمیدن اولسام اتای سی بسکین الیکا

بیما پس نیای اول باه عدا ریم کج لاردا  
اسی کدیغی اوق نی یاریم کج لاردا  
بحریند امینف مدم و یاریم کج لاردا  
لحسی غمی دور دنع غاریم کج لاردا  
دنیا نی تو تار درد و غاریم کج لاردا  
قانایس نیاین جسمه و غاریم کج لاردا  
بولغوسی دور یاریم کج لاردا



امید وصل دور با بدیرکا  
اوشال یوز داغیز جمار لسی دا

میسر بولسا هر چند یسزکا  
غایت لار قیلور کل قند نیرکا

ای ای ای ای صدق و احاطه یک بیست و یک قیل و دعا  
 یا رحالم دور اگر سیسویان از خود بیسلیسون



سکد یک طهر بوی تند و سگدا  
 تیلار لار توشش بولور ای سحر دا  
 کور درم لطف یوز تور بوک خط دا  
 بیزی ای کون تو غار دین کون  
 تصور قیلما پس ایل الاکم دا  
 توروب تور او شوناک جان هم نظر دا  
 توتوب تور لار دو اینه دردم دا

لوزونک یک قنت یوق دور قمر دا  
 یوزونکدا تا بیتم هر سینه تیلایم  
 حطینک غرنیداکونکلو منی بنج  
 تا بیلمکس نسل ادم دین سیکد یک  
 بسینک کور جالین با غلاما قاتا  
 کوزونک کونکلووم اورغ میل قیل  
 انا بی اوشان سیمار کوز لار



اب حیات خضر الیه عمر تقا بولسون سکن  
 هر بیس سوکولچونک اورنیدایوزمین دعا بولسون سکن  
 محشره دالطف و رحمت حق دان عطا بولسون سکن

ای کونکلووم انان در با جانیم فدا بولسون سکن  
 قیاسم نصیحتی کنه قان تو کیده دیس کونکون سکن  
 هر نیچ کیم جور و جفا تیلدیک منکابور دنیا دا

حال بولدی کو کل فرانیے پیر لا  
 زلفونک جیر کی حال ملیسن  
 غنچه سو بوب تو بیغہ سنجاس  
 مجلس و اجا غیر دن ایل ار سورسا  
 توس قوتیلا ماک کا حد میر یوق  
 عشقیدا اتر باشیم افار دی  
 کوز او نیایب ارتی لار کو کل فی  
 عاشقہ جاتینک ریسین  
 خوب لار دین انای لطف ایتر

کویدی جائیم اشیتا قی پیر لا  
 الدی کوز زلف اتنا تے پیر لا  
 ارخا تسام او تو تک بشا قی پیر لا  
 میں جام جمال ساتے پیر لا  
 ساغین باری دور ایانغی پیر لا  
 پیر با تادی کوز قزاقے پیر لا  
 ایکی تاشے جنت رتاتی پیر لا  
 اسپرودانی یوق یراتی پیر لا  
 خان لار غنی ایلس سیتی پیر لا



احوای طالع محل دور بر لطف قیدانک مکان  
 میں کن ہی قلمایم نیکدی بیور قیام داعی  
 ای ملک باشینک مو ایور ولدی بیور تو تصور و ک  
 جرمک دبلر فقا تینده المیادینک یویم ی سو

ہم ببولغای حد طم و غایت جور و حضا  
 او شتہ یانم تو بہ کاسیدن گرم منین خطا  
 نامراد ای ملک مرادین قلمادینک یر کون روا  
 ای میں بخیم ل بولدی بخششی یو قبل سال سو غا

مکنا اول دنیا و جنت نی حاجت  
 سایب بار یا مینی ای یونس حسن  
 او زون ساچیکدن او زاس مین  
 یلار ایل منصب عالی و بیکن

ایسی کلک توراعی بس دور کون  
 بو کون یعقوب یک بیت الحزن دا  
 ای عینک قانده بو پر باشیم ادا  
 ایسی سپرو ارا دیکنه ندا



مرده میردی صخدم زلفونک سپیندن صبا  
 بو زوم سور توام ای غیش خاک راهین کوزوما  
 غنچه بولدوم غم ایلمک دامینک غم پیمان  
 حیم زلفونک نون قاسینک قهد جان ایلات  
 لاله اوختا اوزین رخسارینکا معذور تو  
 نی علف سیک مری بار دور نی سیک تو کلکودم  
 ایسا لیکدا اوز عالی بولدن امار دارا کناه

جان موطر بولدی تو کلکوم تانی بو زور تو ک صفا  
 دیدیم ای جان عدمی امان و سهلا سر جا  
 کل سیکن جان تو کلکالی چیرت بیلا بولدی قبا  
 باقی بوسون لطف اتب کیردی الفقه سیک ارا  
 یازیده اور باشیخه تو بتان دور اول تو کلکی قرا  
 یانک جورنی نکار ایاسینک دردینک مکنا  
 جهر و سنی قلدی ایسی رشک ایلمد کما



میل و قایم دین اتایی موخت تو تا امید

اول اغیز سلیک خیالی سر حاجی کونکلی



ای خدا رحمی سال اول جان و جهانم کونکلی کا  
در دغم طاعتده جانمار چکانم فرادیت  
بیوفایتدن مخمر بولغای ایردم کاشکی  
کل سکن جان کونکلیکن بوزاره قیدی خار  
کوز لایم مینک جو بارین میل اشکم قیدی مار  
پار جایت توش رحمی کیدی درد جانم تو  
یاردین سور سام اتایی در دینی ایوردوا

سیر اثر قیغای مینک اوه و فغانم کونکلی کا  
بولمادی معلوم او شال شترین دایم کونکلی کا  
سیقای ایردم باری اول امهر بایم کونکلی کا  
تانب میلی انکلا بقیل افو کلت تانیم کونکلی کا  
رغبنتی بولغای مو اول سپره روانم کونکلی کا  
کیممادی رحمی رقیب بد کایم کونکلی کا  
بس ایاس مو بو مینک درد نهانم کونکلی کا



جاملینک وصفنی قیدم حسن را  
تفا قیغای لعلینکی کونکلی م  
جو جانیم دین عزیز جانایه

قیراردی کل او یامین اجمن را  
بیشی پیمایس ای کم قالدی قاندا  
کیر ان کیمس جان کخاسین قیر برن را





باستم فی قیاس امید ابرار پستان برلا  
 کیشی یوسفی ایاس موستاع رایگان برلا  
 فلک سیرنی جد ایملاس بوگون بود مکان برلا  
 چاکیم لیدیک المکیدن پورا کیم تولدی فان برلا  
 عدم یولغیف یوز قویدی ایایی یوق کمان برلا

تیلار من حق تعالی دین کو بوسام دستان برلا  
 میذا سگ جان وصال او جون توای جانجو برلا  
 سیر نیک پرنیک ارامیزه ازلدین قرنت جانجو برلا  
 نی بولدی ای کوزی اوتون سگایر کو مادی  
 سکر اغیک تمناسی وجودی با علاعای سوس



یا امید دولت وصل وصالیند بولماسا  
 سحر حسن و ملاحظت زلف و جایک بولماسا  
 کروفا قیماق تده عاشق وصالینک بولماسا  
 تفکر دین تون کرن تیلار من کیم زرا لیک بولماسا  
 لی عجب محشر دایم سوردوق سوا لیک بولماسا  
 بو تیریک لیکدن کو کخل کرانتمعا لیک بولماسا

اوبسورور ابردی منی بجران جایک بولماسا  
 ای وکون ذره محارض بولغای ابردی نوردو  
 سیومکای ابردی کیشی عالمده سیدین اوزکای  
 ای جایک خسر و سیاره حسن املایکده  
 پیجر بولسا ملک کور کاج سینی انسان سکن  
 ادبی سئدین ایاس کیم اول بری دن ایر بولماسا

# دیوان شیخ زاده انانی

ای که خیلار کوز کوسینده اوزین اهلار ایلا کان  
 نرکس عیاره لاردا کوزو ایمان کوزو کوزو  
 طره سی طرار لار مشیکن عسری لطفی دین  
 سرود قد لار رفو خالین دانه و دوام ایلا کان  
 حسن باغیذا بو شیش و لار بیک سیر قیدا  
 غمزه بی غار لار بیک کیر بیکسین فی طلب  
 ای یوز لوک زهره کوز لوک زلفی یلدا کوکلی  
 یروباری کم صنم لار اغزی سوز سوز لا  
 لیلته المعراج کاشینده ایکی یاکینتورود  
 دین و ایمانم دین ابرمه دم افر مینی  
 قبل انانی بیک نال عبا حسنین ال

هم اوزی اول کوزو کاکا تومنی زار ایلا کان  
 قدرتی برغنج دینم خار و کلزار ایلا کان  
 انفعال ناه حین بره تانار ایلا کان  
 عاشق سحاره بیک کوز بیکسین کوز قار ایلا کان  
 اهل دل لار خاطرین عکسین و غمزار ایلا کان  
 حسته مجروح لار بغیرینی انکار ایلا کان  
 مهربانی کم جو برنی بسیار ایلا کان  
 صغیدین مبر نفس دایه قیس بار ایلا کان  
 قاب کویسین اتا دین خبر دار ایلا کان  
 ای صنم لار زلفینی یلیم کار زار ایلا کان  
 ای محمدنی ایکی عالم دینجا ایلا کان





№ знакъ памяти подарен  
на фатами Хамовъ Теллеръ  
Бехи таврусскимъ 1818  
года Мая 12 дня  
Князь Михаилъ Бибиковъ



፳፻፲፱ ዓ.ም. ጥቅምት ፳፱ ቀን  
ግብርና ጋራ ሚኒስቴር

## ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР

Атайи

### ДИУАН. ҒАЗАЛДАР

Көне Тұран өлкесі қашан да шайырлардан кенде болмаған. Ежелгі түркі дәуірінен бастап, бүгінгі ХХІ ғасырға дейін қаншама түркі ұландары әдебиет айдынында жүзіп, сөз маржанын тере білген сөз зергерлері болғанына кәрі тарих куә. Арысы «Афрасияб», «Шу батыр» секілді көне дастандардан бастап, мәңгілік өшпестей етіп, тасқа қашалған «Тонькөк», «Күлтегін» жазбаларына дейінгі тарихи-әдеби жәдігерлерде бір жағынан түркі жұртының өжет хәм асқақ рухы бар десек, екінші жағынан түркі болмысына ғана тән өлең өрнегі мен өзіндік ұйқасы жатыр. Айтар ойын өлең сөзбен өрнектеп беруге жақын болған түркі ұландарының әдебиет әлемінде жиі көрінетін тұсы, сөз жоқ, орта ғасырлық кезең болатын. Алды VIII–IX ғасырлардан бастап, Хақ дін – Исламды қабылдаған түркі халықтарының әдеби-мәдени өмірінде үлкен серпіліс болды. Батыс ориенталистері мен орыс шығыстанушыларының, сондай-ақ кеңес түркітанушыларының «Шығыс әдебиеті» деп, тамсана хәм таңдана жазатын әдеби жәдігерлерінің басым бөлігі, тіптен бәрі де Ислам өркениетінің аясында дүниеге келген шығармалар еді. Себебі Ислам діні жалпы адамзат баласына рухани азық беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге көршілес жатқан халықтардың мәдениетін бір-бірімен таныстырды, соның нәтижесінде өркениеттер тоғысты, әдеби-мәдени сұхбат болды. Араб, парсы хәм түркі сөз өнерінің өзара ықпалдасуының негізінде «Шығыс мұсылман әдебиеті» деген ұғым қалыптасты. Араб, парсы жұрты орта ғасырда дүниеге келген шығармаларына «Классикалық туындылар» деген айдар тақты. Түркі сөз өнерінің ең бір кемелденген тұсы да сол кезең болатын. Жүсіп Баласағұн, Ахмет Йүгнеки, Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Сәккаки, Атайи, Сәйф Сараи, Харазми, Науаи секілді (тегіне «и» қатыстық сын есімін жалғаған) көптеген ақындардың шығармалары бұл күнде барша түркі мұсылман жұртының мақтанышына айналып отыр. Ислам өркениетінің аясында қалам тербеген олардың көтерер басты тақырыбы – имандылық ұстындары, шарифат шарттары, кемелдену жолдары, адамгершілік негіздері секілді барша адамзат баласына тән адами қасиеттер болатын. Игі қасиеттерді бойына сіңірген жан кемелдіктің шыңына яғни «кемел адам» дәрежесіне жететінін олар насихаттады. Осындай мәңгі өлмейтін тақырып төңірегінде қалам тербегендіктен де, олардың асыл мұрасы біздің заманамызға дейін жетіп келді. Барша түркі мұсылман жұртының асыл қазынасына айналды.

XX ғасырдың басына дейінгі түркі жазба әдебиеті, негізінен, османлы және шағатай тілі болып екі бағытта дамығаны белгілі. Кіші Азиядағы түркі бауырлар оғыз диалектісі негізіндегі османлы жазба тіліне арқа сүйесе, Хорасан мен Мәурәннәһір аймағының шайырлары өз ойларын өлең сөзбен өрнектеуде шағатай (мұның өзі де шартты атау) түркі жазба тіліне жүгінетін. Түркі даласына Ислам діні келгеннен кейін түркі жазба тілі қарлұқ, оғыз-қыпшақ, қыпшақ-оғыз-қарлұқ, қыпшақ-оғыз болып бірнеше даму сатыларынан өткені белгілі. Ғылымда «шағатай тілі» ретінде мойындалған түркі жазба тілі осы түркі халықтарының диалектілерінің негізінде пайда болып еді. ХУ–ХУІ ғасырларда түркі дүниесі ыдырап, бірнеше ұлттар мен ұлыстарға бөліне бастаған тұста да жазба тіл ыдыраған жоқ. Сондықтан да Еділ бойында жазылған шығарманы Кіші Азиялық оқырман тәржімасыз-ақ анық түсінетін, немесе Қашғарда дүниеге келген жәдігер Бұқар елінде ешбір сөздіксіз-ақ ұғынықты болатын. Тіпті ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде өмір сүрген Алаш арыстары мен өзге де түркі ұландары бір-бірімен хат алысқанда да түркі жазба тілінің көмегіне

жүгінетін. Хәкім Абайдың «Әлифдек ай йүзіңә ғибрәт еттім» деп өлең жазатыны да сол кез. Шәді Жәңгірұлы шығармаларының барша түркі мұсылман баласына түсінікті болатыны да сондықтан.

Десек те, XX ғасырдың алғашқы ширегі тарих қойнауына әр түрлі ағымдар мен мектептердің, теориялар мен концепциялардың кезеңі ретінде тарих қойнауына енді. Соңғы екі-үш ғасыр көлемінде «шырт ұйқыға» берілген мұсылман жұрты қайта оянып, етек-жеңін жиып, жоғын жоқтап, барын түгендеуге көшті. Сол тұста әуелі қадымшылар мен жәдидшілер болып тартысқан қоғам бертін келе тарих сахнасына түркішілдерді (пантюристер) шығарды, солардың негізінде ұлтшылдар пайда болды. Бір дыбысқа бір әріп қағидасын қолға алған әр ұлттың жанашырлары ұлттық әліппе жасаймыз деп жүріп, түркі тұтастығына сызат түсіріп алғанын өздері де байқамай қалды. XX ғасырдың жиырмасыншы жылдары отарлаушы ел тарапынан әр қайсысына бір-бір төлқұжаты беріліп, орта ғасырлық ортақ қазыналарды еншіге үлестіре бастады. Бұл салада отарлаушы елдің түркітанушылары белсене атсалысып, рухани тұтастықта болған түркі әлемін бөлшектеуге кірісті. Содан шағатай түркі жазба тіліндегі бар асыл мұра өзбектің еншісіне берілсе, Алтын Орда тұсындағы әдеби жәдігерлер татарлардың үлесіне тиді. Қараһандықтар тұсында дүниеге келген Махмұт Кашғаридың «Диуани лұғат әт-түрк», Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік», Ахмет Жүйнекидің «Ақиқат сыйы» секілді барша түркі мұсылман жұртына ортақ мұра, тек ұйғырларға тиесілі деген сөздің шығатыны да сол кез. Мың жылдық ортақ әдеби жәдігерлер бөліске салынғанда қазақтың еншісіне жазба әдебиет нұсқаларының бірде-бірі бұйырған жоқ, тек бай ауыз әдебиетін ғана қанағат тұтты. Тіпті қазақ әдебиетінің тарихын Абайдан бастаған кездеріміз де болды. Сол кезеңдерде өзінің түп негізіне терең бойлаған ғалымдарымыз орта ғасырлық жазба жәдігерлерде қазақтың да үлесі бар екенін жазумен болды. Содан өткен ғасырдың 70–80-ші жылдары Қараһандықтар тұсындағы шығармалар қазақшаға тәржімаланып, ғылыми айналымға ене бастады. Ал, Алтын Орда тұсындағы жазба ескерткіштерге бірден еніп кетуге батыл бармастан, көп тұралап қалдық. Құдайға шүкір, кеш те болса, жоғымызды түгендеп алғандай болдық. Бірақ оның өзі де ала-құла. Бір ғана мысал, Бабырдың «Бабырнама» атты тарихи-мемуарлық шығармасы қазақ әдебиетінің тарихынан орын алғанымен де, оның таза көркем әдебиетке қатысты ғазалдар жинағын өзбектің еншісі ретінде қарастырамыз. Сондай-ақ, әдебиет теориясын жазғанда да әл-Фарабидың трактаттарын санамалап шығамыз да, содан бірден XX ғасырдағы Ахмет Байтұрсыновтың «Әдебиеттантықышына» ораламыз. Тағы да Бабырдың өлең өлшеміне қатысты теориялық еңбегін айналып өтеміз. Осы орайда «Бабыр қазақ әдебиеті тарихында қай тұрғыдан орын алады?», – деген орынды сұрақ туары анық. Әдебиет тарихына Бабырдың «Бабарнамасы» еніп, ғазалдарының енбей қалуында қандай өлшем бар? Міне, осы секілді сұрақтар күн тәртібіне шыққан уақытта бұл салада әлі де ойланатын, терең ойға салатын тұстардың бар екендігі айқындала түседі. Бұл тек Бабырдың төңірегіндегі ғана мәселе емес, басқа орта ғасырлық шайырлар туралы да осыны айтуға негіз бар.

Бүгінгі біздің әдебиетті жүйелеуде, дәуірлеуге келгенде өзіндік ұстанатын қағидаларымыз бар. Әсіресе орта ғасырлық түркі жазба жәдігерлеріне келген уақытта мына негіздерге арқа сүйеудеміз:

Біріншісі, мекен, яғни территорияға қатысты. Орта ғасырлық ақын біздің өлкеміздің (еліміздің) тумасы болуы керек. Мысалы, әл-Фараби сияқты. Оңтүстік Қазақстандағы Фараб кентінен шығып, Шам шаһарынан топырақ бұйырған. Бар шығармасын сол кездегі ғылым тілі болған арабша жазған.

Екіншісі, тілдік ерекшелік. Әдеби жәдігердің тілі бүгінгі ана тілімізге жақын болуы керек немесе сол негізден тараған, яғни қыпшақ тармағына жататын болуы тиіс. Мысалы, орта ғасырда Мысырды билеген мәмлүк қыпшақтарының жазба мұрасы секілді.

Үшіншісі, бауырлық, туыстық байланыс. Ақын басқа өлкеде жасағанымен де, оның ұрпақтары бүгінгі Қазақстанда болуы керек. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулати. Кашмирде өмір сүріп, сонда топырақ бұйырған. Шығармаларын парсы һәм түркі тілдерінде жазған.

Орта ғасырлық түркі мұрасына біз осы үш өлшемнің аясында ғана еніп отырмыз. Бірақ соның өзінде де бай асыл мұрамызды толық түгендедік дей алмаймыз. Біздің өлкемізден шыққанымен де, басқа елдің топырағы бұйырған, соның салдарынан «бауырларымыздың еншілеріне бұйырған» асылдарымыз бен арыстарымыз жетерлік. Сондай ақындарымыздың бірі һәм бірегейі – Атайи. Жоғарыда атап өткен үш өлшемге де сәйкес келеді: өлкемізде туылған, қыпшақ элементтері бар түркі жазба тілінде қалам тербеген, ата-бабалары біздің елімізде жерленген. Өкінішке қарай, артында өшпес мұра қалдырған ақын мұрасы қазақ әдебиеттану ғылымы аясында арнайы зерттеліп, зерделенген жоқ. Шығармаларындағы «дүр, илән, білән» деген оғаш сөздеріне қарадық та, көрші бауырларымыздың мұрасы деп, жәй ғана жауып қойдық. (Егер осы өлшеммен қарайтын болсақ, онда XX ғасырға (XX ғасырдың басындағы кейбір шығармаларды да) дейінгі әдеби жәдігерлерден бас тартуға тура келетін еді. Бірақ та түркі жазба тілі бүгінгі қазақ тілінің даму сатысы болғандықтан да олай жасау тіптен мүмкін емес). Содан Атайи мұрасына әдейі ат басын бұрған қазақ әдебиеттанушылары болған жоқ. Соңғы уақытқа дейін көрші жатқан бауырлас елдің ғалымдары ғана зерделеумен келеді<sup>1</sup>.

Атайи мұрасын алғаш тауып, ғылыми айналымға түсірген, әрі алғаш болып шайыр мұрасы туралы ғылыми мақала жазған атақты түрколог, академик А.Н. Самойлович болатын. Ғалым тапқан сол жалғыз нұсқа бүгінде Ресей Федерациясы Санкт-Петербургтағы Шығыстану институтының Шығыс қолжазбалар бөлімінде 22 В-2456 нөмірімен сақтаулы тұр (Қолдарыңыздағы кітап сол асыл нұсқаның негізінде жарияланып отыр).

А.Н. Самойловичтен кейін Атайи мұрасы хақында бірқатар зерттеу еңбектері жарыққа шықты. Шайыр ғазалдарының біразы бауырлас халықтардың әдебиет тарихына қатысты кітаптарда, антологияларда, жинақтарда бірнеше рет басылды.

Түркі тілдес елдерде Атайи диуаны ғылыми айналымға еніп, біршама зерттеу нысанына айналды. А.Бомбачи, Ф.Көпірлізаде, Э.Якман, Фитрат, Э.Рустамов, Н.Маллаев, И.Хаққұлов секілді ғалымдар шайыр шығармашылығы, оның түркі әдебиетіндегі алар орны туралы өзіндік пікірлерін білдірді, тіпті араб әліппесіндегі «Атайи» тахаллусының кирилл таңбасында қалай жазылуы керектігіне дейін ғылыми айтыс-тартысқа ұласты. Осы дауға қатысты мерзімді баспасөз бен ғылыми жинақтарда жарияланған Ғ.Ғұлам, Э.Рустамов, А.Хайитметов және М.Мырзаевтердің мақалалары ғылыми сонылығымен, айтылған пікірлерінің өзектілігімен ерекшеленді. Сондай-ақ, мутасаууф-ғалым Сайфиддин Сайфулла Атайи мұрасын арнайы зерттеп, кандидаттық диссертация қорғағанын ерекше атап өткен жөн. С.Сайфулланың, Атайидың ақындық әлемі мен шайырлық шеберлігі, сондай-ақ шығармадағы иләһи махаббат кеңінен қамтылған еңбегі кейіннен «Мажоз ва хақиқат» (Тошкент, 1995) деген атпен монография болып та жарияланды. Сондай-ақ ол Атайи ғазалдарының түпнұсқасы мен кирилл әрпіндегі толық нұсқасын да баспаға ұсынды (Атайи. Девон. Тошкент, 2008).

Соңғы жылдары қазақ ғалымдары да Атайи шығармашылығына қызығушылық танытып, өзіндік пікірлерін білдіріп келеді. Солардың қатарында көрнекті жазушы

---

<sup>1</sup> 2010 жылы Иасауи мұрасына қатысты өткен ғылыми симпозиумда түркітанушы-ғалым Мунееуер ханымның да Атайи мұрасын зерттеп жүргенін айта келіп, сонда баяндама жасағаны бар.



Қ.Тұрсынқұловтың<sup>2</sup> есімі зор құрметпен аталады. Суреткер-ғалым, ақынның мұрасын ұлттық дүниетаным тұрғысынан саралап, ақынның ғазал жанрын дамытудағы орны мен шайыр тахаллусы, оның туған және қайтыс болған жері туралы өз пікірлерін ортаға салды.

Десек те, Атайи мұрасына деген қызығушылық орта ғасырлардан басталған болатын. Атайи шығармашылығы туралы алғаш пікір білдірген түркі сөз өнерінің саңлағы Науаи еді. Ол өзінің түркі даласының жақсылары мен жайсандары туралы сөз қозғаған «Мәжәлисун-нәфәис» («Жақсылардың мәжілістері») деген шығармасында мынадай дерек келтіреді:

مولانا آتايي بلخ دا بولور ايردي اسماعيل انا فرزندلاريدين دور درويش وش و خوش خلق و  
منبسط كيشي ايردي تركي كوي ايردي شعري اترك اراسي دا كوب شهرت تابتي و بومطلع اينك دور كيم  
اول صنم كيم سو قير اغيندا پري تيك اولتورور  
غايث نازك ليكيندين سو بيله يوتسه بولور  
قافيه سيدا عيب عينه سي بار اما مولانا تركانه ايتور ايردى قافيه احتياطيه مقيد ايماس ايردى  
قبرى بلخ نواحى سيدا دور

«Мәуләнә Атайи Балхда болатын еді. Исмайыл ата перзенттерінен (бірі), көркем мінезді, қарапайым және көңілі жайдарлы адам еді. Түркигөй (түркі тілінде сөйлейтін) еді. Өз заманында өлендері әтрәк (түркілер) арасында кең тарады, мына төмендегі матла (ғазалдың алғашқы екі жолы) соныкі:

Ол сәнәм кім, су йақасында пәри тек олтуруп,  
Ғайәті назуклігіндин су білә йұтса болур.

Қафиясында кемшілігі бар. Алайда мәуләнә көп түркәнә (қарапайым және халық тілімен) айтатын еді. Қафияға сақтықпен қарамайтын. Қабірі Балх өлкесінде»<sup>3</sup>.

Кейінгі зерттеушілердің бәрі де Науаи ұсынған осы дерекке арқа сүйеп, оның Исмайыл атаның перзенті екенін алға тартқан. Осындағы Исмайыл ата кім деген сұраққа келер болсақ, оның жауабын да Науайдан табамыз. Оның парсы шайыры Әбдірахман Жәмидің «Нәфәхәтул-унс» еңбегі негізінде жазылған «Нәсәимұл-мухәббәт мин шәмәил-футууәт» деген шығармасында Исмайыл ата туралы мынадай мәлімет бар:

اسماعيل انا عليه الرحمة ظاهرا خواجه احمد يسوى قدس الله سره نينك ابراهيم انا اتليغ ابني سي نينك  
اوغلاى دور و خواجه نينك مريدى و نظر قيلغان دور انكا مريد و اصحاب كوب بولوب تور كرامات و  
مقامات و خوارق عادات بى نهايت و ياشى يوزكا ياقين و اولادى اون يته يا اون سكيز بار ايردى و عالم  
دين وتاردا اولادى اراسي دين اسحاق اتانى اوز قايم مقامى قليب عالمدين اوتوبتور

«Исмайыл ата (‘әләйһи рәхмәтун) – **Қожа Ахмет Исауидің** (Қудисаллаһу сиррәһу) Ибраһим деген інісінің ұлы және Қожаның (Исауидің – Т.Қ.) мұриті, оған назары ауған. Оның мұриті мен жарандары көп болыпты. Оның кереметі, дәрежесі мен ерекше құбылыстары шексіз еді. Жасы жүзге жақын(даған), ал әулеті он жеті не (он) сегіз (жан) бар еді. Дүниеден өтерде әулетінің арасынан Ысхақ атаны өзінің орнына қойып, дүниеден өтіпті».

<sup>2</sup> Атойи қай елдің ақыны немесе Смайыл ата және Тұрбат // Қазақ әдебиеті, № 16 (2968) 2006 ж.

<sup>3</sup> Поэзияға өте жоғары талап қоя білген Науаи өзіне дейінгі шайырлар мен замандастарының өлендері туралы қашан да өзінің ашық пікірін білдіріп отырған. Атайи ғазалдарын зерделей келе ондағы жетістіктерді ғана санамалап өтпестен, тіпті аздаған кемшіліктерін көрсетіп беруін оң қабылдаған орынды.

Атайдың әкесі Исмайыл ата қай жерде өмір сүргендігі туралы ақын мұрасын жіті зерттеген С.Сайфулла: «Фахриддин Али Сафи ибн Хусейн Уайз Кәшифи «Рашахат» шығармасында Исмайыл атаның Сайрам мен Ташкент арасындағы Хузийан деген жерде өмір сүргендігін, Ахмет Иасауи мектебін жалғастырушылардың бірі болған Сайид атаның үлкен халифасы әрі жақын адамы болғандығын жазады»<sup>4</sup>, – деген мәлімет келтіреді.

Мұндағы Хузийан деген жердің бүгінгі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Тұрбат елді мекені екендігін зерттеушілердің бәрі де атап өткен<sup>5</sup>. Біз де сол ғалымдардың пікірін қуаттай отырып, осындағы «Тұрбат» атауына қысқаша анықтама бере кеткенді жөн санадық.

«Тұрбат» – негізі араб сөзі болып, «рабата» түбірінен шығады. Сөздікте «рабата» деген егістік байланыс орнату, қарым-қатынас жасау деген мағына береді. Сопылық дүниетанымда «рабита» деген де термин бар. «Рабита» деп, шайқы мен мүриттің арасындағы қарым-қатынасты айтады. Анығы, мүриттің өзінің ұстазына еліктеуін, барынша соған ұқсауға тырысатынын, тіпті сол секілді жүріп-тұруға талпынатынын білдіреді. Сондай-ақ, егер шайқысы дүниеден өтіп кеткен болса, мүрит өзінің ойына шайқысын елестетіп, содан рухани көмек алуын да рабита дейді. Яғни қашан да мүришідімен (ұстазымен, шайқымен) байланыста болу. «Тұрбат» деген атауға келетін болсақ, бүгінгі Кіші Азиядағы түрік бауырлар кесенені «Тұрбет» деп атайды. Тұрбат атауы кез келген қорымға не бейітке қарата қолданылмаған. Тек сопылықтың бірнеше макамдарынан өтіп, бірнеше мүрит тәрбиелеген әулиенің жатқан жерін ғана солай айтады. Кейінгі мүриттері барып рабитаға, яғни ұстазымен рухани байланысқа түсетін орын деген мағына шығады. Исмайыл атаға дейін ол өлке Хузийан деген атпен танымал болғанымен де, әулие дүниеден өтіп, сонда жерленгеннен кейін Тұрбат аталған деуге толық негіз бар.

Исмайыл атаның ұлы болып келетін Атайи Хузийанда дүниеге келгенімен де, өмірінің маңызды бөлігін сол замандағы өнер-ғылымның кеніші болған Балх пен Гератта өткергендігін ғалымдар жарыса отырып жазған.

Өкінішке қарай, «Атайи» тахаллусымен қалам тербеген ақын туралы көп дерек сақталмаған. Тіпті оның шынайы аты кім болғандығы, тағы қандай шығармалар жазғандығы, отбасы, бала-шағасы туралы ешқандай да мәлімет қолда жоқ. Атайи мұрасын зерттеген ғалымдардың бәрі де Науаи келтірген деректі қанағат тұтумен келеді.

Атайи шығармаларының тіліне келетін болсақ, Науаи атап көрсеткендей, оның шығармалары таза түркі оқырмандарына арналған. Шайыр өмір сүрген XIV ғасырда Түркістан өлкесінде (яғни Мәурәннәһір аймағы) жазба әдебиет, негізінен, екі бағытта дамығаны белгілі. Біріншісі, Алтын Орданың Хорезм аймағындағы жазба тіл болса<sup>6</sup>, екіншісі астана болған Сарай төңірегіндегі әдеби тіл. Бірінші әдеби тіл қарлұқ-оғыз-қыпшақ диалектілерінің негізінде жасалған болса, Сарай маңында дамыған жазба тілде оғыз-қыпшақ элементтері басым болатын. Атайи шығармашылығында Қараһандықтар билігі тұсында дүниеге келген жазба жәдігерлер («Құтты білік», «Ақиқат сыйы») мен Алтын Орданың Хорезм өлкесінде жазылған кейбір әдеби ескерткіштерде кездесетін «з» диалектісі тіптен кездеспейді. Түркі жазба тілінің

<sup>4</sup> *Атойи*. Девон. Тошкент: Фан, 2008. 4-бетте.

<sup>5</sup> Осы орайда Ғ.Ғұламның: «Атайи арғы тегі жағынан бір-екі ата арқылы Ахмет Иасауиге барып тіреледі. Шайырдың әкесі Исмайыл ата, немере ағасы Ибрахим аталардың мазары Ташкенттің солтүстігінде (Бүгінгі ОҚО Тұрбат елді мекені – Т.Қ.). Шайыр Атайи солтүстік Түркістанның бірінде туылып, кейін ілім іздеп Гератқа барған», – деген пікірін ерекше атап өткен жөн (Ғ.Ғұлом. Атойи эмас, Отойи // *Ўзбек маданияти*, 1959 ж. 21 қаңтар)

<sup>6</sup> Белгілі түркітанушы Ж.Экман оны «Хорезм түрікшесі» деп атайды.

даму ерекшелігін зерделеген У.Турсунов пен О.Урынбаев Атайи шығармаларының тілі туралы: «Оның шығармаларының тілінде қыпшақ тілінің элементтері көп кездеседі», – деп жазған<sup>7</sup>.

Атайи өз ойын өлең сөзбен өрнектеуде сол заманда кеңінен қолданылған ғазал<sup>8</sup> жанрына жүгінген. Себебі Атайи жәй ақын емес, ақиқатты іздеген, Хақ дидарына шынайы ғашық болған гәріп болғандықтан да оның осы жанрды таңдағаны да түсінікті. Өйткені бұл жанр шығыс мұсылман әдебиетіндегі ең қолайлы жанр ретінде айтылады. Сондықтан да сопы шайырлардың бәрі де өздерінің ішкі сезімін жырлауда осы ғазалды таңдаған.

Бүгінде ғылымға белгілі жалғыз қолжазбада (Санкт-Петербург нұсқасы) Атайидың 260 ғазалы берілген. Аруз ұйқасымен жазылған. Басым бөлігі *مثنى مقصور* яғни «Рәмәл-е мусәммән-е мәксур» (109 ғазал) уәзнінде (ұйқасында) жазылған. Сондай-ақ, *هزج مسدس محذوف* яғни «Һәзәж-е мусәддәс-е мәхзүф» (62 ғазал), *مضارع مثنى اخرب مكفوف مقصور* «музари-е мусәммән-е әхраб-е мәкфуф», *هزج مثنى سالم* «Һәзәж-е мусәммән-е сәлем» ұйқастарымен жазылған ғазалдар да бар.

Атайи – ғашық ақын. Ғашық болғанда да өткінші дүниенің алдамшы қызықтарына емес, барша әлемнің Жаратушысына ғашық. Ақын өлеңдерінде сұлу жардың бұрымын, иілген қасын, оқтай кірпіктері мен анардай жүзін суреттеп тұрғандай көрінгенімен де, оның астарында сопылықтың сырлы әлемі жатқаны ақиқат. Өзінің сүйіктісіне қауышу жолында барлық нәрседен бас тартуға бар. Тіпті ақын кейде «кейбір жандар Сенің жәннатыңды армандаса, маған сенсіз жұмақтың керегі де жоқ» деген ой түйеді. Кезінде Үлкен әлемнен бөлініп шыққан асқақ рух қашан да өзінің асыл тегіне, негізіне қауышуды қалайды. Ақынның бар арманы да сол. Әрине, орта ғасырлық түркі жазба әдебиетіндегі, соның ішінде сопылық шығармалардағы терминдер жүйесін түсінбеген жан ондағы шынайы ғашықтықты (ешк-е хәқиқәт) алдамшы өмірдің махаббаты деп қабылдауы да мүмкін. Ал, Атайи шығармаларының негізін түсіну үшін, сөз жоқ, таза жүрек керек.

*Төрәлі Қыдыр*

<sup>7</sup> Турсунов У., Урынбаев О. Узбек адабий тили тарихи. Тошкент, 1982. 63- бетте. Шығармада қыпшақ тілінің элементтері көп кездесетіндігі тіптен дау тудырмайды. Бірақ та мұнда ерекше айтып өтетін бір нәрсе бар. XIV ғасырда дүниеге келген Харазмидің «Махаббатнамасы» мен Сәйф Сараидың «Түрікше гүлістанының» тілі мен Атайи ғазалдарының тілі арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Атайи шығармасының тілі күрделілігімен, араб-парсы сөздерінің көптігімен ерекшеленеді. Оның үстіне шығарма сопылық дүниетаным негізінде жазылғандықтан да мұнда сол салаға қатысты арнайы ұғымдар (терминдер) да жиі кездеседі. Бұл шығарма тілін белгілі дәрежеде қиындата түсетіні белгілі.

<sup>8</sup> Ғазал – Хаққа деген ұлы махаббатты жырлаған сопы ақындардың жиі қолданған өлең түрі. Ғазалдың негізгі көтеретін тақырыбы — сүйіктінің көркін, түрін суреттеу, ішкі сезімдерін баяндау немесе шайырдың өзінің алдамшы күндерінен шағымдану болып табылады. Шығыстанушы ғалымдардың басым бөлігі ғазалдың қасиданың ішінен отау тіккен әрі Ислам өркениетінің негізінде дүниеге келген жанр ретінде қарастырады. Біз де, ғалымдардың осы пікірін қолдаймыз. Ғазал өлеңі қасиданың ишқия деген тармағының жетілген түрі. Себебі, Исламнан алдыңғы дәуірде араб шайырларының ішінде бұл өлең құрылысымен қалам тербегендер болмаған. Орта ғасырлық Шығыс әдебиетін зерттеген И.М.Фильштинский ғазал үлгісімен ең алғаш қалам тербеген ақын ретінде, Омар ибн Әбу Рабиғаны келтіреді. Түркі жазба әдебиетінде бұл жанрмен алғаш қалам тербеген ақындар А.Иасауи, С.Бақырғани және т.б.

## АТАЙИ ШЫҒАРМАСЫНЫҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

### А

**Абхаят** – тірі, мәңгілік суы.

**Адам ата** – Діни сенім бойынша ең алғаш жаратылған адам, және барша адамзат баласының түп атасы. Алла оны топырақтан жаратып, оған Өзінің рухынан үрлеген. Содан барша періштелерге оған сәжде жасауға бұйырған. Сонда Ібіліс тәкаппарланып Адамға сәжде жасаудан бас тартқан. Сол күннен бастап, Адам мен Ібілістің арасындағы дұшпандық пайда болған. Адам атаның қабырғасынан Хауа ананы жаратқан. Басында екеуі жұмақта өмір сүрген, алайда Ібілістің арбауына ілігіп, жұмақтан қуылған һәм жер бетіне түсірілген. Қабыл, Әбіл деген екі ұлы болған. Сондай-ақ Адам ата ең алғашқы пайғамбар.

**Ади** – Сегіз жұмақтың бірі.

**Азан** – Исламдағы бес шарттың бірі болған намаз құлшылығына шақыру. Намаз үшін азан айту сүннет амалы. Алғаш рет 622–623 жылдары пайғамбар тарапынан белгіленген. Басында мұсылмандар намазға қалай шақыру керектігі туралы ойласқанда, бірнеше сахабаның түсіне бүгінгі азан айту дәстүрі енген. Оны Мұхаммед пайғамбар қоштаған. Содан бастап азан айту сүннет болып қалған. Алғаш азан айтқан Біләл Хабаши болған. Азан бар дауыспен белгілі бір әуенмен оқылады. Мәтіні арабша айтылады.

**Айт** – діни мереке. Мұсылмандарда дәстүрлі екі айт яғни мереке күні бар. Біріншісі – Зулхижа айының оны күні болатын Құрбан айты. Оны «Идул-эдха» деп атайды. Екіншісі – Рамазан оразасынан кейін келетін Шәууал айының бірінші күні. Мұны көбінесе Ораза айты деп атайды.

**Ақирет** – Діни сенім бойынша ақырғы күн, соңғы уақыт. Бұл күні жер бетінің астан-кестені шығып, таулар жүндей түтіледі, теңіздер тасып, алай-дүлей болады. Ақиретте ұлы сұрақ-жауап болады, сырат көпірі тартылады. Ақирет фәни дүниенің бүтіндей тоқтап, баки дүниенің шынайы басталуы.

**Аллаһуәкбәр** – Алла ұлық, Исламдағы негізгі зікірлердің бірі. Сондай-ақ мұсылмандар қуанғанда Аллаға шүкіршілік ретінде айтады. Намаздағы көшу тәкбірлері кезінде де осы сөз қоданылады.

**Арафа** – сөздікте білу, тану деген мағына береді. Діни термин ретінде һижри-ай санағы бойынша он екінші яғни Зулхижа айының тоғызыншы күніне қарата қолданылады. Себебі діни түсінік бойынша Ибраһим пайғамбарға Жебірейіл періште қажылықтың шарттарын осы күні үйреткен деп есептеледі. Қажылыққа барғандар осы күні Арафат тауына шығып, күн батқанша құлшылық қылады. Ал қажылыққа бармай қалған үйдегі жандардың ертеңгі айт күніне дайындық жсайтын күні де арафа күні деп аталады.

**Арсы** – үлкен тақ, Діни көзқарас бойынша арсы аяқтары бар тақ болып, оны періштелер ұстап тұрады екен. Ол әлемнің үстіндегі күмбезге ұқсайды. Алла Тағаланың таққа мұқтаждығы жоқ, алайда оны Өзі білген хикмет үшін жаратқан. Алла тағаланың Арсыға тең болып, оның үстінде тұруы оған деген мұқтаждықтан емес. Алла одан да ұлық әрі теңдессіз. Ол өзінің құдіретімен өзінен төмен Арсыны ұстап тұрады және оны ұстап тұрушыларды да көтеріп тұрады. Арсы туралы аят Қасиетті Құранның 23 жерінде кездеседі.

**Ахад** – жалғыз, біреу. Діни термин ретінде Алла Тағаланың тоқсан тоғыз атының бірі болып, Алланың бірлігін, Оның ешқандай да серігі жоқ екендігін білдіреді. Осы сөздің негізінде Таухид ілімі қалыптасқан. Таухид ілімі жалпы Алла Тағаланың зати һәм субути сипаттарын, өзіне тән есімдерін және т.б. түсіндіреді. Оның негізгі шарттары Құранның «Ықылас» сүресінде кеңінен түсіндірілген.

**Әзәзіл** – Ібілістің бұрынғы аты.

**Әзірейіл** – атақты төрт періштенің бірі (Жебірейіл, Микәйіл, Исрафилдан кейін).

Жан алушы періште. Діни риуаяттарда оның алғаш қарапайым періштелердің бірі болғандығы, Алла Тағала жерден топырақ алып келуге басқа періштелерді жұмсағанда олар жұмсақтық қылып алып келмегендігі, содан кейін Әзірейілді жұмсағанда ол Жердің наразы болғанына қарамастан топырақ алып келгені үшін оған жан алуды тапсырған делінеді. Адам баласы «сәкәнәтул-мәут» яғни жан тапсырар алдында келіп, оның жанын алады. Имандының жанын оңай, ал имансыздың жанын қинап алатындығы айтылады.

**Әли ибн Әбу Тәліп** – Мұхаммед пайғамбардың ең атақты жарандарының бірі (600–661 жж.) Ислам әлеміне «Хуләфәи рашидин» яғни «Тура жолмен жүруші халифалар», ал түркі мұсылман жұртына «шәдйяр» яғни «төрт дос» деген атпен танымал болған төрт әділ патшаның төртіншісі. Исламды ең алғаш қабылдаған сахабалардың бірі. Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы (Хазірет Фатиманың күйеуі). Пайғамбардың немерелері – Хазірет Хасан мен Хусейннің әкесі. Әкесі, Мұхаммед пайғамбарды жастайынан бағып-қағып, ол Хак дінді алғаш тарата бастағанда оған қолғабыс берген – Әбді Мүтәліптің ұлы Әбу Тәліп болатын. Анасының аты – Фатима бинт Асад ибн Хашим. Тоғыз жасынан бастап пайғамбардың тәрбиесінде болған. Өте батыр, ержүрек болған. Сондықтан да «Хайдар» яғни «Арыстан» деп аталған. Парсы тіліндегі «Әлішер» яғни «Әли арыстан» аты да осы Хазірет Әлиге тікелей қатысты. Хазірет Оспаннан кейін 656 жылы «мұсылмандар әмірі» деп тағайындалған. 661 жылы Куфа мешітінен шығып бара жатқанында шәһид етілген. Денесі сонда жерленген, кейіннен Нежефке көшірілген. Хазірет Әли заманында көптеген жерлер фатх етілген. Оның дін тарату жолындағы ерліктері мен құлшылық-ғибадатта орындаудағы діндарлығы тарихи кітаптарда кеңінен қамтылған. Пайғамбардың тәрбиесінде болғандықтан да, Алла елшісінен 586 хадис риуаят еткен.

**Әмір мағруф** – жақсылыққа шақыру. Қырық парыздың бірі болып, халықты тура жолға, әдемі мінез-құлыққа, қайыр-ихсанға, қайырымды һәм мейірімді болуға шақыру және жамандықтан қайтару. Кез келген мұсылман баласына әуелі отбасын, көршісін, сондай-ақ мұсылман бауырын қашан да жақсылыққа шақырып отыруы міндет саналған. Бұл туралы Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Сендерден жақсылыққа шақыратын, әмір мағруф және нәһи мункәр қылатын бір топ адам болсын. Міне солар құтылушылар», – деген (Әли Ғымран, 104 аят).

**Әулие** – араб сөзі болып, жекеше түрде уәли деп аталып, дос деген мағына береді. Яғни әулие достар деп аталып, мұнда Алланың достары деген ұғымға ие. Барша әлемді жаратқан Жаратушының зати һәм субути сипаттарын толық біліп, Оның бұйрықтарын бүтіндей орындап, тыйым салғандарынан барынша тыйылғандарды әулие деп атайды. Сопылық сөздіктерде әулиелер деп, белгілі бір іс-әрекеті, пейілі не ниеті арқылы Аллаға жақын болып, дұғалары міндетті түрде қабыл болатын, өткінші дүниенің алдамшы нәрселеріне тіптен алданбайтын, барынша рух тәрбиесіне берілген жандарды атайды. Дәрежелері қарапайым халықтан сәл жоғары, ал пайғамбарлардың бір сағы төмен есептеледі.

**Бәйтулла** – Меккедегі Қағба. Мұны кейде Бәйтулатиқ, Харам мешіті, Қыбыла және Қағба үйі деп те атайды. «Алланың үйі» дегенде Алланың тұрақ-мекені емес, қайта Аллаға сыйынатын жер деп қабылдаған орынды. Сондай-ақ жер бетіндегі мешіттің бәрі де «Алланың үйі» деп есептеледі.

**Бидғат** – сөздікте жаңалық мағына береді. Дін ақидаларына үйлеспейтін жаңалық. Құран мен сүннетке қайшы тәрізде пайда болған әрбір жаңалық бидғат деп есептеледі.

**Бір-у Бар** – Алла Тағала. Алланың Бірлігі мен Барлығын білдіретін бұл ұғым орта ғасырлық түркі жазба әдебиетінде кеңінен қолданылған.

## Ғ

**Ғибадат** – Ислам дініндегі Алла үшін жасалатын құлшылық.

**Ғиддет** – Шариғат бойынша ерінен ажырасқан әйелдің күтетін уақыты. Күйеуі талақ берген әйел жүкті не жүкті еместігі анық байқалғанша 4 ай 10 күн күтеді.

**Ғишқ** – ғашықтық. Сопылық дүниетанымда Алла мен пенденің арасындағы шынайы махаббатты айтады. Сондықтан да пенде ғашық, ал Жаратушы мағшұқ деп аталады.

**Ғұмра** – Кіші қажылық. Ғұмра қажылығын жыл он екі ай өтей беруге болады.

**Ғұсыл** – Ислам діні бойынша бастан-аяқ жуынуды айтады. Ерлі-зайыпты қосылғанда, еркектен мәни аққанда, әйел кісінің етеккірі келіп біткенде ғұсыл құйынады. Себебі ғұсылсыз құлшылық-ғибадат етуге қатаң тыйым салынған. Ғұсылдың үш парызы бар. Олар: ауыз шаю, мұрынды шаю және барлық денесін жуу.

**Ғұшыр** – Исламдағы жер-судан алынатын зекет. Егіншілікпен айналысатын мұсылманға жиын-терім аяқталғаннан кейін түскен пайдасының оннан бірін кедейкепшікке, мұқтаждарға беру парыз саналған.

## Д

**Дәрет** – Ислам дініндегі намаз, Құран секілді және т.б. құлшылықтардан бұрын тазалану. Дәреті жоқ адамның намаз, Құран оқуға құқы жоқ. Пайғамбар хадистерінің бірінде: «Дәрет – намаздың кілті», – деген. Сондай-ақ дәреті жоқ адамның Алланың кітабын ұстауға болмайтындығы Құранда ашып айтылған. Дәреттің төрт парызы бар. Олар: Бетін, қолын жуу, басына мәсіх тарту және аяғын тобығына дейін жуу.

**Дәруиш** – Алла жолына қадам басып, өзін өзі кемелдікке жеткізуге талпынған сопы. Алайда Орта Азия мен Хорасан аймағында дәруиш дегенде ешнәрсесі жоқ, кедей адам түсініліп, кезбе қаландармен қатар қойылады.

## Е

**Евфрат** – Бүгінгі Ирак жеріндегі өзеннің аты. Евфрат және Тигр өзендерін Қосөзен деп те атайды.

**Екінті** – Күнде оқылатын бес уақыт намаздың үшіншісі. Уақыты күн батар алдынан шамамен екі сағат бұрын басталып, күн батқанша жалғасады. Төрт рақағат парыз намазынан тұрады.

**Ережел** – Мұсылманша һижри жыл санағы бойынша жетінші ай. Мұсылмандар үшін қасиетті саналған төрт айдың бірі.

## Ж

**Жаназа** – Исламдағы жерлеу рәсімі. Дүниеден өткен адамға тірі пенденің төрт қарызы болады. Бірінші ғұсыл құйындыру, яғни жуу, екінші кебіндеу, үшіншісі жаназа намазын оқу, соңғысы жерге көму. Жаназа негізгі осы төрт мәселені қамтығанымен де, әр халық өзінің салт-дәстүрі бойынша түрліше қолдануы мүмкін. Адамды жерлеудегі мәселелер Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар

хадистеріне қайшы келмесе, жергілікті дәстүрлерге тыйым салынбаған. Мысалы: марқұмның жетісін, қырқын, жылын беру секілді.

**Жаһаннам** – Алланы мойындамаушылар мен күнәһарлардың жататын жері. Оны кейде тамұқ, тозақ, от деп те атайды.

**Жебірейіл** – Алла Тағаланың уахиін пайғамбарларға жеткізуші періште. Періштелердің ішіндегі үлкені саналады. Қасиетті Құранда Жебірейілді Рух, Рухул-құдыс, Рухул-әмин және Расул деген аттармен атаған. Мұхаммед пайғамбарға ең алғаш рет Хира тауында шынайы бейнесінде таққа отырған қалпы көрінген. Содан пайғамбар дүниеден өткенше Алланың аяттары мен үкімдерін жеткізіп тұрған. Мұхаммед пайғамбар Мигражға шыққанда да қасында Жебірейіл періште болған. Хадистерде Жебірейіл періштенің кейде Мұхаммед пайғамбарға Дихия ибн Халифа деген сахабаның бейнесінде де келгендігі айтылады.

**Жиһад** – Алла жолында, дін тарату мақсатындағы қасиетті соғыс. Жиһадқа қатысушыны мұжаһид деп атайды.

### 3

**Зәһид** – Бұл дүниенің алдамшы қызықтарынан бас тартып, барынша құлшылық-ғибадатқа берілген жан.

**Зәмзәм** – Меккеде Харам мешітінің ішіндегі қасиетті бұлақ. Қағбаның жанында. Деректерде зәмзәмнің шығуы Ибраһим пайғамбардың ұлы Исмайылдың дүниеге келуімен байланыстырылады. Ибраһим пайғамбар әйелі Хажар босанған уақытта жас сәбиімен бірге бүгінгі Харам мешітінің орнына алып келеді. Күн ыстық болғаннан кейін бала шөлдейді, анасы су іздеп шарқ ұрып жүрген уақытта, Исмайыл өкшесімен жерді теуіп қалғанда, зәмзәм суы шыға келеді. Сондықтан да зәмзәм суы мұсылмандар үшін қасиетті саналады. Зәмзәм суы асқазан-ішек, қан тамыры және басқа ауруларға ем екендігі анықталған.

**Зекет** – Ислам дінінің бес рүкінінің бірі. Мал-дүниеден жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге берілетін садақа. Әр мұсылманның байлығы белгілі бір есепке жетсе, оған малынан зекет беру парыз саналады. Зекет малдан, қаражаттан және егіннен беріледі. Олардың мөлшері шаріғатпен белгіленген. Жылына бір рет беріледі. Алайда жер-судың зекеті өніміне қарай болады.

**Зұлхажжа** – Мұсылманша һижри жыл санауының он екінші айы.

**Зікір** – Алланы еске алу. Алла Тағала тарапынан тағайындалған кез келген құлшылық зікір болып есептеледі. Сопылықта белгілі бір тәсілдерден құралған Алланы ұлықтауға арналған сөздерді зікір деп атайды. Зікірдің орындалуына байланысты «жария зікір» және «құпия зікір» болып екіге бөлінеді.

### И

**Ижмағ** – Исламдағы фикһ қайнар көздерінің бірі болып, белгілі бір мәселе бойынша ғалым-ғұламалардың бір пікірге келуі, тоқтауы. Пайғамбар өзінің хадистерінің бірінде: «Ғалымдар – пайғамбарлардың мирасқорлары», – деген. Сондықтан да шаріғаттағы даулы мәселелерді ғұламалар қарап шығып, белгілі дәрежеде тоқтамға келеді. Ижмағтың басты шарттарының бірі – мұндай құқыққа тек шынайы діндар ғалымдар ғана ие болып, олардың келген тоқтамы не шығарған қорытындылары Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне қайшы келмеуі тиіс. Ижмағ алғаш рет VII ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Сол заманның атакты ғалымдары, яғни «Мединенің жеті фәкіһі» – Сағид ибн әл-Мусаиб, Уруа ибн әз-Зубәйір, Әбу Бәкір ибн Убәйід, әл-Қасым ибн Мұхаммед, Убайдулла ибн Абдулла, Сүлеймен ибн Йасар және Хариж ибн Зәйід бірлесіп, бір мәселе туралы бір тоқтамға келген. Содан бері Құранда не хадисте ашық айтылмаған замана мәселелерін ғалым-ғұламалар ижмағпен шешіп келеді.

**Иззи** – Ие, яғни Жаратушы.

**Иләһи** – Тәңірлік, Жаратушылық.

**Инциаллаһу тә'әлә** – Алла Тағала қаласа.

**Ирадат** – Алла тағаланың негізгі сипаттарының бірі, қалағанының бәрі болады, қалағанынша істейді деген мағынада.

«**Ихлас**» – Қасиетті Құранның бір жүз он екінші сүресі.

**Ихрам** – Мұсылмандардың қажылық құлшылығын өтеу кезінде киетін арнайы киімі.

Ихрамды киген адам Мухрим деп аталып, ол кезде барлық күнәлардан сақтанып, қажылық шарттарын толық орындауға міндетті. Ихрам киімі екі бөліктен тұрып, бірімен сол иық жабылса, келесі бөлігі белге оралады. Қажылықты толық орындап болғаннан кейін шешіледі.

**Истилаф** – Діндегі пікір талас, қарама-қайшылық.

**Йағаш** – шамамен 9 км. келетін қашықтық бірлігі.

«**Йасин**» – Қасиетті Құранның отыз алтыншы сүресі.

## К

**Кәлам** – Алла тағаланың негізгі сипаттарының бірі, өзіне тән сөйлеу иесі деген мағынада.

**Кәусар** – 1. Жаннаттағы бұлақ немесе хәуіздің аты. Мұхаммед пайғамбарға берілген. Діни көзқарасқа қарағанда бұл судың түсі сүттен ақ, дәмі балдан тәтті. Ішкен адам қайта шөлдемейді. Қасиетті Құранда «Кәусар» (108-ші сүре) деген арнайы сүре де бар. Онда Мұхаммед пайғамбарға Кәусардың берілгендігі, сол үшін де Жаратушыға намаз оқып, тәспі айту керектігі баяндалған. 2. Қасиетті Құранның бір жүз сегізінші сүресі.

**Кәффарат** – Шарифат бойынша орындалмай не оқылмай қалған құлшылықтың жазамен қайта өтелуі.

**Кебін** – мұсылман дүниеден өткенде үстіне жабылатын (оралатын) мата. Ер адамдардың кебіні 3, ал әйелдердікі 5 болады. Мәйітті кебінмен жерлеу мұсылмандар үшін парыз кифая саналады. Алла жолында шәһид болғандар кебінделмейді, үстіндегі киімімен жерленеді.

**Керемет** – Алланың шынайы достарына (әулиелерге) берілетін қасиет. Ешкімнің қолынан келе бермейтін істерді әулие жасаса, керемет деп аталады, пайғамбарларға берілетін қасиет мұғжиза делінеді. Ал дінісздер жасаса, сыйқыр немесе фокус деп аталады.

**Күнә** – шарифат шарттарына қайшы амал немесе ақидаға қарсы жасалған іс-әрекет. Ислам түсінігі бойынша ең үлкен күнә – Аллаға серік қосу. Бұл күнә кешірілмейді. Бұдан басқа да ата-анаға қарсы шығу, адам өлтіру, ұрлық, сыйқырлықпен айналысу секілді үлкен күнәлар да бар. Алайда бұлар Аллаға истиғфар етумен кешірілуі мүмкін. Себебі Алланың бір сипаты – күнәларды кешіруші. Ислам ғұламалары үлкен күнәларды үш жүзге дейін жеткізген. Ал кіші күнәлардің есебі жоқ десе де болады.

## Қ

**Қағба** – Ислам дініндегі ең киелі жер. Кейде оны «Бәйтулла» яғни «Алланың үйі» деп те атайды. Әлемдегі ең үлкен мешіт саналатын Харам мешітінің қақ ортасында орналасқан. Ұзындығы 15 метр, ені 10х12. Қағбаның сырты қара матамен (кисуа) оралып, оған Қасиетті Құранның Мекке және қажылыққа қатысты аяттары жазылып қойылады. Қағбаның сыртқы батыс жағында көктен түскен қара тас бар. Оны «Хәжәрул асуад» деп атайды. Солтүстік-шығыс жағында жерден екі метрдей биіктікте есік орналасқан. Діни риуаяттарға қарағанда Қағба Шис пайғамбар тұсында құрылған, Ибраһим пайғамбар тарапынан жөнделген және Мұхаммед пайғамбар арқылы кәпірлерден тазартылған. 624 жылдан бері әлемнің барша мұсылмандары осы Қағбаға қарап намаз оқып келеді.



**Қағда** – мұсылмандар үшін міндет болып есептелетін намазда тәшәһһуд пен салауатты оқу үшін отыру. Орындалуы жағынан алғашқы және соңғы болып екіге бөлінеді. Соңғы отырыста екі жаққа сәлем беріліп, намаз аяқталады.

**Қадим** – Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, ежелден бар деген мағынада.

**Қиямет** – Бұл дүниенің соңы, ақыры. Оны кейде ақирет деп те атайды. Ақиретте халықтың бәрі тік тұрып сұрақ-жауапқа тартылатындықтан да оны кейде «қиямет» яғни тік тұру, орнынан тұру деп атайды. Қияметте бүкіл адамзат баласының тағдыры шешіліп, әркім өз амалына қарай жұмақ не жаһаннамға қарай жол тартады.

**Құтба** – Мешіттерде жұма намазынан бұрын және айт намазынан кейін айтылатын үгіт-насихат.

## Л

**Ләдуи ілімі** – дүниелік емес ілім. Сопылық дүниетанымда ауам (бұқара) халық үшін сыр болған ілім.

## М

**Махшар** – Қиямет кайымда барша адамзат баласының жиналатын күні. Ақыр заманда Исрафил періште сүрін (сырнайын) алғаш үрлегенде жер бетіндегі барша адамзат қайтыс болады. Екінші рет үрлегенде Адам атадан бастап қияметке дейінгі адамның бәрі қайта тіріледі. Сол кезде үлкен сұрақ-жауап басталып, әркімнің бұл дүниедегі істеген амал іс-әрекетіне байланысты жаза тағайындалады. Сол күнді махшар күні деп атайды.

**Мәзһаб** – Исламдағы шариғат яғни діни-құқықтық мектептері. Бұл діни-құқықтық мектептер 8–9 ғасырлардан бастап қалыптаса бастады. Әнлі сүннет уәл жамағат жолында атақты төрт мәзһаб бар. Олар: Ханафилік, Шафиғилық, Ханбалилік және Мәлікілік. Ислам ғұламалары тарапынан бұл мәзһабтардың бәрі де дұрыс жол деп бекітілген. Бұл мәзһабтер шариғат мәселелері төңірегінде, онда да құлшылықтағы сүннеттер мен әдептерде ғана айырмашылық болғанымен де, ақида жағынан бәрі де бір пікірге тоқтайды. Ал ақида жағынан алшақтық болған ағымдарды фирка (секта) деп атайды.

**Мәкрүһ** – шариғат үкімдерінің бірі. Дін тарапынан қатты істеуге тыйым салынбаса да, мұсылманның істеуі орынсыз, әдепсіз саналады. Дәрежесі жағынан харамнан кейін тұрады. Күнәсінен қорқып орындамаған адам сауапты, ал істеген адам күнәһар болады.

**Мәһір** – Неке қиылған кезде ер адамның әйеліне алып беретін сыйлығы. Мәһір діни некенің басты шарты болып есептеледі. Ондағы мақсат, егер әйелдің күйеуі қайтыс болып, жесір қалатын болса немесе жолдасы талақ ететін болса, сол уақытта әйелі сол мәһірді материалдық қажеттілігіне жұмсайды. Көлемі мен құнына қарамастан күйеуі тарапынан берілген кез келген сыйлық мәһір болып табылады. Алайда ең аз мөлшері 30 гр. күмістің құнынан кем болмауы тиіс.

**Миграж** – Мұхаммед пайғамбардың көкке шығуы. Бұл Алла елшісінің өзіне тән мұғжизаларынан саналады. Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар хадистеріне қарағанда Мұхаммед пайғамбар бір түннің ішінде пырақ атқа отырып, Меккеден Құдыс шаһарына барған (исра). Сондағы Ақса мешітінде нәпіл намазын оқып болып, жеті қат көкке көтерілген. Қас-қағым сәтте жеті тамұқ пен сегіз жәннатты көрген, әрі сондағы пайғамбарлармен кездескен, Жаратушымен өте жақын қашықтықта (қаба қаусеин) болған. Пайғамбар осы сапарында бес уақыт намазды алып қайтқан делінеді. Мұсымандар Режеп айының 27-ші күнін «Миграж түні» деп атап, осы түнді құлшылық-ғибадатпен өткізуге тырысады. Миграж оқиғасы туралы көптеген акын-шайырлар қалам тартқан. Түркі шайыры Сүлеймен Бакырғанидың (XIII ғ.) «Мигражнама» деген дастаны бар. Сондай-ақ XIV ғасырда

өмір сүрген Бұрхануддин Рабғұзидың «Пайғамбарлар тарихында» да осы миғраж оқиғасына кең орын берілген. ХІХ–ХХ ғғ. өмір сүрген Шәді Жәңгірұлының «Сияр шәриф» шығармасында «Мигражнама» тақырыбы кенінен жырланған.

**Михраб** – Мешіттің қыбыла жағына жасалатын имамның құлшылық ететін орны. Исламның алғашқы дәуірлерінен бастап барлық мешіттерде михрабқа арнайы орын белгіленіп келеді.

**Муаззин** – Мешітте азан айтып, намазға шақыратын адам. Халық оны көбінесе азаншы деп атайды. Муаззиннің үш міндеті бар: адамдарды намазға шақырады, имамды шақырады және намаздың басталғанынан хабар береді. Ислам әлемінде ең алғашқы муаззин – пайғамбардың азаншысы Біләл Хабаши болған.

**Мұххид** – Алланың Барлығына һәм Бірлігіне иман келтіріп, иман куәліктерін жүрекпен бекіткен пенде.

**Мұғжиза** – Алла Тағала тарапынан пайғамбарларға берілетін ерекше қасиет. Әулиелерге берілетін ерекшелік керемет деп аталса, дінсіздер мен имансыздардың көрсеткен ерекшеліктері сыйқыр деп аталады. Жаратушы әр пайғамбарға заманына лайықты мұғжизалар беріп отырған. Олар халықты Хақ дінге шақыруда мұғжизаны кеңінен қолданған. Мысалы, Мұса пайғамбарға аса таяқ берген, ол таяғын тастағанда ол аждаһаға айналып шыға келген. Иса пайғамбар алапес, соқыр ауруларды жазса, Жүсіп пайғамбарға түс жору қасиетін берген. Мұхаммед пайғамбардың айды екіге бөлуі (шаққул-камар), қасиетті Құранның түсуі секілді т.б. ерекше қасиеттері де мұғжиза деп аталған.

**Мұнапық** – Иман куәлігін тілімен айтқанымен де, жүрекпен бекітпеген екіжүзді. Жұрттың көзінше діндар болып көрінгенімен де, шын мәнісінде Алланың Барлығы мен Бірлігіне, Мұхаммедтің шынайы пайғамбар екеніне күдікпен қарайды. Сондықтан да мұнапықтар Қасиетті Құранда сыналған. Пайғамбар өз хадистерінде мұнапықтың үш белгісін ашып айтқан: жалған сөйлеу, уәдеде тұрмау және аманатқа қиянат жасау.

**Мұнара** – Мешіт пен медреселердің жанына салынатын үлкен құрылыс. Муаззин сол мұнараға шығып, азан айтып, халықты бес уақыт намазға шақыратын болған.

**Мұхамфа** – Соңғы пайғамбар Мұхаммедтің (570–632 жж.) лақап аты.

**Мұсхаф** – Беттелген (жазылған) Құран. Хазірет Әб Бәкірдің халифалық кезінде Құран алғаш рет киік терісінен жасалған беттерге жазылған. Осы Мұсхафтың негізінде Хазірет Оспанның көшірткен Құран нұсқалары Мұсхафтар деп аталған. Бұл күнде де Мұсхаф Құранның синонимі ретінде қолданыла береді.

**Мүмін** – Исламның алғашқы жылдарындағы Медине үмметінің өкілі. Шариғат шарттарын толық орындаған пенде мұсылман деп аталған. Алғашқы жылдары екі атау екі мағынада қолданылғанымен де, кейіннен мұсылман мен мүмін сөздері сіңісіп, иман келтіруші деген мағынаға ие болған. Ислам ғұламалары бұл атауға бірнеше анықтама берген. Әллі сүннет уәл жамағат ғұламалары мүмін дегенде шынайы жүрекпен сенетін, шариғат шарттарын шын ықыласымен жасайтын пендені атаған.

**Мүфти** – Шариғат саласының білімпазы, діни-құқықтық мәселелер бойынша үкім шығарушы. Оның шығарған үкімдері фәтуаларда баяндалып, мұсылмандар үшін кеңінен қолданылады. Ең алғаш мүфтилер Хазірет Оспанның халифалық кезінде Мысырда тағайындалған. Содан бері мүфтилер діни-құқықтық мәселелер бойынша фәтуа құқығына ие болған. Бұл күнде әр елдің өзінің мүфтиі болып, сол елдегі зекет, пітір садақаға қатысты мәселелерге үкім шығарады.

**Мүрік** – Алланың Жалғыздығын мойындамастан, Оған серік қосушы. Таухид іліміне қарсы шығушы. Қасиетті Құранда Алланың серігі жоқ, жалғыз екендігі бірнеше жерде айтылған.

**Мінбер** – Мешітте имамның шығып (не мініп) уағыз-насихат айтатын орны. Алғашқы мінбер орындық секілді болып, 628 жылы Мұхаммед пайғамбар жарандарына уағыз айтқанда соған отырған. Пайғамбардың осы мінберін Хазірет Әбу Бәкір,

Хазірет Омар және Хазірет Оспан пайдаланған. Ал, Хазірет Әлидің дәуірінде Куфада екінші мінбер пайда болған. Мұғауияның халифалық кезінде Дамаскіде де мінбер жасалған. 748 жылы Мервте Әбу Муслим жеңіске жеткеннен кейін мінберлер кафедра секілді бола бастаған.

## Н

**Намаз** – Исламдағы бес рүкіннің екіншісі болып, мұсылмандар үшін орындалуы шарт болған құлшылық. Күніне бес рет намаз оқу парыз саналған. Олар: бамдат (таң намазы), бесін, асыр, шам және құптан. Намаз пайғамбардың Миғражға шыққанында парыз етілген. Намаздың парыз, уәжіп және сүннет деген түрлері бар. Бес уақыттан басқа және жұма намазы да парыз деп есептелген. Екі айт намазы уәжіп саналады. Сондай-ақ пайғамбардың оқыған намаздары сүннет деп оқылады.

**Нәһи мункәр** – жамандықтан қайтару. Қырық парыздың бірі. Адамзат баласын жамандықтан, күнәлі істерден, қатігездік пен жауыздықтан қайтарып, Алланың Хак жолына шақыру, қайырымды һәм мейірімді болуға үндеу. Бұл туралы Қасиетті Құранда Алла Тағала: «Сендерден жақсылыққа шақыратын, әмір мағруф және нәһи мункәр қылатын бір топ адам болсын. Міне солар құтылушылар», – деген (Әли Ғымран, 104- аят).

## О

**О дүние** – ақирет, мәңгілік дүние. Кейде «Дәрул-бәка» яғни мәңгі бақилық дүние деп те атайды. Діни сенім бойынша бұл дүние фәни яғни өткінші болып, о дүние мәңгілік тұрақ мекен болып есептеледі. Сондықтан да ертеңгі күнін ойлаған пенде бұл сынақ дүниеде барынша жақсы іс-әрекеттер жасауға талпынады.

**Ораза** – Ислам дініндегі негізгі бес рүкіннің үшіншісі. Әрбір дені сау, балиғат жасына жеткен және сапарда болмаған адам Рамазан айында бір ай бойы ораза ұстауы шарт. Бұл негізгі міндеттердің (парыз айн) бірі болып саналады.

## П

**Парыз** – Алла Тағаланың пенделеріне жіберген әрі орындалуы шарт болған амалдары. Парыз діндегі негізгі міндеттің бірі саналып, оны орындамаған пенде күнәһар деп есептеледі. Шариғатта парыз – «Парыз айн» және «Парыз кифая» болып екіге бөлінеді. Парыз айнды әрбір мұсылманның орындауы міндетті (намаз, ораза, зекет және т.б. секілді), ал парыз кифаяны сол қауымнан не ортадан бірнеше адам орындаса, басқалардың мойнынан түсетін амал (жаназа намазы, жамағатқа біреу сәлем бергенде, арасынан біреу жауап берсе, басқалардың жапа-тармағай сәлем беруі шарт емес секілді т.б.). Шариғатта «Қырық парыз» түсінігі бар. Балиғат жасына жеткен, дені сау әрбір мұсылманның осы қырық парызды біліп, соған амал етуі бұйырылған. Онда негізінен Аллаға құлшылық-ғибадат міндеттері ашып айтылған.

**Періште** – Діни түсінік бойынша Алланың әмірін орындайтын жаратылыс. Араб тілінде «мәләк» деп аталады. Олардың нақты санын Алла біледі. Қасиетті кітаптарда Жебірейіл, Микәйіл, Исрафил және Әзірейіл секілді үлкен төрт періштенің аты аталады. Сондай-ақ бұлардан басқа жәннат пен тозақ періштелері, қабірдегі періштелер секілді періштелер де бар. Алланың періштелерінің барлығына иман келтіру әрбір мұсылманға міндет болып есептеледі.

**Пырақ** – Мұхаммед пайғамбарды көкке алып ұшқан жануар. Діни риуаттарда пырақтың аттан кіші, хашырдан үлкен екендігі, ұшқанда желдей есетіндігі айтылады. Қасиетті Құранның «Ісра» сүресінің алғашқы аятында Мұхаммед пайғамбарды пырақ аттың, әуелі Ақса мешітіне алып барғандығы, содан

кейін жеті қат көкке аып ұшқандығы айтылған. Миғраж тақырыбын көтерген ақын-шайырлардың бәрі пырақ атты өздерінше суреттеп берген. Сүлеймен Бақырғанидың «Миғражнама» дастанында пырақ мейлінше баяндалған.

## Р

**Раббани** – Тәңірлік, Жаратушылық.

**Раббы** – Жаратушы, яғни Алла.

**Ракағат** – Намаздың негізгі бөлігі, намаз оқығанда орындалатын белгілі қимылдар және оқылатын дұғалар жиынтығы. Әр ракағат қол көтеріп тәкбір алу, тік тұру, белге дейін иілу (рукуғ), басты жерге қою (сәжде), отыру (қағда) және қайта тұру секілді қимылдардан тұрады. Әрбір намаз кемі екі ракағаттан тұрады. Мысалы: таң намазы екі ракағат сүннет және екі ракағат парыз.

**Рамазан** – Мұсылманша һижри жыл санауындағы тоғызыншы ай. Мұсылмандар үшін қасиетті деп есептеліп, осы айда ораза ұсталады. Себебі бұл айда ең алғаш бес аят түскен. Сондықтан да бұл айды кейде Құран айы деп те атайды. Осы айда Қадыр түні бар. Сол бір түнде орындалған құлшылықтың сауабы мың айдан да артық деп есептеледі. Ғалымдар Қадыр түнінің Рамазан айының соңғы он күндігінде, соның ішінде тақ күндерде кездесетіндігін айтқан. Көптеген ғалымдар со түнді 26-нан 27-не қараған түн деп есептеген.

**Рауза** – Мұхаммед пайғамбардың жатқан жері. Мединедегі Пайғамбар мешітінің ішінде. Пайғамбардың қасында Хазірет Әбу Бәкір мен Хазірет Омар жағыр.

**Рахим** – Алла Тағаланың өзіне тән тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағына береді. Ислам ғалымдары «Рахим» деген ұғымға «Алла Тағаланың о дүниеде тек мұсылмандарға ғана мейіріммен қараушы», – деп анықтама берген.

**Рахман** – Алла Тағаланың өзіне тән тоқсан тоғыз есімінің бірі. Қайырымды, мейірімді деген мағына береді. Ислам ғалымдары «Рахман» деген ұғымға «Алла Тағаланың бұл дүниеде мұсылман не кәпір, иманды не имансыз болсын, бәріне де мейіріммен қарап, ризық-несібе беруші», – деп анықтама берген.

**Рахмани түс** – Алла Тағала тарапынан келетін түс. Діни көзқарас бойынша түс рахмани, шайтани және бос түс болып үшке бөлінеді. Рахмани түс тек Алладан ғана келеді әрі ол жорылады. Ал қалған шайтани және шаршағандықтан пайда болған түстер жорылмайды.

**Рида** – Исламдағы негізгі бес рүкіннің бірі болып есептелетін қажылық құлшылығын өтейтін кезде қажылардың арнайы киетін киімі.

**Риуаят** – Сөздікте хабарлау, әңгімелеу деген мағына бергенімен де, діни термин ретінде пайғамбар өсиеттерін жеткізуші рауидің айтқан хадистеріне қарата қолданылады.

**Рия** – Құлшылықты шынайы Алла үшін емес, халыққа көрсету, атақ-абырой жинау үшін жасау. Екіжүзділік.

**Риязат** – сопылық терминдердің бірі. Тариқат жолына қадам басқан мүриттің не дәруіштің өзінің нәпсісін тыю үшін әртүрлі қиыншылықтар мен ауыртпашылықтарға төзуі.

**Рүкін** – Исламда ең қажет саналған бес міндет, яғни діннің негізі. Олар: иман куәлігін айту, намаз оқу, ораза ұстау, дүниесі болса, зекет беру және байлығы жетсе, қажылыққа бару. Бұл бес парыз әрбір мұсылман үшін басты міндет болып саналады. Мұсылмандар Мединеге һижрет еткеннен кейін 18 айдан соң парыз етілген. Шарифатта оразаның парыз, уәжіп, нәпіл және мәкруһ секілді түрлері бар. Парыз ораза Рамазан айының оразасы болса, уәжіп оразаға ұсталған нәпіл оразаның қайта тұтылуы жатады. Ал нәпіл ораза деп, Шәууал айында алты күн ораза тұту, әр аптаның дүйсенбі және бейсенбі күндері ауыз бекіту саналады. Мәкруһ деп айт күндері ораза ұстауды айтады.

## С

- Самад** – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, Алла ешкімге мұқтаж емес, қайта барша жаратылыс Оған мұқтаж деген мағына береді.
- Самиғ** – Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, өзіне тән қасиетпен бәрін есіту-ші деген мағынада.
- Сахаба** – Мұхаммед пайғамбармен бірге болған, онымен бірге ғазуаттарға қатысқан мұсылман. Сондай-ақ кейінірек Мұхаммед пайғамбарды өмірінде бір рет болса да көрген мұсылманды да сахаба деп атай бастаған. Сахабалардың басым бөлігін мұһажирлер мен ансарлар құраған. Олар хақ діннің таралуы жолында барша ғазуаттарға қатысқан. Мұхаммед пайғамбар дүниеден өткеннен кейін де Алла елшісінен көрген-білгендерін кейінгі табиндерге жеткізіп, Хақ діннің одан әрі тарауына көп септігін тигізген.
- Сәжде** – Намаз оқығанда маңдайды жерге қою. Сәждеде «Субхәнә раббиул әғлә» дұғасы айтылады.
- Сырат** – сөздікте жол деген мағына береді. Діни термин ретінде қиямет күні жаһаннамның үстіне тартылатын қылдан жіңішке, қылыштан өткір көпір. Жәннатқа баратын жалғыз жол осы Сырат арқылы өтетіндігі діни риуаяттарды айтылады.
- Сүннет** – Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істеген амалдары мен іс-әрекеттері. Пайғамбар сүннеті Қасиетті Алла кітабынан кейін тұрады. Ғалымдар пайғамбардың айтқан сөздерін, істеген іс-әрекетін, дене-бітімін (халқи), мінез-құлқын, өмір сүру дәстүрін сүннет деп атаған. Сондай-ақ сахабалардың істеген іс-әрекеті мен амалын пайғамбар мақұлдаған, немесе оған тыйым салмаған болса, оны да сүннеттің аясында қарастырған. Сүннет VII ғасырдың ортасынан бастап жинала бастаған. IX ғасырда сүннетті жинаудың дамығаны соншалық, бұл ғасыр «Хадистанудың алтын ғасыры» аталған. Осы дәуірде Имам Бұхари, Имам Термизи, Имам Муслим секілді атақты мұхаддистер шығып, Алла елшісінің өсиеттерін бір жүйеге түсірген.
- Сүре** – Құранның ішкі бөлімдері. Сүре Құранның бір бабы болып, кем дегенде үш аяттан тұрады. Құранда 114 сүре бар. Сүрелер Меккелік және Мединелік болып екіге бөлінеді. Ең қысқа сүре «Кәусар» үш аяттан тұрса, ең ұзыны «Бақара» болып, 286 аятты өз ішіне алған.

## Т

- Тақуа** – Алланың азабынан қорқушы, дініне берік діндар. Дінге қатты берілген тақуа қашан да харам мен күмәнді нәрселерден бойын аулақ ұстайды. Жүрсе-тұрса Жаратушыны ойлап, сауапты амалдарды көптеп жасауға тырысады.
- Таухид** – Алланың Бірлігі, ешқандай да серігі не жолдасы жоқ екендігі туралы ілім. Ислам монотеистік дін болғандықтан да, таухид ілімі Ислам дінінің негізгі тірегі болып саналады. Сондықтан да Алланың Барлығына, Бірлігіне, Оның зати һәм субути сипаттарына, көркем есімдеріне (әсмәу хуснә) күдік келтірген адамның діннен шығу қаупі бар. Қасиетті Құранның 112-ші сүресі «Ахад» деп аталып, сонда таухид ілімінің негізгі шарттары қамтылған. Онда Алланың жалғыздығы, ешкімге мұқтаж еместігі, тумағандығы және туылмағандығы, сондай-ақ жаратылыста ешкімге де ұқсамағандығы ашып айтылған.
- «Таһа»** – Қасиетті Құранның жиырмасыншы сүресі.
- Таяммум** – Дәреттің бір түрі. Әдетте су болмаған жағдайда шариғат топырақпен дәрет алуға бұйырады. Таяммум Құран мен хадисте ашып айтылған. Негізгі төрт парызы бар. Олар: Ниет ету, таза топырақты жерді табу, екі қолын жерге ұрып, жүзіне сұрту, және ұрып, екі қолының білегіне дейін сұрту.
- Тәжуид** – Құранды қырағатпен, өзіне тән мақаммен оқу. Құранды жаңадан үйрену-

шілерге тәжуид үйретіледі. Тәжуид ақырын (тәртил), орташа (хадр) және тез (тәдуир) деп үшке бөлінеді.

**Тәжуин** – Алла Тағаланың негізгі сипатының бірі, жоқтан бар жарату тек Оған ғана тән деген мағынада

**Тәсір** – Адам баласының шамасы келгенше Алланың кітабына түсінік беруі. Құранға тәсір жасау Мұхаммед пайғамбар тұсында бастау алған. Пайғамбар Қасиетті Құран аяттарындағы түсініксіз жерлерді сахабаларға түсіндіріп берген. Кейіннен сахабалар да табиндерге үйреткен. Кейіннен жеке ғылым ретінде қалыптасты. Мұхаммед пайғамбардан кейінгі тәсіршілер ретінде Әбу Бәкір Сыддық, Омар ибн Хаттаб, Осман ибн Аффан, Әли ибн Әбу Тәліп, Абдулла ибн Аббас, Убәй ибн Кағбтардың есімі зор құрметпен аталады. Тәсірден ең алғаш кітап жазған ғалым Әбдімәлік ибн Журайж. Бүгінде тәсір кітаптары көптеп саналады.

**Тәспі** – Алланы ұлықтау, пәктеу. Намаздан кейін әр мұсылман «Субханалла» сөзін 33 рет, «Әлхәмду лилләһ» сөзін 33 рет және «Аллаһу әкбәр» сөзін 33 рет айтып, тәспі тартады.

**Тәһәжжуд** – Түннің үштен бірінде оқылатын намаз. Тәһәжжуд парыз емес. Алайда Құранның бірнеше жерінде атап өтілген. Бірақ сауап іздеген мұсылман пайғамбардың сүннеті болған тәһәжжудті жібермеуге тырысады.

**Тіләуат** – Құран аяттарын тәжуидпен, белгілі бір мақаммен оқу. Қырағаттан айырмашылығы – Құран аяттарынан басқа өлең-жырларды да өз әуенімен оқуды қырағат десе, ал тіләуат деп тек Құран аяттарын ғана мақаммен оқуды айтады.

## У

**Уәжіп** – Исламда орындалуы шарт болған амалдың бірі. Орындалуы жағынан парыздан кейін, сүннеттің алдында тұрады. Деректерде пайғамбарларға парыз болған амал, үметке уәжіп болады делінеді. Уәжіп амалын орындамаған адам діннен шықпаса да, үлкен күнә болып есептеледі.

«**Уәз-зуха**» – Қасиетті Құранның тоқсан үшінші сүресі.

**Үммет** – Мединеде Мұхаммед пайғамбардың артынан барып, Ислам дінін қабылдаған адамдар тобы. Алғашында соларды ғана үммет деп атаған. Алайда кейіннен мұсылмандардың синонимі ретінде қолданылған.

## Ф

**Факих** – фикһ ілімінің маманы. Исламдағы шарият шарттарын жетік білген ғалымдарды айтады. Ислам әлемінде факихтар мыңдап саналады. Солардың негізгілері қатарында Имам Ағзам, Имам Шафиғи, Имам Ханбал және Имам Мәліктердің аттары зор құрметпен аталады.

«**Фатиха**» – Қасиетті Құранның алғашқы сүресі.

**Фәтуа** – Мүфти немесе Ислам ғұламаларының бір діни, саяси, құқықтық мәселелерге қатысты шығарған үкім-қарары. Исламның алғашқы жылдарында сахабалардың, хуләфәи рашидиннің шығарған діни, саяси қаулылары фәтуа деп аталған. Бүгінде әрбір елдегі діни басшының, мүфтидің, не имамның діни мәселе бойынша берген үкімі де фәтуа болып есептеледі. Фәтуаның басты шарты – Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбар сүннетіне қайшы келмеуі тиіс.

**Фирдаус** – сегіз жұмақтың бірі. Діни риуаяттарда Фирдаус жәннаттың ең үлкені ретінде айтылады.

## Х

**Хадис** – Сөздікте «хабар», «жаналық» деген мағына береді. Діни термин ретінде Мұхаммед пайғамбардың айтқан сөздері, істеген істері және көрсеткен амалдары.

Хадис келіп түсуі жағынан екіге бөлінеді: мағынасы Алла Тағаланыкі болып, пайғамбар тарапынан айтылған хадистерді – Құдси хадис, ал пайғамбардың өзінің айтқан сөздері мен істеген амалдарын Нәбәуи хадис дейді. Сондай-ақ хадистер мазмұны жағынан үшке бөлінеді. 1. Сахих хадис; 2. Хасан хадис; 3. Заиф хадис.

Пайғамбар заманында хадистерді топтастыруға тыйым салынған болатын. Ондағы мақсат Қасиетті Құран аяттары мен пайғамбардың хадистерін араластырып жіберуден сақтанғандық болатын. Алайда пайғамбар дүниеден өткеннен кейін Алла елшісінің өсиеттерінің бұрмаланып кетуінен қорқып, ғұламалар хадистерді жинауды қолға алды. Бұл үрдіс, әсіресе, YII ғасырдан бастап мықтап қолға алынды. Ислам әлемінде хадис ілімдерінің білгірлері көптеп саналады. Солардың ішінде ең танымалдары – Имам Бұхари, Имам Муслим, Имам Термизи, Әбу Дәуіт және т.б.

**Хәйат** – Алла Тағаланың негізгі сипаттарының бірі, Алланың бар екендігі, өзіне тән өмір иесі деген мағынада.

**Хәким** – Алла Тағаланың тоқсан тоғыз есімінің бірі, хәкім, дана, данышпан деген мағынада.

**Хор** – Жаннаттағы қыздар. Діни деректерде жаннатқа түскен иманды жанның қасында хор қыздары қызмет ететіндігі туралы айтылған. Қасиетті Құранда хор қыздарының бүкіл кемшіліктен ада, сұлу, адам баласы тұрмақ, жындардың да қолы тимеген таза екендігі айтылған.

### Ш

**Шайтан** – Алланың қаһарына ұшыраған жынның аты. Алла оны оттан жаратқан, алайда әміріне мойынсұнбағаны үшін кейін лағынеттеген. Алла адамзат баласын сынап көру үшін шайтанға уақыт берген.

**Шариғат** – Алла Тағаланың үкімдерінің жиынтығы. Оны кейде фикһ деп те атайды. Шариғат үкімдері Құран, сүннет, ижмағ және қиястан тұрады. Орта ғасырлық Шығыс мұсылман елдерінде шариғат үкімдері қатаң орындалып, негізгі саяси-құқыққа ие болған. Бүгінде де кейбір Ислами елдерде шариғат шарттары негізгі ата заңның орнында қолданылады.

**Шәһид** – Алла Тағаланың разылығы үшін дін тарату жолында жан тапсыру. Шәһидтікті Ислам ғұламалары орындалуы жағынан «Дүние шәһиді», «Ақирет шәһиді» және «Алла жолында шәһид» болып үшке бөледі. «Дүние шәһиді» деген соғыста Алла разылығы үшін емес, дүние табу, олжалы болу, атакқа қол жеткізу үшін шығып, жан тапсырғанға қарата айтылады. Ғазауатшының қай ниетпен шыққаны белгісіз болғандықтан да, ол да нағыз шәһидтер секілді жерленеді. Бірақ оның шынайы ниеті ақиретте белгілі болады. Ал, ақирет шәһидтері тек қана Алланың құзырында шәһид болып есептеледі. Дүниеде кәдімгі адамдар секілді жерленуі мүмкін. Олар қырғын аурудан қайтыс болғандар, суға кеткендер, жағылған үйдің астында басылып өлгендер, өртеніп өлгендер, жүкті кезде жан тапсырғандар, мал-жанын қорғаймын деп көз жұмғандар және т.б. Шынайы Алла жолында ғазауатқа шығып, жан тапсырғандар шәһид болып есептеледі. Олар жуымайды, қанды киімімен жерленеді. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір хадисінде: «Тозақтың отын үш нәрсе өшіреді. Шәһидтің қаны, ғалымның қаламының сиясы және Алладан қорыққан жанның көз жасы», – деген. Шәһидтер туралы Қасиетті Құранда «Бақара» сүресінің 154, «Әли Ғыман» сүресінің 69-шы аяттарында да баяндалған.

**Шейх** – Ислам діні тараған елдердегі білімді адамдар, ғалымдар, діндарлар, ғұламалар және факиһтар. Кейіннен сопылық тарикаттар пайда болғаннан кейін сол сүліктің (жолдың) рухани жетекшісі де шейх деп атала бастаған.

## АТАЙИ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ СӨЗДІГІ

### А

аб	(п.)	су	<i>/Дилбәра, лә'лиң мәйдүр аб-е кәусәрдін мурад/</i>
аб-е хәйат	(п.-а.)	мәңгілік су	<i>/Хизрнің аб-е хәйаты тарта-дур зулмәтдә жә /</i>
аб-е хәйуан	(п.-а.)	жанды (мәңгілік) су	<i>/Адәм ермас ол кішікім, аб-е хәйуан арзулар/</i>
абдар	(п.)	сулы, суы мол	<i>/Гул йүзүңдек тазә-у рангін-у саф-у абдар/</i>
абид	(а.)		<i>/Телім зухһад-у абидны, мәгәр г'умраһ болсұн деб/</i>
абру	(п.)	бетгін суы, абырой	<i>/Күйдүрді ишқы отында йүз абруйны/</i>
агаһ	(п.)	ескерту	<i>/«Мендін болуң агаһ!» дегүмдүр, дағы өлгүм/</i>
адәм	(а.)	адам	<i>/Жүр'әе нуш әйләмәс, хашаки Адәмдүр бұ кун/</i>
адәми	(а.)	адами, адамзаттық	<i>/Ей, турфә нәрісін, не 'әжәб адәмидүрсін/</i>
адәт	(а.)	әдет	<i>/Бойұңны сәру оқұмақ елгә ' адәт олды, уәли/</i>
айәт	(а.)	аят	<i>/Күфр-у иман айәтінің шәрхіні сахибнәзәр/</i>
ақибәт	(а.)	салдар	<i>/Ей, көңүл, сеумә дедім, хубләрни сеудуң ақибәт/</i>
аләм	(а.)	әлем	<i>/Аләмгә йайылды сеуәрім, нетті, не болды?/</i>
албурз	(п.)	ельбрус тауы	<i>/Хас-е Албурз-у һәм Алуәнд бізгә/</i>
али	(а.)	жоғары, биік	<i>/Хушдүрүр дәруши кішінің, болса али һиммәті/</i>
ам	(а.)	сауатсыз	<i>/Көңилдә сақлакім, әсру йамандүр ам гәүгасы/</i>
арәз	(а.)	шағым, талапкер	<i>/Йә, Раб, ол арәзмідүр, йә афтаб-е хаууәри/</i>
арзу	(п.)	арман	<i>/Көрсүн йүзүңні арзулаған раузә бағыны/</i>
ариф	(а.)	ғаріп	<i>/Ариф есәң өзүңә бил фәкр-у фәна мәқамыда/</i>
асан	(п.)	оңай	<i>/Фирақыңда бәсе асан-дүр өлмәк/</i>



атәш	(п.)	от	<i>/Атәшін лә'ліңні көңлүм сеугәніндин йазғуруб/</i>
атласпуш	(п.)	әтілес киген	<i>/Хәсәд ер ол кішікім, бұ сепеһр-е атласпуш/</i>
афтаб	(п.)	күн	<i>/Йа, Раб, ол 'арәзмідур, йа афтаб-е хаууәри/</i>
'ашиқ	(а.)	ғашық	<i>/Жан мәхрәм емәс, 'ашиқ-е мә' шуқ арасында/</i>
ашна	(п.)	таныс	<i>/Әзәлдін ашнаңызмын, уәлекин/</i>
ашуфта	(п.)	ашулану, долдану	<i>/Мәжлис-е ашифтә дилләрни му' әттәр әйләдім/</i>
ah	(п.)	уһілеу, өкіну	<i>/Ah мен жанымға еттім, жәур чекмәктің, нетәй/</i>

### Ә

әбәд	(а.)	мәңгілік	<i>/Ей, шаһсеуәрым, то әбәд шаһлар гәда болсұн сәңә/</i>
'әбир	(а.)	хош иіс, жағымды иіс	<i>/Халың 'әбири құллуғұна му'тәриф болуб/</i>
әбр	(п.)	қас	<i>/Бәһар-у әбр-е нәйсан хажәт ермәс/</i>
әғйар	(а.)	бөтен, бейтаныс	<i>/Жәур-е әғйар ілкідін жанымға еттим, ah-ah/</i>
'әдәс	(а.)	жасымық (бұшақ тұқымдас өсімдік)	<i>/Хатти сабзін қашыда халың бікін рангін 'әдәс/</i>
'әзаб	(а.)	азап	<i>/Болғай ерді Йусуфум һәжрің ' әзабында шафи'/</i>
әзәл	(а.)	мәңгі, ежелден	<i>/Пир-е мәйханә әзәлдін қылды бұ иршадлар/</i>
ә'дад	(а.)	сандар	<i>/Әхәд-дур аслу фар'и жумлә ә'дад/</i>
'әжәб	(а.)	ғажап, керемет	<i>/Ачсаң йүзүңні, ақса көзүм йашы не 'әжәб/</i>
әжун	(т.)	дүние, әлем	<i>/Әжунда істәдім бесйар һәмдәм/</i>
әййам	(а.)	күндер	<i>/Йүзүңні көрмәйін әййам-е хусн-е Йусуфдін/</i>
'әййар	(а.)	қаңғыбас, кезбе	<i>/Нәргиси 'әййарларда куфр-у иман көргүзүб/</i>
'әйн	(а.)	көз	<i>/Кім, жәфа 'әйні уәфадуур йарға сеугән йарыдын/</i>
әйуан	(п.)	дәліз, бастырма, сарай	<i>/Ергә чалдың шишадек әйуан-е минадын мені/</i>
'әйш	(а.)	рахат, шадыман,	<i>/Нишат-у 'әйш-е пинһан уәқті болды/</i>

экбәр	(а.)	үлкен, ұлық	<i>/Ид-е экбәрдур мубарәк ʻумри жауидан билә/</i>
экдах	(а.)	тостағандар, бокалдар	<i>/Атаига дәм-е толганда әкдах/</i>
ә'ла	(а.)	жоғары, биік	<i>/Хидмәтиңдә өзгәлар ә'ла мәратыбқа етиб/</i>
әләм	(п.)	қайғы, ауру, қасірет	<i>/Ей, уай, нетәй, хәстә көңүл қалды әләмга/</i>
әлбәттә	(а.)	әрине	<i>/Лутф әйлә, кі етмәс киші әлбәттә бұ дәмга/</i>
«әлиф»	(а.)	арабтың бірінші әрпі	<i>/Бақи болсұн, лутф етиб кірді «әлиф» қаддың әра/</i>
әлминнәту лилләһ	(а.)	аллаға шүкір	<i>/Әлминнәту лилләһ, кі йәнә йарны көрдүм/</i>
әлуида'	(а.)	қош сау бол	<i>/Ешикіңдін қылмады уибу кары құл әлуида'/</i>
әмма	(а.)	бірақ	<i>/Көп ешиттүк биз дағи бұ сөзні әмма көрмәдүк/</i>
әнбәр	(а.)	амбра (балықтан алынатын хош иіс)	<i>/Өзін отқа салур әнбәр һәмшиә/</i>
әндәлиб	(а.)	бұлбұл	<i>/Кі гүл ачылса керәк әндәлиб хәзрәтидә/</i>
әндишә	(п.)	пікір, ой	<i>/Ұзұн әндишәгә салды нетәй, зулфүуң тәмәннасы/</i>
әнжумән	(п.)	қоғам, жиналыс, мәжіліс	<i>/Қызарды гүл уйаттын әнжумәндә/</i>
әнуар	(а.)	нұрлар, нұрланған	<i>/Кәшиф-е әнуари тәжәллидур йүзүң нәззарәси/</i>
әра	(т.)	қарай, жаққа	<i>/Базар-е мушк Чин әра бағангусыдурур/</i>
әрәб	(а.)	араб	<i>/Демас ерділар әрәб назикләрі атини рах/</i>
әрәк	(а.)	тер	<i>/Һәр зәман гарқ-е әрәқтың езілурләр чун нәбат/</i>
әрбаб	(а.)	таңдалған, аксүйектер	<i>/Ка'ба-е әрбаб-е хәжәт қашларың михрабыдурур/</i>
әрғуан	(п.)	күңгірт қызыл түс	<i>/Ұғрылық қылған үчүн рәңі ләбіңдін әрғуан/</i>
әснам	(а.)	пұттар	<i>/Йүзүңдә абид-е әснам көрсә Хақ нурын/</i>
әсрар	(а.)	сырлар, құпиялар	<i>/Билмәс киші сирримны, мәгәр алим-е әсрар/</i>
әта	(а.)	тарту, сыйлық	<i>/Мәхшиәрдә лутф-у мәрхәмәт Хақдың әта болсұн сәңә/</i>

әурад	(а.)	дұғалар, зікірлер	<i>/Хәлаиқ субх-у шам әурад оқурлар/</i>
‘әфаллаһ	(а.)	алла жарылқасын!	<i>/‘Әфаллаһ, дәрд-е һежран-у тіріклік/</i>
әфғар		жаралы, шаршаған, абыржыған	<i>/Бұ хәстә Атаи кібі әфғарны көрдүм/</i>
әфлак	(а.)	аспан әлемі	<i>/Гунбәд-е әфлакны бунйад қылмастын бурун/</i>
әфшан	(п.)	ашылу	<i>/Болуб сәрхуш, гул әфшан уәқті болды/</i>
әхбаб	(а.)	сүйіктілер	<i>/Йүзүңни қиблә-е әхбаб дерләр/</i>
әхмәр	(а.)	қызыл	<i>/Еңмудур, йа лалә-йе ну‘ман, дурр-у әхмәри/</i>
‘әһд	(а.)	шарт, келісім	<i>/Болғай ерді көңлуңузнуң зәррә ‘әһди мәхкәми/</i>
әһл	(а.)	тұрғын, қауым	<i>/Әһлі дилләр хатырын гәмгин-у гәмхур әйләгән/</i>
әшк	(п.)	көз жас	<i>/Көзләрімнің жүйбарын сел-е әшкім қылды пак/</i>

## Б

баб	(а.)	есік, бап	<i>/Гәнж-е уәслиңға мухәббәт бабыдын өзгә кәлід/</i>
бадә	(п.)	шарап	<i>/Ләуһиәллаһ ол зәманкім, бадә-е гулгун ічіб/</i>
бадәм	(п.)	бадам	<i>/Бірінің еккі бадәм-е муқәшишәр/</i>
бадәнуш	(п.)	шарап ішер	<i>/Аһларкім, сан урарсен һәр сәхәр ей, бадәнуш/</i>
баж	(п.)	алым-салық, салық	<i>/Жам-у Жамшед-у Фағфур-у Кайукауснұң бажын/</i>
бак	(п.)	үрей, қорқыныш	<i>/Гәр фәләк өлтүрсә йүз қатла мені, һеҷ бак емәс/</i>
бал	(п.)	қанат	<i>/Йығмады пәруздын бір ләхзә пәр-у балны/</i>
баләнд	(п.)	биік	<i>/Сәнің бұ қамәтің сәру-е баләндің/</i>
бали	(п.)	ия, расында	<i>/Бали, сен «рәхмәтән лил‘аләмин» сін/</i>
батил	(а.)	түкке тұрғысыз, бос, бекер, жарамсыз	<i>/Жүмлә Кәшмир елінің сехріні батил қылдылар/</i>

батин	(а.)	ішкі (дүние)	<i>/Кі қылдың zahир-у батинны ислах/</i>
басе	(п.)	көп, көптеген	<i>/Ләбләріңнің инфи алыдын басе қаннадлар/</i>
баужуди	(п.-а.)	болмысымен, барлығымен	<i>/Баужуди лә'лі жанбахи-у ошал хурилиқа/</i>
бәгр	(т.)	жүрек	<i>/Тә'н етмә муддә'-е мәңа бәгрімні қан көрүб/</i>
бә'дэзин	(а.-п.)	содан соң, кейін	<i>/Бадә гәр аб-е хәйат өлсә, керәкмәс бә'дэзин/</i>
бәдән	(а.)	дене	<i>/Муштақ бәдәннi нәфәсi жандин айырма/</i>
бәдгуман	(п.)	жаман пікір	<i>/Келмәдi рахми рақиби бәдгуманым көңдiгә/</i>
бәдр	(а.)	толған ай	<i>/Бәдр-е мунир 'арәзiң алында натәмам/</i>
бәйтул-әхзан	(а.)	қайғылар үйі	<i>/Бәйтул-әхзан әйләдiм көңлүм уийн Йа 'қубтек/</i>
бәйтул-хәзән	(а.)	қайғы үйі	<i>/Бұ кун Йа 'қубтек бәйтул-хәзәндә/</i>
бәқа	(а.)	мәңгілік	<i>/Бәқасыздур бұ беш кун 'умр-е фани/</i>
бәла	(п.)	пәле	<i>/Йад әйлә менi бәстә-йе зәнжир-е бәлады/</i>
бәлкі	(п.)	мүмкін, қайта	<i>/Рухи Шiрiн бiрлә Хесрау, бәлкі Гиндистан мәңә/</i>
бәндә	(а.)	пенде	<i>/Бәндә бiр сөз бiрлә нагәһ бiлдi ағзыңдын сүрүб/</i>
бәрбад	(п.)	ынтамен	<i>/Сулйман мүлкiнi бәрбад оқурлар/</i>
бәрг	(п.)	жапырақ	<i>/Бағбан сәру-е сийнiң кестi шаһ-у бәргiнi/</i>
бәхр	(а.)	теңіз	<i>/Бәхредурур гами, кi ерур бәхр-е атәшин/</i>
бәхс	(а.)	талас, тартыс, сөзжарыс	<i>/Бәхс етсә шәкәр нәй ләбиңiz бiрлә суралы/</i>
беағйар	(п.-а.)	жат емес, таныс	<i>/Йар беағйар-у гул һәм харсыз/</i>
беганә	(п.)	бөтен, өзге	<i>/Болубтурмын бүкүн беганәләрдек/</i>
бедад	(п.)	жауыздық, әділетсіздік	<i>/Кафир-е зулф-уң нечә қылгәй мәңә бедадлар?/</i>
безәуал	(п.-а.)	опат болусыз, зауалсыз	<i>/Ей, сепеһр-е хусн iчiндә, афтаб-е безәуал/</i>
бемар	(п.)	ауру, сырқау, наукас	<i>/Жаным сәдәқә ол көзi бемар сәнәмга/</i>
бенәсиб	(п.-а.)	несібесіз	<i>/Рақиб тә'нә қылур бiзнi бенәсиб дебән/</i>
бенәуа	(п.-а.)	кедей, бейшара	<i>/Хан-е уәслiңдiн, нигара, бенәуа қылдың менi/</i>
бенәфшә	(п.)	фиалка	<i>/Бенәфшә қылса зулф-уң бiрлә дә'уа/</i>
бенифак	(п.-а.)	тұрақты, берілген	<i>/Тапмадуқ гайр-е сурахи, һәмнишин-е бенифак/</i>

бепайан	(п.)	соңы жоқ, аяғы жоқ	<i>/Ей, бут-е чин, қаул-е йалган, 'әнд-е бепайан мәңә/</i>
бесйар	(п.)	көп	<i>/Бесйар жәфа әйләді, кәмдур мәңә, ей, дуст/</i>
беуәфа	(п.-а.)	опасыз	<i>/Ей, мусулманлар нетәй, ол беуәфа рахм әйләмәс/</i>
бехәта	(п.-а.)	қатесіз	<i>/Бехәта қан төккүчи бір турки йағма көрмәдүк/</i>
бешбуд	(п.)	сауығу, айығу	<i>/Жан дәрдінә себи зақаның болмаса бешбуд/</i>
бешрак	(п.)	жақсырак, артық	<i>/Йаңақың нарыны үз қатла бешрак/</i>
бешудә	(п.)	бостан-босқа, бекер	<i>/Мен тірілгум йоқтурур, бешудә жан тартар рақиб/</i>
би'айниһ	(п.-а.)	көзсіз, жанарсыз	<i>/Болды һәжрдің би'айниһ көзләрім Йа 'қубуар/</i>
бибунйад	(п.)	негізсіз, тірексіз	<i>/Әгәр Хизр ерсә бибунйад оқурлар/</i>
бина	(а.)	құрылыс, ғимарат	<i>/Қашларыңдек та бина-е тоққұз әйуан қылғалы/</i>
бисат	(а.)	дастархан, кілем	<i>Йайылды сөз бисатыда аның зейн-и кәмалындын</i>
биһешт	(п.)	жұмақ	<i>/Ерур бір мухтәсәр гулиан, биһешт-е жауидан әндің/</i>
бичарә	(п.)	бишара, байкүс	<i>/'Ашиқ-е бичарәнің өлмәктін өзгә чарәси/</i>
бишубһә	(п.-а.)	күдіксіз, күмәнсіз	<i>/Бишубһә мәләк қылғусыдур қабринә сәждә/</i>
бу	(п.)	иіс	<i>/Тапмады ол бу-е хушкім, сунбулистанында-дур/</i>
бубәк	(п.)	сасық көкек	<i>/Һәр тунки, қылсам ол бубәк-е фитнә иадыны/</i>
бу'д	(а.)	алшақтық, қашықтық	<i>/Фәләк бізні жуда қылмас, бүкүн бу'ди мәкан бірлә/</i>
бунйад	(п.)	негіз, іргетас	<i>/Сәбр күйіндә нечәкім, әйләдім бунйадлар/</i>
бурийа	(а.)	тоқыма, өрме	<i>/Қайар хәрир-у, килур шал-у бурийа һәуасын/</i>
бурқа'	(а.)	бетперде	<i>/Йүзүңдін бурқа' алғыл, бір зәмани/</i>
Бір-у Бар	(т.)	Жаратушы	<i>/Бір-у Барікім, сәнәмләр агзыны сөз сөзләтіб/</i>

## Г

гардеш	(п.)	серуен, қыдыру	<i>/Гардеш-е дәур-е қамәрдә фитнә-е дәуран көзүң/</i>
гаһ-гаһ	(п.)	кей-кейде	<i>/Гаһ-гаһи ел көрүб хуснуңны хәйран болсалар/</i>

гәда	(п.)	кедей, байқұс	<i>/Кел, дәм-е мәйханәдә көргіл гәдалар һиммәтін/</i>
гәнж	(п.)	қазына, кеніш	<i>/Гәнж-е уәслиңға мухәббәт бабыдын өзгә кәлид/</i>
гәр	(п.)	егер	<i>/Гәр қарарсыз көзләрің ақ уй ічіндә айнаса/</i>
гәрд	(п.)	тозан, гүлдің тозаны	<i>/Өлтүрмас әңә гәрд-е гәм, «әлминнәту лилләһ»/</i>
гәрдун	(п.)	аспан, дөңгелек	<i>/Йүзіндә мисл-е қуббә-е гәрдун хубабы бар/</i>
гәшт	(п.)	серуендеу, қыдыру	<i>/Не йүзім бірлә барай мен гәшт-е бустан қылғалы/</i>
герифтар	(п.)	кіріптар	<i>/Ашиқ-е бичарәнің көңлін герифтар әйләгән/</i>
гесу	(п.)	ұзын шаш	<i>/Көрмәдүк гесуларың зәнжирідін/</i>
гирубәст	(п.)	байланған, оралған	<i>/Мундақ, кі бар сәнің қара зулфуңға гирубәст/</i>
гийәһ	(п.)	өсімдік, шөп	<i>/Бағ-е хәйатта не гуле қайғусы, не гийәһ һәм/</i>
гузәр	(п.)	өткел	<i>Сәба әгәр гузар етсәң хәбиб хәзрәтідә</i>
гуйа	(п.)	әйгілі, дәлелді, секілді	<i>/Хизр гуйа му'жизін хәттіңға бердікім, бүкүн/</i>
гулаб	(п.)	иіссу	<i>/Бәрг-е гулидурур, кі йүзіндә гулабы бар/</i>
гулғунчә	(п.)	гүлдің қауызы, гүлдің түйнегі	<i>/Көңүл йүз парәдур гулғунчә йаңлық/</i>
гулзар	(п.)	шалғын, жайылым	<i>/Иширәт-у шади билә гулзар ічіндә олтурур/</i>
гулқанд	(п.)	гүл шырыны	<i>/Инайәтләр қылур гулқанд бізгә/</i>
гулрәң	(п.)	гүл реңді, гүл түсті	<i>/Гчсүн мәй-е муфәррих-е гулрәң-е гәмзудай/</i>
гулсетан	(п.)	гүлзар	<i>/Таң елі аңлатқыл ахир гулсетаным көңлігә/</i>
гулчәһрә	(п.)	қызыл шырайлы, сұлу	<i>/Айя гулчәһрәлик сәру-е рәуаным/</i>
гумраһ	(п.)	адасқан	<i>/Бәхті гумраһдынмудур, йа Раб, мәңә мәхрумлуқ/</i>
гунбәд	(п.)	күмбез	<i>/Гунбәд-е әфлакны бунйад қылмастын бурун/</i>
гуңғ	(п.)	мылқау, мақау	<i>/Кім, аның хәмд-у шуқри әқлі кулли гуңғ-у лол әйләр/</i>
гуфтар	(п.)	сөз, кеңес, әңгіме	<i>/Сахир-е Каширға гуфтарсыз/</i>
гушә	(п.)	бұрыш	<i>/Һәр гушәдә бар, зулфи бікін йүз нигәрани/</i>

## Ғ

ғабғаб (ғәбғәб)	(а.)	иек, бұғақ	<i>/Бірінің ғабғабидур себ-е симин/</i>
ғайәт	(а.)	шек, соңы	<i>/Ғайәт-е назуклугіндин су білә йутса болур/</i>
ғалиб	(а.)	жеңімпаз	<i>/Ул кі дерләр жумләи 'аләмдә галиб хусн ерур/</i>
ғамгин	(а.-п.)	қайғылы	<i>/Әһлі дилләр хатырын гәмгин-у гамхур әйләгән/</i>
ғамнак	(а.-п.)	мұнды, қайғылы	<i>/Ашиқ кішінің хатыры гамнак керәк-тур/</i>
ғамхур	(а.-п.)	камкор	<i>/Әһлі дилләр хатырын гәмгин-у гамхур әйләгән/</i>
ғани	(а.)	бай, дәулетті	<i>/Мен бәсе мискинмину, сиз хусн илә әсру гани/</i>
ғариб	(а.)	ғаріп, міскін	<i>/Чун тушубсін хусн бірлә хубләр ічрә гариб/</i>
ғарқ	(а.)	бату, шөгу	<i>/Һәр зәман ғарқ-е 'әрәқтың езілурләр чун нәбат/</i>
ғалтан	(п.)	аунау, домалау	<i>/Сарығ алтунтек йүзіндә йүз дурр-е гәлтаны бар/</i>
ғәм	(а.)	кам, қайғы	<i>/Уәрә-е рәнж-у дәрә-у гәм тапылмас/</i>
ғәмзә	(а.)	қылымсу, ымдау	<i>/Тапылмас ер, кі гәмзәң нәштарі йоқ/</i>
ғәммаз	(а.)	қылықты әйел	<i>Ғәмзәсі гәммазларның кірпикін нәштар қылыб</i>
ғәнимәт	(а.)	ғәнибет, олжа	<i>/Ғәнимәт тұт жәмал-е хусн дәурін/</i>
ғәрқаб	(а.)	иірім	<i>/Иитийақың бәхридә гәрқаб болдұм, рахм қыл/</i>
ғубар	(а.)	тозаң, шаң	<i>/Хақ билүр бір зәррә көңлүмдә губарым йоқтурур/</i>
ғунчә	(п.)	бүршік, гүлдін қауызы	<i>/Талашмыш гунчә ағзың бірлә тарлық/</i>
ғусса	(а.)	қайғы-құса	<i>/Йа йар жәфасы мәңә, йа гусса-е әғйар?/</i>

## Д

даима	(а.)	қашанда, әрдайым	<i>/Даима мәст-у бихәбәр көрунур/</i>
даме	(п.)	сәт, мезет	<i>/Бары өлтүр, сол даме, күйүндә ет қуш туйдек/</i>
дәрәхт	(п.)	ағаш	<i>/Дәрәхтидур, кі һеч бәрг-у бары йоқ/</i>
дәрбәдәр	(п.)	кезбе, қаңғыбас	<i>/Куй бакуйу дәрбәдәрләрдек гәда қылдың мені/</i>
дәрғаһ	(п.)	құзырет	<i>/Қиблә-е әһлі мухәббәт һак-е дәрғаһың сәнің/</i>
дәрәд	(п.)	дәрт, қайғы	<i>/'Әфаллаһ, дәрә-е һежран-у тiрiклiк/</i>
дәрдисәр	(п.)	ауру, бас ауруы	<i>/Тутубтурлар дәуасыз дәрдисәрәдә/</i>

дәрман	(п.)	шипа, дәрумен	<i>/Ей, гәм-у дәрдің һәмшиә рахәт-у дәрман мәңә/</i>
дәст	(п.)	кол	<i>/Сәлатинга уисалың дәст бермәс/</i>
дәстар	(п.)	шалма, сәлде	<i>/Ей, Атаи тарки дәстар айлагилким, дунйада/</i>
дә'уә	(а.)	талап ету	<i>/Атаи хаслық дә'уә қылурсын йахшылар сиррын/</i>
дәф'и	(а.)	рет, дәл өзі	<i>/Нечә дәф'и хумар етмәс көзүңким/</i>
дәһан	(п.)	ауыз	<i>/Болмады мә'лум ошал ширин дәһаным көңлигә/</i>
дәшнам	(п.)	балағат, сөгіс	<i>/Гәрчи сен дәшнам етәрсин, мен ду'әчимин сәңә/</i>
деуанә	(п.)	дуана,ақылыз	<i>/Мендин ол деуанә көңлүмга хикайәт қылғасын/</i>
дилрәба	(п.)	сүйікті	<i>/Уәфасыз дилрәбадын Тәңри бизар/</i>
дилһаһ	(п.)	жүрек қалауы, сүйікті	<i>/Күйәр жаным нетәй дилһаһ үнұтты/</i>
делсетан	(п.)	тартымды, сүйкімді	<i>/Тиләрмән Хақ Тә'әләдин, ки болсам делсетан бірлә/</i>
дид	(п.)	кара, көру	<i>/Мен келиб чәфдин бубакларыңга дермен дид-дид/</i>
дилбәр	(п.)	сүйікті	<i>/Намуради бол Атаи, дилбәрүң йолындаким/</i>
дилжу	(п.)	мейірімді, сүйкімді	<i>/Сени ол сәру-е дилжу көзгә илмәс/</i>
дирам	(а.)	дирхем, ақша бірлігі	<i>/Алмас киши шәкәрни дирамга сатылса таң/</i>
ду'а	(а.)	дұға	<i>/Ей, Атаи, сидқы ихласың билә сен қыл ду'а/</i>
дудак	(т.)	дидар	<i>/Ей, дудақың халыдын бұ жану ширинимгә дағ/</i>
дурданә	(п.)	інжу, моншақ	<i>/Тиләриң дурданәсидур, лу'лу-е тардин мурад/</i>
дурр	(а.)	дүр, жауһар	<i>/Чун падшаһ-е лайық-е дурр-е йәтим ерур/</i>
душуар	(п.)	қиын	<i>/Өлмәйин мушкелгә асан болса душуарың сәниң/</i>

## Ж

жаду	(п.)	сықыр	<i>/Көзләриң анлында Кәшимир елінің жадулары/</i>
жам	(п.)	тостаған, пиала	<i>/Шәрбәти ічмәйтурур сахибнәзәрләр жамидын/</i>
жам'	(а.)	жинау	<i>/Жам' әйлә әнжумәндә гул-у лаләзар-у 'ид/</i>
жананә	(п.)	сүйікті, жар	<i>/Жананә-е дилдар бәсе бар бұ ұлұста/</i>



жанбахш	(п.)	жан сыйлаушы	<i>/Ла'лі жанбахшыңдын айру йоқтур ей, 'Иса нәфәс/</i>
жауидан	(п.)	мәңгілік	<i>/Ләбің аб-е хәйат-е жауиданы/</i>
жәйран	(п.)	бөкен	<i>/Ей, көзі жәйран, қара кірпүкләрі сәййадлар/</i>
жәмад	(а.)	жансыз дене	<i>/'Әқлі йоқ хәйуандурур, йа фәхм-у хисси йоқ жәмад/</i>
жәмал	(а.)	жамал	<i>/Хикайәт қиссә-е Йусуф йүзүң хусн-у жәмалыңдын/</i>
жәнах	(а.)	қанат, қол	<i>/Туман мың хассә 'ашиқ көңлідүр қәлб-у жәнах/</i>
жәсәд	(а.)	дене, тән	<i>/Жан жәсәддін та сәхәр қылды көңіл бірлә тәлаш/</i>
жәрәс	(а.)	қоңырау	<i>/Ләйлі күчіндін етар Мәжнунга ауазы жәрәс/</i>
жәррах	(а.)	оташы, хирург	<i>/Не 'әжәб жәррах ерур Ғәмзәңкім, аның қашыда/</i>
жәулан	(а.)	жан-жаққа шабу; тереңге сүңгу	<i>/Та мәгәркім, сәлсәбил абына жәуланы қыла/</i>
жәур	(а.)	жәбір, күштеу, қорлау	<i>/Йоқтурур жәур-у жәфа-у зулм-у бидад-у сетәм/</i>
жәүһәрий	(а.)	ғауһарлық	<i>/Тішләрің, ерніңні чун көрді мүбәссир жәүһәрий/</i>
жәушәнін	(а.)	сауыт	<i>/Науәк-е ғәмзәң зирех қылды көңүлләр жәушәнін/</i>
жәфа	(а.)	жапа, опасыздық, жауыздық жасау	<i>/Нечә йүрәкні жәфа тигы бірлә парә қылуыр/</i>
жигар	(п.)	бауыр, өкпе	<i>/Ей, мәрхәм-е жан-у жигарым, нетті, не болды?/</i>
«жим»	(а.)	арабтың бесінші әрпі	<i>/«Жим» зулфуң, «нун» қашың қасды жан әйләб еді/</i>
жинан	(а.)	жұмақтар, пейіштер	<i>/Кәрбәладур раузә-е бағ-е жинан сізсіз мәңә/</i>
жуббә	(а.)	халат, шапан	<i>/Қарангу кечәдә кіш жуббә ічрә/</i>
жуда	(п.)	бөлу, айыру	<i>/Жуда болғалы мен зулф-у йүзүңдін/</i>
жуйбар	(п.)	жыра, арық	<i>/Көзләрімнің жуйбарын сел-е әшкім қылды пак/</i>
жур'ә	(а.)	бір жұтым су	<i>/Бер жур'ә-е бұ тәшинәгә лә'лің зилалыдын/</i>
журм	(а.)	қылмыс	<i>/Йағлық убтум деб ләбіні дә'уә қылған журмидін/</i>
<b>3</b>			
забун	(п.)	әлсіз, күшсіз	<i>/Лул йүзүң шәуқында йоқтур мен бікін хар-у забун/</i>
зағ	(п.)	қарға, сауысқан	<i>/«Гул йағачфы үстідә қонмыш 'әжәиб зағлар»/</i>

зай´	(а.)	зая, бүлінген	<i>/Ке насих зай´ етмә пәнд бизгә/ /Ай йүзүннүң меһридин өзгәни зайил қылдылар/</i>
зайил			
зар	(а.)	зар, зиян келтіруші	<i>/Бәндәни һәжр илкідин қылған фәқир-у зар-у хор/</i>
заһид	(а.)	сопы, діндар	<i>/Сат, ей, заһид, кі ал хубләр қулы-дур/</i>
заһир	(а.)	сыртқы әлем	<i>/Кел улайәт заһир әйләб, қыл йәнә мә´мурсин/</i>
зәкат	(а.)	зекет	<i>/Етмәсму гәдаларға бирар хусн зәкаты/</i>
зәнәхдан	(п.)	иек шүңқыры	<i>/Нагәһ нәзәрім чах-е зәнәхданыңға тушті/</i>
зәнжир	(п.)	шынжыр	<i>/Нечә зәнжир әйләсәм көңлүм еуінің ешікин/</i>
зәрәр	(а.)	зарар, зиян	<i>/Лутф-у кәрәм гәдаиға Тәңри үчүн, зәрәрму-дур?/</i>
зәрафәт	(а.)	нәзіктік	<i>/Кәмал-е зеһн-у зәрафәтні көрмәгәнтек еді/</i>
зәрифанә	(а.-п.)	зейінділік, алғырлық	<i>/Билмәсәи салыб аср-у зәрифанә инанмас/</i>
зәрк	(а.)	екі жүздену	<i>/Заһид-у зәрқ-у рийа-у зүһд-у тәқуа-у сәлах/</i>
зәррә	(а.)	түйір, түйіршек	<i>/Хақ билүр бир зәррә көңлүмдә губарым йоқтаурур/</i>
зәуал	(а.)	опат болу, жоқ болу	<i>/Кім бар әңгә зәуалу муңа һеч зәуал йоқ/</i>
зәхмәт	(а.)	бейнет, машақат	<i>/Қайғудын қан әйләді бәғрімни сәуда зәхмәті/</i>
зәһр	(п.)	у, улы	<i>/Зәһр-е гәм бирлә менің жанымға не қиын әйләді/</i>
зеба	(п.)	әдемі, сұлу	<i>/Миср мүлкіндә ләбиңтек қанд-у зеба көрмәдүк/</i>
зийад	(п.)	көп	<i>/Азғың да му´жиз әйәтіні Иса көрүб зийад/</i>
зийадәт	(п.)	көбейту, молайту	<i>/Хусн-уң кәбі меһрім сәңә һәр ләхзә зийадәт/</i>
зийарәтгаһ	(а.-п.)	зиярат ететін жер	<i>/Али һимәтләр зийарәтгаһы болгай мәрқады/</i>
зийнәт	(п.)	әшекей, зинет	<i>/Зийнәт-е бустан йүзүң, бас, қылса йүз гул әлуида´/</i>
зикр	(а.)	зікір	<i>/Әқл-у хушум, зикр-у фикримдә тәмәнна өзгәни/</i>
зилал	(а.)	таза, мөлдір	<i>/Тиләр лә´лиң зилалындын мәдәд һай/</i>
зиреһ	(п.)	табан, ұлтан	<i>/Науәк-е гәмзәң зиреһ қылды көңүлләр жәғушәнін/</i>
зиһи	(п.)	керемет, бәрекелді	<i>/Тә´аләллаһ! Зиһи, хуш сун´-е Халиқ/</i>
зулал	(а.)	таза, мөлдір	<i>/Мәсих-у Хизр е´жаз-е әйән лә´лиң зулалындын/</i>

зулмәт	(а.)	зұлмат	<i>/Хизрнің аб-е хәйаты тарта-дур зулмәтдә жан/</i>
зулф	(а.)	бұрым	<i>/Гәр исиргансаң йүз үзрә зулфи пуртабыңны йаз/</i>
зумуррәд	(а.)	зұбаржат	<i>/Лә'ли серабыңыз үзрә бұ зумуррәд сәбзалар/</i>
зуннар	(а.)	мұсылмандардың қол астында болған христиан дін өкілдерінің беліне тағатын белбеуі	<i>/Лә'лінің Иса дәм-е тарсачының зуннарыдан/</i>
зур	(п.)	күш, қуат	<i>/Уәслиң һәуәсіндә чу мәнің зур-у зарым йоқ/</i>
зуһд	(а.)	діндарлық, тақуалық	<i>/Бар ей, заһид, сен-у зуһд-у рийаны/</i>
зуһра	(а.)	шолпан жұлдызы	<i>/Көзүң Зуһра, йүзүң шәмс-у қамәр-дур/</i>
зуһһад	(а.)	діндарлар, тақуалар	<i>/Телім зуһһад-у 'абидны, мәгәр з'умраһ болсұн деб/</i>

## И

'ид	(а.)	мейрам, айт	<i>/Кел, ей, сәнәм, кі болды йәнә нәубәһар-у 'ид/</i>
'идгаһ	(а.-п.)	мейрам өтетін жер	<i>/Идгаһқа барча ел елтур нәмаз-у рузәсін/</i>
идрак	(а.)	түсінік, пайым	<i>/Бұ мә'ниға бір өзгәчә идрак керәк-тур/</i>
изтираб	(а.)	үрей, қорқыныш	<i>/Гәр қун тугарда көркі, нелар изтираби бар/</i>
изһар	(а.)	білдіру, жариялау	<i>/Ейкі хубләр көзгүсіндә өзін изһар әйләгән/</i>
иқлим	(а.)	климат	<i>/Бірі султан-е иқлим-е мәлахәт/</i>
илла	(а.)	бірақ, алайда	<i>/Аззың да сұрұб білмәдук илла, қыл учинча/</i>
илхан	(а.)	әуен, күй	<i>/Һизаран нәу'и илхан уәқті болды/</i>
илһах	(а.)	өтіну, талаптану	<i>/Ешікінің гәдәйімін қыл илһах/</i>
илхәк	(а.)	ақиқатында, расында	<i>/Нәйләсун гул, болмаса илхәк чәмәндә 'әндәлиб/</i>
имкан	(а.)	мүмкіншілік	<i>/Қалмады сәбр еткәлі һәжріңда имканым мәнің/</i>
'инайәт	(а.)	кеңшілік, тарту	<i>/Не 'инайәтсіз мәңә, жананы тәқсир әйләдім/</i>
инсан	(а.)	адам	<i>/Мәләйик хуйлуқ инсанмудур бұ?/</i>
инсафа	(а.)	ынсап	<i>/Пир болдұм хәсрәтіңдә қайғудын инсафа кел/</i>
интизар	(а.)	ынтызар	<i>/Тақәт-е һәжр-у мәжал-е интизарым йоқтурур/</i>
инфи'ал	(а.)	әсерлену, ұялу	<i>/Ләбләріңнің инфи'алыдын бәсе қәннадлар/</i>

иршад	(а.)	1. нұсқау, насихаттау; 2. дәрежелі	<i>/Лир-е мәйханә әзәлдін қылды бұ иршадлар/</i>
и'тибар	(а.)	беделді болу	<i>/Хәқикәттә либас-е заһирига и'тибар олса/</i>
исти'анәт	(а.)	көмек сұрау	<i>/Көзүңдін сөхр үчүн йүз исти'анәт/</i>
исти'арә	(а.)	ауыспалы мағына, аллегория	<i>/Әгәр исти'арә-е сәхәр көрунур/</i>
истиғна	(а.)	бақуат болу	<i>/Ғайәт-е наз-у тәкәббур бірлә истиғнасы-дур/</i>
ислах	(а.)	түзету, түзеу	<i>/Кі қылдың заһир-у батинны ислах/</i>
истилах	(а.)	атау	<i>/Зехни назиклар му'әмма истилахын түзгәлі/</i>
итаб	(а.)	сөгіс, жазғыру	<i>/Шірін ләбің, кі қанд-у'әсәлдін итабы бар/</i>
и'тидал	(а.)	1. теңелу; 2. ұстамдылық	<i>/Қамәтің сәруидәкім, бардур бұ хәдді и'тидал/</i>
и'тиқад	(а.)	сену, илану	<i>/Жәуруңдін өзгә әгәр қылсам и'тиқадыны/</i>
и'тимад	(а.)	арқа сүйеу, сүйеніш	<i>/Сәр-у байлұқларга йоқтур и'тимадым, расте/</i>
и'тираз	(а.)	наразылық білдіру	<i>/Қәһрідін и'тираз етіб, тұтма көңүлні наумид/</i>
иттифак	(а.)	1. келісу; 2. оқиға	<i>/Алды көзүң иттифақы бірлә/</i>
иттихад	(а.)	одақ	<i>/«Қабә қаусәйн» иттихадын қашиларың қылды'әйан/</i>
ифтитах	(а.)	бастау, ашу	<i>/Мәтлә'е хусн-у мәлахәтқа йүзүңдур ифтитах/</i>
ифтихар	(а.)	мақтаныш, мақтану	<i>/Мен сенің ишиқың билә қылғум-дур ол дәм ифтихар/</i>
ихсан	(а.)	жақсылық	<i>/Гәдә-е мустәхиқ ихсанға лайық/</i>
ишқ	(а.)	ғашықтық	<i>/Күйдүрді ишқы отында йүз абруйны/</i>
ишрәт	(а.)	сауық құру, қуаныш	<i>/Көзүң фикрindә ишрәт пешәләргә/</i>
иштийақ	(а.)	ынтық, ынтықтық	<i>/Күйді жаным иштийақы бірлә/</i>
ишуә	(а.)	жеңілтектік	<i>/Ей, сахиб-е фән, ишуә билә наз фәнідә/</i>
Йаздан	(т.)	Тәңрі, Жаратушы	<i>/Ей, Атаи, сәждә-е шукр әйләгіл Йазданига/</i>
йәксан	(п.)	бірдей, жексен	<i>/Дегәсін, бір хак-е раһым, бірлә йәксаным мәнің/</i>

## К

каж	(п.)	1. қарағай; 2. желкеге ұру; 3. апыр-ай	<i>/Егілді бойны елдін, көп еди каж/</i>
катиб	(а.)	көшірмеші, хатшы	<i>/Хәтмудур ол йүз уза, йа катиб-е хусн-у жәмал/</i>

каһ	(п.) сарай	<i>/Сарай-у каһ-у әйуан хажәт ермәс/</i>
кашки	(п.) әттең-ай, болса еді...,	<i>/Айу кундин хуснүһуз бесйар ерур ей, кашки/</i>
кәминә	(п.) мен пақыр	<i>/’Ашиқларың кәминәсі кімдур десә кіші/</i>
кәман	(п.) садақ	<i>/Йазуқсыз олды кәман абрулар жәфасындын/</i>
кәмтәрин	(п.) қысқа	<i>/Қиссә-йе «Ләйли-йу Мәжнун» кәмтәрин әфсанәсі/</i>
кәнарә	(п.) шеті, жағасы	<i>/Хирәд чиқар йолыдын, ’әқл-у хуш кәнарә қылу/</i>
кәуакиб	(а.) жұлдыздар, планеталар	<i>/Әйләгән султан-у һәм шаһ-е кәуакиб хусн еру/</i>
кәукәб	(а.) жұлдыз	<i>/Дедікім, ай алыда туғмыш са ’адәт кәукәбі/</i>
кәфән	(а.) кебін	<i>/Ешикің топрағы басдур кәфәндә/</i>
кәһрәба	(п.) янтарь (тас)	<i>/Чәһрәсін қылды Атаи рәшк елиндә кәһрәба/</i>
кәшф	(а.) ашу	<i>/Уәһни не мусхәф-дур йүзүң кім, кәшф-е «Кәшишаф» әйләді/</i>
кибрит	(а.) күкірт	<i>/Кимийәгәрләр дегән кибрит-е әхмәрдін мурад/</i>
кимийәгәр	(а.) алхимик	<i>/Кимийәгәрләр дегән кибрит-е әхмәрдін мурад/</i>
кифайәт	(а.) жеткілікті	<i>/Қылғай ләбің Адәмға тіріклікни кифайәт/</i>
кишуәр	(п.) ел, мемлекет	<i>/Ей, падишаһ-е кишуәр-е хусн-у жәһан лутф/</i>
көзгү	(т.) айна	<i>/Чун тәжәлли көзгүсі-дур тәб ’и ағаһың сәнің/</i>
кулба	(п.) жұпыны үй, лашық, шайла	<i>/Хусн елі та кулба-е көңлүмни мәнзил қылдылар/</i>
кунж	(п.) бұрыш	<i>/Ғам кунжсидә Атаи бікін болмайын хәраб/</i>
куфар	(а.) кәпірлер, имансыздар	<i>/Ғеч куфар куфрiнi жам ’етмәдi иман илә/</i>
куфр	(а.) күпірлік	<i>/Ғеч куфар куфрiнi жам ’етмәдi иман илә/</i>
кушад (гушад)	(п.) кең, үлкен	<i>/Йоқму һежран шаиһарида бизгә уәслиңдiн кушад/</i>

## Қ

қандил	(а.) шырақ, шырағдан	<i>/Гунбәд-е чарх-е фәләк қандилыны йандурғучы/</i>
қамәр	(а.) Ай	<i>/Көзүңтек фитнә йоқ дәур-е қамәрдә/</i>

қамәт	(а.)	тұла бой	<i>/Қамәтің хуштур, уәли еккі көзүмда йахишырақ/</i>
қарар	(а.)	Шешім	<i>/Гәр қарарсыз көзләрiң ақ уй iчiндә айнаса/</i>
қат'и	(а.)	құрлық, материк	<i>/Туша-е мейнәт билә қат'и мәназил қылдылар/</i>
қатла	(т.)	рет	<i>/Учмақта йүз қатла қийамәт болур ерди/</i>
қатра	(а.)	Тамшы	<i>/Лә'лиңдiн әңә қатра-е тәрйәк керәк-тур/</i>
қаул	(а.)	сөз, қаулы, дереу	<i>/Мухәббәт шәр'идә хубләр қаулыны</i>
қәдәх	(а.)	бокал, пиала	<i>/Сәқийа, келтур қәдәхкiм, болды уәқт-е гул ләтиф/</i>
қәлб	(а.)	Жүрек	<i>/Йүз туман мың хассә 'ашиқ көңлидур қәлб-у жәнах/</i>
қә'р	(а.)	шұңқыр, ойпаг	<i>/Ғам бәхринә чум, қә'рина ет, дуртек Атаи/</i>
қәттал	(а.)	Қанішер	<i>/Бұ көзкiм сендадур, ей, зулфи қәттал/</i>
қәһр	(а.)	ашу, қаһар	<i>/Ғанилик қәһрәманындын көзүңни пәймал әйләр/</i>
қил-у қал	(а.)	сөз-ісінен	<i>/Атаи қил-у қалындын мәдәд һай/</i>
қибләғаһ	(а.-п.)	қыбыла жақ, қыбыла тарапы	<i>/Қаишларың михрабидур әһли нәзәрғә қибләғаһ/</i>
қийамәт	(а.)	Қиямет	<i>/Биһиштекiм, қийамәт мәхшәрiндә парса көзләр/</i>
қумри	(а.)	құмри (кептерден кішілеу құс)	<i>/Чартақ-е сәру үзә қумри қылур гуйәндәлик/</i>
қурб	(а.)	жақындық, көршілік	<i>/«Ли ма'аллаһ» қурбидә хажәт емәс Рух ул-әмин/</i>
қусур	(а.)	сарайлар	<i>/Зәһида, хур-у қусур-у Кәусәр-у Туби сәңә/</i>
қуфл	(а.)	құлып, жабық	<i>/Нубууәт бабының қуфл-у кәлиди/</i>

## Л

лажәрәм	(а.)	еріксіз, ықтиярсыз, амалсыз	<i>/Гәр бәлә келсә башымға, лажәрәм сундум буйун/</i>
лаләзар	(п.)	бақша	<i>/Йаңағың лаләзарының ғамидә баски, болдұм зар/</i>
ләйл	(а.)	түн	<i>/Ул кунки жам'емәс еди, ләйл-у нәһарлар/</i>
лә'л	(а.)	лағыл	<i>/Сәдәфе лә'лидiн гүһәр көринур/</i>
ләб	(п.)	ерін	<i>/Бойұң Тубә, ләбиң Кәусәр ели-дур/</i>
ләнгәр	(п.)	зәкір, қада	<i>/Мәйханәдә ләнгәр салыб олтурды Атаи/</i>
ләтафәт	(а.)	нәзіктік, мейірімділік	<i>/Сен ләтафәт су-е бірлә йузрулубтурсын тәмам/</i>

